

Битама
Мырзамбетұлы



Арман-ай



Битама Мырзамбетұлы

Битама Мырзамбетулы

Арлан-ай
ПОВЕСТЬ

ББК 84 КАЗ 7-5

М 91

М 4702250202

00(05)-02

ISBN 9965-00-302-5

Рысбаева және Ко" баспасы
Тараз қаласы

2002 жыл

Битаманың перзенттік борышы.

*Осы енбегім
әкем Мырзамбеттің
шешем Үміткердің
рухына ескерткіш болсын.*

*Кітаптың баспадан шыгуына ат салысын,
демеушілік көрсеткен Досымхан Әлішұлы
Аралбаев ініме, Дағырақ Қамбарбекқызы
карындасымға ағалық ризашылық алғысымынды
білдіремін.*

*Отбасы, үрім-бутагы бакытты болып,
Алланың қолдауымен, әруактардың желеп-
жебеуімен аңсанған армандарына жеге бергей
демектін.*

Автор.

Битама Мырзамбетулының өлеңдерімен таныс едім. Өзіне жылы пікірімде білдіргендін. Жалпы қазір өлең жазатындар көп. Мұның объективті себептері болуы да мүмкін. Қанша дегенмен казак халқы тарихи сілкіністі бастаң өткөріп, талай ғасырдан соң дербес мемлекеттің қайта қалпына келтірді. Ақынжанды халықтың үл-қызы бұндай кезде колына қалам ұстамай тұра алmas.

Битама да қаламды кешеуілдеп ұстаган екен. Өмір тауқыметі басына ерте түсіп, жасынан жұмысқа араласып кеткен Битама үзак жылдар қаржы-есеп қызметінде істейді. Осы сала бойынша окуды үзіп-созып сырттай бітіреді.

Бірақ оның шығармаларына қарағанда ол әдебиет деген киелі өлемнің есігін ашуға өзін үзак жыл даярлаған. Оқып, ізденіп жүрген. Баспасөзге үсынбаса да бәркім қойын дәптері де құр болмаған.

Мен оның өлеңдерін оқығанда осындай ойға келгенмін. Ал, оның прозасын көргенде шынымды айттайын таңданыс білдірдім. Алғашқы сөйлемін күдікпен оқыдым, Бірақ, жатық сөйлемдер ол күдігінді бірден арылтты.

“Арман-ай” бір деммен оқып тастантын әдемі шығарма. Эссе. Кісінің жүргегіне сағыныш оятады. Нені, не үшін сағынатыныңды бірден түсінбей-ак сағынасын. Содан кейін барып, өзіннің жастық шағынды, әке-шешенді, ескінің көзіндей ауыл карттарын, өулеттік, ауылдық тұрмыс-құрылымның жақсы тәрбиесін сағынасын. Ата-баба дәстүрі, өснегі туралы алқа-котан отырыстардағы әңгімелер есінде қайта көрініс береді.

Колонизаторлар қанша шайқалтса да, кенестің жүйесі қанша қудаласа да, коммунистік идеология қанша өшіргісі келсе де, өз бойындағы ата-баба рухына, казак деген үлтұна, оның мол мұрасы тіліне

деген аңсарынды біржолата тұншықтыра алмағанына мақтанасын. Осының бәрін “Арман-айдан” айқын сезінесін.

“Арман-айда” тағы бір сонылық бар. Кеңестік кезеңде жазылған шығармалардың бәрінде тәркіленген жер аударылған ұлттымыздың байлары, текті адамдары туралы басқа көзben, коммунистердің іс-әрекетін актау тұрғысында баяндалады. Біздің жазушыларымыздың бұл ел тарихындағы, қазак қауымындағы құрделі процесті барикаданың екінші жағынан, зәбір көрген байлардың не олардың үрпактарының көзімен баяндауға мүмкіндігі бола бермеді. Баяндалса да жартыкештеу баяндалды.

Сол мүмкіндік тугалы бері казак әдебиетінде біраз шығармалар жарық көрді. Оралхан Бекей, Смагул Елубаевтар романдар жазды. Алайда такырып итерілді, ол кісілердің толыққанды образдары жасалды, тарихи шындығы әдеби шығармаларда ашылып болды, деп айтуга болмайды, “Арман-ай” сол арманда кеткендердің ішінде елім, жерім деген үлт келешегі үрпак тәрбиесінде, деп түсінген небір текстілер болғанын көрсететін шығарма. Сонысымен де құнды. Осы хикаяттың Битама колонизаторлық-коммунистік күгін-сүргін, қырғынның құрбаны болғандар алдындағы перзенттік борышын етепті. Құрбан үрпактың рухынан айнала отырып, еткен мен болашықтың узіліп кетердей тініне жалғау боларлық шығарма жазылты.

Жас үрпактың жаңына азық, аға үрпактың көніліне медеу боларлық гибратты шығарма. Бас аяғы төрт тараудан тұратын хикаяттың жазылу тәсілі де қызық. Дәстүрлі болмаса да, кездесетін тәсіл. Ол, кейіпкері Ратай Султанбеков өмірінің ең бір үрма тұстарын ғана алған. Сол арқылы қоғамдағы соқталы-соқталы өзгерістерді де көрсеткен. Ал, үшінші тарауы етіп майдангер жазушы Әбу Сәрсенбаевтың естелігін коскан. Әбекен майданда

жүргенде Битаманың болашақ кейіпкерімен кездескен, ол туралы, оның бөлімшесінің үрыстары мен жауынгерлерінің ерліктері жайында жазған екен.

Битама сол күйінде алып косып, меніңше дұрыс істеген.

Елен Әлімжан

Жазушы-драматург, Қазақстан жазушылар одагының мүшесі. 12.05.2002Ж.



Хикаяттын бас кейіпкері, гвардия майоры,
батальон командирі Ратай Сұлтанбеков.
1921-1945

1. Өкеден қалған өсіет.

Маужыраған мақпал түн өлде нeden үріккендей батысқа қарай үдерес серпіліп, бүкіл өлемді түн бойы көз ілмей құзетіп шыққан аспан шырақтарының өңі тая бастапты. Ендігі кезек менікі дегендей бір нұрлы сөуле аспанның қиыр пүшпагынан бой көтеріп айшықтанып келе жатты.

Жайлы төсектен ұшып тұрған жеті жасар ұл бала далаға шыға салып жан-

жагына жіті көз жүгіртіп, селтиіп тұра қалды.

Елең-алаң дейтін, алысты бүркемелеп, қарайғанды зорайтып көрсететін таң мезгіліндегі уақыттың алғашқы сәті, бұл.

Бала шыли ерте тұрганын сезінді. Бірақ, үйге қайта кірмей, өшіп бара жатқан жұлдыздарға зер салып, атып келе жатқан арайлы таңды қарсы алып, ауыл маңында айналышықтап жүріп қалды.

Баланың бөгделердің өсерінсіз өз еркімен ерте тұруы бүгін бірінші рет. Баланы мазалайтындағы оқыс оқиға бола қоймаса да, оны тұртіп оятқан өз сезімі; түннің бір уағына дейінгі үйқы бермеген ой желісін түйіндеген өзінің жүрек қалауы еди.

Арайлы жүзін бірте-бірте айшықтап аша-түскен таң шапағы мына бұлыңғыры дүниеге нұрын шашып, манаураған тіршілікті сылап-сипап оятып жатты. Таң ала кеуімде дала торғайлары қозғалысқа түсіп, қара-қаргалар қаңқылдаپ ұша бастады. Ауыл иттері ғана түнгі мазасыз қарбалас тіршіліктен саябыр тауып, үй іргесіне бүк түсе, тұмсығын бауырына тыға көз шырымын алыпты.

Баланың көзі ат ертеп жатқан жылқышы Нұрсейтке тұсті. Оқшаулау тігілген малшылар ауылына қарай жүгіре

тігілген малшылар ауылына қарай жүгіре жөнелді. Жақындаپ барып ұлкен кісіге сөлем беріп жатыр.

- Ассалаумагалейкум...

Оқыс шыққан дыбыстап жылқышы селт ете қалды.

- Ой, деп жалт қарады Нұрсейт-сенбісің Ратайжан, неғып ерте тұргансың?

- Көке, сауын жылқыға барасыз гой, менің құнанымды қалдырмай айдай келіңізші.

- Мақұл, айналайып кетейін, боз-ала таңнан тұрыпсың, ойыца бірдене келген-ау, шамасы. Нұрсейіт атының шап айылын тартып жатып балаға күле қарады. Бала үндеген жоқ, басын изеп сөл ғана езу тартты дағы, жалт бұрылып аяғын жіті басып, өз үйіне қарай бет алды. Байқап келеді ерте тұрган келін-кепшіктер киіз үйдің тұңғылғын ашуға кірісіпті. Сарыбек көкесі жез құманын қолына алып, шапанын желбегей жамылған күйі тыскә шығыпты. Алқа - қотан тігілген үйлердің ортасындағы ат-шаптырым алаңқайды ара жігін аша жусаған оншакты қора қой жатыр. Өр отардың тұс-тұсында тұнімен күзетте болған малшылар таяғына сүйеніп қаздыйып –қаздыйып тұра қалыпты. Бала

Әлде-қайдан келе жатқан баласын көріп;

- Құлынъым-ау, таң атпай тұратын болғанбысың, бұл қай жүрісің? - деп жатыр.

- Апа-ау, таң атпағаныңыз қалай, ару күн алаулай жанып, көк жиектен күлім-деп шығуға асығып келе жатқан жоқ па?

«Ерте тұрган әйелдің бір ісі артық, ерте тұрган еркектің ырысы артық», демеуші ме еді әкем. Тал түске дейін шаниып жататын кез бе енді!

Ратай анасына көзінің астымен қарап қойды.

- О, еркек болғаныңнан айналдым сенің. Жаным-ау, сенсіз де бұл ауылдың еркек кіндігі жетіп жатыр гой. Солардан артылатын іс бар ма, сен не қыласың басыңды ауыртып? Қатша жақын келген баласын бауырына басып, бетінен сүйіп жатыр.

- Жоқ, апа, менің ұлкендермен шаруа жайында таласым жоқ. Өз тіршіліктерін істей берсін... Әкемнің дүниеден қайтқанына біраз күн болды. Қырқын да өткіздік. Бата қылған елдің аяғы саябырысьды. Айтып кеткен ақыл-кеңестері бар еді; соны еске алып, жүрген жерімен жүріп, отырған орнын сипап, көрсеткен кеңістігіне көз салып, біраз бой сергітіп

қайтпақын. Тұнімен сол жайында ойланып шығып едім, апа.

Баласының зеректігіне, ойының, кемелдігіне Қатшаның іші жылып кетті. Үлкен агаларынан шықпаған сез, олардың ойына келмеген қылыш. Ананың көзі боталап шыға келді.

-Жарығым-ау, жанашырым-ау, тіл аузым тасқа, құдай ісінді онғарып, алдыңдан жарылқасын, - деп көз жасы сорғалаған күйі Ратайын сүйе берді, сүйе берді.

Бала болмашығана қарсылық көрсеткенімен анасының ақ махаббаты, адал мейірімі тұла бойына шымырлай еніп, балбыраған бала жүрегі таза бір сүйіспеншілікке болініп кетті. Пай-пой, шіркін-ай, мына жарық дүниеде ана көкірегіндегі мейірімді, ана құшағындағаялыш, ана пейіліндегі адал не бар екен, сірө. Ратай ана құшағынан тендессіз бір жылылық тауып, бір сәтке бар дүниені ұмытып, ана шалагатына шомылып тұрып қалды.

Әкесі дүниеден қайталы бергі анасының бауырында бұрынғы бұла еркелігін қайталап, өзінің кенжетай екенін сезініп тұрганы бүгінғана. Жасы жиырманың үстіндегі жас ана жесір атанып қара жамылған қырық құннің ішінде, ана

назарынан тыс қалған бала өз қиял жүгін арқалап, өке өліміне өзінше қайғырып журіп жатқан болатын. Осынау өткен қырық күн, аза тұтқан ауылдың қам - қарекеті, қүңіл айта-келген альс жақынның жаныашыр тілектері Ратайды есейтіп кеткендей ме, қалай?

Бала енді сол көңіл-күйін қайта тапты.

- Кой апа, осынша езілгеніңіз қалай? Мені бір сәби-бала көріп тұrsыз ба? Кез жасыңызды тыныңыз. Жылауыныз жетті. Енді, бір ауық желшініп, тіршілікке арасыңыз. Мына жан-жагымыздағы елге бекемдік көрсетінің - деп анасының арқасынан қағып жатыр.

- Өрине, жарығым, сөйтүіміз керек. Өлгенің артынан өлмек жок, тірі адам тіршілігін етуі тиіс. Ендігі менің арқа сүйерім өздеріңсің, жарықтарым. Алдыңда үш ағаң бар, ағайын-туыстарың бар, панасыз жетім-жесір емеспіз гой. Алланың басқа салғанын көрерміз. Кез алдыңда өздерің ойнап-куліп жүрсендер мен бақытты анатын, айналып кетейін жарықтарым менің. Қатша бойын жазып, үйдің түңілігін ашуға бетtedі.

Жер бетін алтын арайға бөлеп, шапағатты күн үясынан күле шығыпты. Тұнімен тіршілікті салқын дәмімен үрлеп,

сайран салған қараңғылық соңына мәм-мәлдір көз жасын төгіп кеткен сыңайлы, Қалың ажырықтың қалтарысына пана-лаған шық тамшылары күн нұрына шағылысып, күмістей жылтылдайды. Ба-ла ұстап көрмекші болып нәзік сау-сақтарын жақындағаны сол – ақ еді, жан біткендегі сузып барып қара жерге тамып – тамып кетті. Ратай енді байқады. Өзінің де шалбарының балағы тізесіне дейін малмандай су болты.

Ауыл сыртынан оқыранған, кісініген жылқы дыбысы естілді. Ратай енді сол бағытқа көз салды.

Мына түстіктен терістікке көлбей жатқан төбені ел «Бөлек қызыл» дейді. Елібай жотасы мен «бөлек қызылдың» арасындағы алқап «Жыңғылды ой». Екі қырдың арасымен «Өзек» деп аталатын өзен осы жыңғылды ойды баса сонау «Тектүрмасқа» қарай иіле тартады. Негізгі жотадан бөлініп, оқшау қалған қырды атамзаманнан «Бөлек қызыл» деп кеткен.

Құданың құдіреті, сол бөлек жатқан төбенің топырағы да ерекше. Шығыстан батысқа қарай 30 шақырым жерге созы-лып жатқан Елібай жотасының топырағы бозаңдау құмшөйтті болса, бөлек қызыл атына сай қызыл жосалы күлгін түсті то-

пырақпен көмкеріліп, төрт – бес шақырым аумақты місе тұтыпты...

Нұрсейт үш үйір сауын жылқысын сол жотаның «жыңғылды ой» жақтағы етегінен айдал келеді екен.

Ратай жүгенін алып өзен жағасындағы желі басына қарай беттеді. Желі басында Бекбай, Үсіп, Қаражігіт, Ыса, Қыйсықбас, Көпберген, Құлдыбай, Қожатай, Несіпбай, Омарбек сияқты ауыл жігіттері, өзінің агалары Аскарбек, Әкпербек, Қамбарбектер топталып тұр. Бұлар, алпыс шақты биенің құлышын ұстап, желіге байлауға ғана келгендер. Осы сауын биелерін төрт – бес сауып тұс қайта ағытып жібереді. Соның өзінде құніғе оншакты саба қымыз дайындалады. Ары-бері жүрген жолаушы, ауыл-аймақ, ат түйяғы жетер жердегі дәметкен ел- жүрт күні бойы бабымен ашыған сары қымызды акы-пұлсыз ішіп жатады. Осыншама мол қымыз ертенге қалып көрген емес.

«Қымызды кім ішпейді, қызды кім айттырмайды» - деп кеткен қазақ бай ауылдан қымыз ішіп, қызара бертіп шығуды өздерінің бір міндетті санайды. Сол үшінде қыруар жылқы байланып қыындығы мол қымыз дайындалып жатады. Бай ауылдың дастарханы үнемі

Сол үшінде қыруар жылқы байланып қыныңдығы мол қымыз дайындалып жатады. Бай ауылдың дастарханы үнемі жаюлы. Біреу кіріп, біреу шығып жатқан меймангершіліктен бұл ауыл еш уақытта саябырысған емес...

Ратай өзенге құлаған жылқының алдыңғы легіне қарай тіке тартты.

Шалбас қүрең құнан оқшаулау, тұнықтан су ішіп, аузын шайып тастан тұр екен. «Moh – мон» деген иесінің даусын естіп, қос құлағын тіктең, тұмсығын сөл көтере түсіп, өзеннен өте берді. Бұл, барып мойнынан құшақта, басы көзін сипалап, жан қалтасындағы бір түйір көк қантты құнанының жыбырлап тұрган ерніне жақындатты. Иесінің қолындағы қантты соншалық ептелікпен сұрып алған қүрең құнан тәттіні күтірлете шайнап, сұын құмарлана жұтып тұр. Алқымын сипалаған нәзік қолдың табына елітігендей мойнын соза тұмсығын жоғарырақ көтеріп алыпты.

«Сен қайда жүрсін», дейтіндей иесінің иығына мойнын асып-асып қояды. Көптен көрмей сағынып қалған-ау, шамасы. Сонау, Қаратудың жайлауынан осы өңірге түскелі бергі екеуінің жүздесіп тұрганы осы. Мал шіркін білеме екен, мына Ратайдың басына түскен

ауыртпашилықты сезді ме екен бұл. Мүмкін сезгенде шығар. Емірене сүйкеніп тұрғой. Тілсіз жануардың көңіл айтқан түрі осы болғаны да.

- Солай, күреңім, біз әкемізден айрылып қалдық, деді Ратай. Құнанының көзін сипап тұрып. - Енді екеуміз сонау Елібайдың қырына шығып қайтамыз. Сен біліп тұрсыңғой, соңғы рет Қаратай жайлауынан бері қайтқанда әкем мені сол тәбеге оңашалап ертіп апарып, киелі төбешіктің басына шықтығой! Ол төбешіктің аты «Ногай тәбе»,

- Би атамыздың атымен аталатын шоқы. Сондағы айтылған әке өсietіne сен де күесің. Әкемнің қаракерімен сен екеуіндегі қалмақы тәсілмен байлад қойып, төбешіктің басына мені қатар отырғызып айтқан өңгімесін ұмытқан жок шығарсың? Ал мен оны өмір бойы ұмытпаймын!

Қаракер ат қүйрық-жалы күзеліп, әкеміздің асына дейін бос жіберілді. Енді сол тәбеге қарай екеумізғана сапар шегеміз. Иесінің көтере берген жугеніне қүрең құнан басын ұмысина берді.

Ат жетелеген бала үйге қарай бет алды. Тұнық суды сыздықтата аса бір талғампаздықпен сіміре жұтып тұрган жылқылар өзеннен өте қоймаған. Қөзір-

ақ желіге байланатынын сезінген құлыштар енесінің желініне жабыса түсіпті.

Желі басында тұрған бір топ жігіт-желеңдер өр нәрсені әңгіме етіп, бірін-бірі әжуәлайды, тұрткілеседі. «Бұралқы сөз күлмекке жақсы» дегендей, қайдағыны қозғап, дуылдаса күліп, мәре-сәре пейіл танытқандай.

Ратай келген ізімен, гу-гу әңгімеге араласпай байсалды қалып таныта, жандарынан өте берді.

Осы елге күйеу саналатын Бекбай қасындағылардың назарын аудара, әңгіме төркінін балаға қарай бүрдү .

-Опырмай, мына Ратайды қарандар. Қылышының бәрі Сұлтанбек. Шірене басып шілтиген түрін-ай, салмағынан жер қайысып, табанында көк майысып жатқанын көрдіңдер ме ей, ананың. Өңкей шірік, мені айнала итше талап дуылдағандарыңмен сендер өупілдеген күйде қаласындар. Адам болатын бала өне сол, егер мен кісі танитын болсам. Ал, сендер, соның қолына су құюға жарап маекенсіндер, - деп жан-жағындағыларды әжуәләй түйреп өтті.

- Әй, Бекбай, жағыңда жылан жұмыртқалатайын ба! Қаршадай балаға неге сұқтанасың! Болса несі бар. Аталары

би де, бай да, батыр да болған. Адам да, жылқы да жеті тегіне тартады деген. Сенің де адам болып, қауқып жүргенің сол жақсылардың сөуесі. Осы елдің жазығы өніп-әссін деп саған қызы бергені ме, осыншама жүртты итке тенектін сен кім едің. Қалжыңың мынау болса, шының қайсы сенің. Қалжыңың көкесін көрсетіп, аяқ-қолыңды матап суға батырып жіберейін бе, осы. Шиқаны бар тілінді бақа-шаян жем қылсын, - деп Қөпберген палуан Бекбайға қарай жақындаі түсті.

- Ойбай Үсіп-ау, мына аждахадан құтқара көр, сыбаға қымызымды бүгін ішпей-ақ қояйын, сенің араныңа құяйын, деп Бекбай еңгезердей жігіттің артына қарай тасаланды. Кеңк-кеңк күлген Үсіп екі қолын жайып жіберіп Қөпбергенге тосқауыл жасағансып, - құрдас, қояқ-қой енді, күйеу шіркін қайындарына еркелейді дағы. Бізге бірдеңе демесе мұның іші жарылып кетеді ғой, деп жатыр.

- Макұл, қойсам - қояйын, бірак, сыбағасын екеуміз бөліп ішеміз. Қөпберген түсін сұытқансып, тұксуіп тұр. Ратай ағаларының қара дұрсін, қағытпа әңгімелеріне құлақ түре, ауылға қарай ұзай берді...

Атын ерттеп, күзгі салқынға лайықты ықшам киімдерін кінуге үйге кірген Ратайды жасаулы дастарханмен анасы күтіп отыр екен. Агалары Сауқымбек пен Пөрінбек үйқыдан оянбапты.

- Ратайжан, тамақтанып ал, - деді Қатша.

- Асқа тәбетім жоқ, апа, аздап қатықтан ауыз тиейін.

Анасы ою-өрнегі кез тартатын шағын ғана сырлы тоостағанмен бабымен үйыған қойдың қатығын қолына ұстата берді.

Тәтті айранды сыйзықтата жұтқан бала, аузын сұртініп анына рахметін айтып, тездеп киінді дағы тысқа шықты.

Кек жиектен көтеріліп, оттай лаулаған күн есіктен аттап шыққан баланы жайдары жүзін аша, аса бір мейрімділікпен қарсы алды. Тұп-тұнық көк аспан бұлт пен бұлынғырлықтан ада, шайдай ашық екен. Тықыршып тұрган құнанына мініп, ат басын Елібай жотасына тұра салған бала, «Ногай төбені» бетке алып сүйт жүріп кетті.

Алдыңғы екі аяғы желіп, артқы екі аяғымен алшандай басқан құнанның аяны қазірдің өзінде аттың саржелісіне бар-бар; Ашыла түсе аяны ат шаптыратын дегеніннің өзі. «Жылқы жеті тегіне

тартағы», деген рас-ау. Қырықбай атасының шүбар аты текіректей, ентелей басып отырғанда басқа аттар шоқыта шабады екен.

Жалпы осы ауылдың жылқыларының бәрі текті, өсімтал жануарлар. Соңдықтан да болар сыртқы сұғанақ көздердің қызығуы ерекше, бұл ауылдың малына.

Мықты күзеттегі білегіне қаруы сай жігіттердің ересен ерлігі болмаса, мына қыруар мал айдаганының алдында, тістегеннің аузында кетері анық. «Жылқыны тұяғынан да қатты адам бағады» деген рас-ау; тегінде, ұзын аяқты малға ерік-жігері мығым, төзімі туракты иенің қажет екені рас...

Күрец құнан ентелей басып екі құлағын қайшылап, қос тізгіннің ырқынан шықпай қырға қарай бір сыйдырғы ерлей берді.

Сүт пісірім уақытта Ратай жотаның басына шықты.

Алдында өзіне таныс «Ногай тебе» жатыр - тәңкөрілген қазан текстес.

Он екі қанат үй орнында жер қомақтала үйіліп барып, жиырма шақты адам еркін отыратындағы етіліп төбесі тегістеліпті.

Елібай жотасының үстіндегі бұрынғы ата-бабаларының қолмен үйіп жасаған киелі тәбесі осы. Төбенің тарихы Ноғай бимен байланысты өрбиді. Сол ұлы атасының атын жоғалтпай, откен замандардың көзіндей, жақсы адамдардың өзіндей сыпа ғана, салмақты пішінін сақтап жатқан белгі бұл. Жайлап аттан түсті. Құнанының сауырынан майда ғана сипап өтті. Тартпасын босатып тізгінін қаңтарды дағы мінер жақтағы үзенгісін қайырып ердің басына кигізіп қойды. Шылбырын бір түп қара жусанның түбіртегіне орай тастады дағы жайлап төбенің басына шықты. Алаңқайдың ортасына тұра қалып, өлде нені іздегендей жан жағына қарады. Содан соң терістік жағын бағдарлап алғып, қолындағы қамшысының сабымен дәңгелектеп белгі сыза бастады. Жон арқасын тұра теріскейге бере күнгейге қарап отырды. Алыс-алыс көк жиекке көз салып, жан жағын бағдарлады. Бұл Ноғай бидің орны. Дүниеге Ноғай атасының көзімен қарап отыр, бала. Сұлтанбектің айтқан өңгімесі санасын тұртіп, есіне орала берді. Мына, қарсы алдындағы көз үшінда мен мұндалап тұрган алғашқы қазақ хандығының орнығына ат салысқан Қарасай батырдың шөбересі Көшек

батырдың шоқысы. Бұл алқап атам заманнан бері Қызылғұрт руының Есей аталатын атасының қонысы. Ру басы Есейде мына жатқан Көшек те батыр болған деседі. Одан әрі қарауытқан, сонау шығыска қарай созылып жатқан Елеместің жотасы. Оның бергі бауырын, – Таластың аргы бетін Шоғайдарлар мекендейді. Ал одан түстікке қарай Бозғақ, Қызылқақ деген шоқыларға ұласады, дейтін әкесі. Мына шығыс Қапталдағы Талас өзенінің бойына салынған «Жаңақорған» бекінісі. Көзір тозығы жетіп жермен жексөн болған. Енді бала батыс көк жиекке көз салды. Сонау, Есей қонысынан әрі қарай қарауытып жатқан төбені Кемпір дейді екен. Ерте-ерте заманда бір кемпір Талас бойында бір топ лақ багып жүреді. Ойнамаса іші пысатын жас төл кемпірге қайыру бермей төмен қарай ойнақтап ала жөнеліпті. Кемпір де өні жетем – міні жетеммен бір топ лақтың сонынан жүгіре береді. Сілесі қатқан кемпір сонау қырдың басында мәңгілік көз жұмса керек. Ал, лақ біткен ойнақтаған күйі одан ары, батыс жақтағы көз үшінда бұлдынғырланған тәбеге жетіпті. Сол екі арада қалың нөсер жауын жауып, бәрі боранга үшып опат болыпты.

Содан бері егіз жота бірі Кемпір, екіншісі Лақ деген атпен ел есінде қалған...

Міне, жан-жағының бәрі дәл алақандагыдай көрінетін осы бір құрметті орында би атасы отырып келелі кеңес құрады екен. Ауылдан аулак оңаша тәбеле жөнде болған. Бұл орында 70 жыл билік құрған Ногайдан кейін, жиырма жыл би болған баласы Байқожа отырған. Одан кейінгі би Сырлыбайдан шыққан Тілеубай болып, билік орны да аусса керек. Тілеубай 17 жыл билік жүргізіп, тәңкерістің әсерімен гана орнынан түсті. Ратай бидің он жағындағы екінші сызыққа келіп отырды. Бұл Байназар атасының орны. Шомбал, екі иғына төрт кісі емін-еркін мінсе шыбын құрлы көрмейтін нән кісі болса керек. Қысы – жазы бөрік киіп жүреді екен. Қақаған сұық, қарлы – боранда жүзін көлегейлеп көрмеген кісі болыпты. Құлағына, сақал мұртына қатқан мұзды ауық-ауық қамшының сабымен қағып тастап жүре береді екен. Сойыл-шоқпар тигенде қыңқ деп дыбыс шығармай, қайта шоқпар тасқа тигендей серпіліп барып сілтеушінің өзін соғатын деседі. Етінен ет кесіп алса мыңқ етпейтін сабаз бір жекпе

– жекте жауын мерт етіп, сол жолы өзі де жараланыпты. Найзаның үшін тіліп шеткен қарынан шұбатылып іш майы салырай шығып тұрыпты, дейді. Өз ғимайын кесіп алып, жараланған жерін шығырдың тарамысымен тігіп, іш майын шылжырып жарасына жағып жіберіп, шалесі жорыққа аттанып кетсе керек. Осындай сұсты батырдан қанша бір жүрек жүткен болса да .уағында қаймықпаған шешде болмапты.

Атасының орнына отырған бала шашдау иырын қомдап-қомдап қойды. Би де, батыр да болғысы бар. Несі бар, тау баласы тауға қарап өспей ме! Қыран баласы үядан үшқанда еркін қалықтап шашней ме! Мүмкін бұл да ұлы аруақтар шалеп – жебеп жіберсе мақсатына шаштер!...

• Бұл орынға Байназар батырдың бел баласы Сыргабай да отырған. Тумысынан шашуаны кәсіп еткен бай сөзден гөрі істің шашы еди. Жиырма мың қой, бес мыңға дейін жылқы, келелі түйе біткен байдың шаштысының көбі мал түгендеумен, шаштке қарсы малдарын емдеумен кетеді шаш. Оның үстіне ұры-қары, барымташы, шаш-күс үнемі жинақылықты қажет ететін балса керек. Қаптаған қалың майды шаң шаштырмай он-он бес күн сайын

жайылым ауыстырып отыру тағы бар. Бай тумысынан өзгеге көп сенбекен адам. Біздер өзімен тетелес өстік, (інісі Қырықбай екеуімізді айтамын) бірақ бізге шаруаның тізгінін ұстатып көрген емес. Өзі өле-өлгенше осы қасиеттен бір танбады-ау, жарықтық. Сондықтан би кеңесіне, ел арасындағы дау-дамайға жастаймыздан бізді араластырды.

Тумысынан сөзге жоқ, атан түйені алып ұрарлық қаруы бар Қырықбай дау-жанжалды күш қолдана басуды тәуір көруші еді. Сәл ежіктесіп, дауыс көтерілген жер болса, Қырықбай араласа кетіп екі жағын да айызы қанағанша сабап, құмардан шығатын. Жалмауызға да жан керек, Қырықбай жүрген жерде дауыс көтеріп, абланқы сейлейтіндер сап тылатын. Ой, аруақты еді – ау, Қырықбай. Сайыс, кекпар дегенде жанып шығушы еді, жарықтық. Лак, серке дегенің Қырықбайдың тақымға бір басқанынан қалмайтын. Сондықтан көбіне тайынша кекпар тартуши еді. Ауыл намысы, Ру намысы, Ел намысы Қырықбайдың қанын тасытатын. Кеңес өкіметі орнап, жер-жерді орыс баса бастағанда соларға қарсы қайрат, көрсетпекші болды. Созақ көтерілісін естісімен алпыстан асқан Қырықбай көрі

Шұбарына қайта мінді. “Кеңес өкіметін құып шығамын, аудан орталығын басып аламын”, деп елге ұран таstadtы. Атының шылауына оралып жүріп, жалынып-жалпайып Нұралы кекен Райынан зорға қайтарды – ау. Ағасының сабасына түскен мезетінде көзі ашық Нұралы кеңес өкіметінің ағасы ойлагандай осал еместігін, зенбірек, винтовкамен қаруланған өскері барын, олармен шекісудің пайдасынан зянының көп саңғын айтып, түсіндіріп бақты. Қап-қара бол түнеріп алған Қырықбай ләм –мүйім жақ ашпады. Құсалық па кім білсін, сол жылы күзге қарай ауырмай- сыйзамай жеткен қайтыс болды...

Балам, деген әкесі, жаңа айттым гой, менің өмірім жынын-той, би кеңесі мен озадың шыршынай сыязы, сайлау мен ел арасындағы дау даумайды шешуге жетынасумен өтіп жатты. Әкеміз жынырмага тарта барымташы жігіттер ұстаган. Олардың жүрмейтін жері, бармайтын елі жоқ. Жоғалған жылқының ісін кесіп, індегенін түяққа-түяқ өндіріп, тапқызбай кеткенін сол елдің малын барымталаумен толтырып жатты. Барымтанаң аяғы екі елдің арасындағы дауға ұласады. Ол дауға қатысатын жоқтаушы тиянақты, сөзі өтімді адам

булуды керек. Ол адамның өз ортаңдан шыққаны абзал. Өзің жоқтамасаң, бөтен кісі жоғынды түгендеп бермейді. Міне, осы жұмысқа өкеміз ат жалын тартып мінгеннен Мырзамбет екеумізді қости.

Барымташымыз Көбей, Бөлдеш, Әлтей, Нұрахан, Дүйсенбі, Иманәлі секілді ақылы да, құлығы да, батылдығы да, бас бұзарлығы да бар пысық жігіттер. Міне, солар қолға түсіп қалған жағдайда жорын жоқтап, сезін сейлеп, бұлтартпас дәлелді алға тартып, малымызды да, жанымызды да құтқару біздің жұмысымыз.

Ал, қазақ арасында осындай даудамайлар өмірі тылылып көрген емес. Сондықтан көп күніміз жолда өтетін. Он күн үйде отыз күн сыртта дегендей күн кештік. Откен өміріміздегі көрген қындығымыздың бір сәтін гана айтып берейін. Мына мол дәүлеттің бағасын бәлкім түсініп өсерсін, шырығым. Ол кезде өзің билетін Мырзамбет атаңың отыздағы, ал менің жиырманың үстіндегі орда бұзар шағымыз. От басының күйкі тіршілігінен гөрі, қызық-дұманға, тартыс-таласқа аңсарымыздың көбірек ауып тұратын кезі.

Сыргабай атаң бес жүзге тарта құнан-дөнендерді саяқтап осы Елібай

өнірінде қалдырды дағы, қаптаған қалың малын айдатып, Қаратаудың жайлауына ауыл-аймағымен көшіп кетті.

Біз алты жігіт, екі жылқышы салт бас - сабау қамшы дегендей, жеңіл қоспен Талас өнірінде қалдық. Құнгейіміз Қызылғұрт ауылдары, шығыс жағымызда Сырманай ағайының үрпақтары, батысымызда Шапырашты, Ошақты тайпалары.

Ел іші жиын-тойға кенде болмаған ғой, қызық қуып, қызойнақ аңдып, ақақаулаған думанмен күндеріміз өтіп жатты.

Күндердің күнінде артта қалған жылқымыз еске түсіп алты жігіт ат басын елге бүрдік. Көріп келеміз, қаптай жайылатын қалың жылқы көзге шалынбайды. Косқа келсек басы жарылып, аяқ - қолдары күп болып ісіп кеткен екі жылқышы жатыр.

Бірінші міндетіміз соққыға жығылған кісілерге жағдай жасау болды. Ат шаптырып, оташы алдырдық. Сынығы салынып, малышлар сөзге келді. Осыдан үш-төрт күн бұрын намаздыгер-намазшаның аралығында жиырма шакты қарулы жігіттер тап болып, екі малышыны сойылға жығып, бар жылқыны тігерге -

түяқ қалдырмай айдаң кеткен. Беталысы – Мойынқұм.

Бұлардың байқағаны шапқыншылар жарау ат мінген бейтаныс жандар. Киімдері бұл елдің үлгісіне ұқсамайды. Арқа қазақтары тәрізді. Келесі күні кінөлі алты жігіт атқа қондық. Жол басымыз Бөлдеш. Қалың құмды қақ жарып, қуа айдаған жылқының ізіне түстік.

Бөлдеш қалың құмның қатпар – қатпарын жете білетін, Шу өзенінің ну қамысынан жолбарыстай жымын білдірмей өтетін епті еді. Бетпақтың бедірейген даласынан жүрер жолын адаспай табатын қасиеті бар Бөлдешке күнің де, түнінде бір болатын.

Оз еліміздің малын ізіне қарап та ажырата білдетін білгілігі тағы бар. Шу өзеніне жеткенше ізден ажырағанымыз жоқ. Өзеннен өтетін өткелдерді аралап жүріп, Бөлдеш жылқының өткен жерін де анықтап берді.

Бетпаққа кіре жылқы ізінен адастық.

Ендігі жерде көп жылқының түскен тезегінен ғана кеткен бағытын бағдарлап отырдық. Айдаушылар қанша бұрыс болғанымен екі-үш күнде жететін суаттарды жақсы білген сыйайлы. Сөйті – сөйті арқаның Мұңлы-Құлы деген тауына да жеттік! Бір бұлақтың бойына екі күн

тынығып, ат шалдырып тағы да жолға шықтық. Бірақ, Бетпаққа қараганда тіршілік белгілері болғандықтан енді бағытты қына қарап ажырату қынданап кетті. Енді Бөлдеш Шалқар даладан ат түяғының ізін кесті. Осылайша да бағдарымызды анықтап алға жылжи бердік.

Елібай жотасындағы еңселең болмағанымен арқада аласа ғана қыраттар кең даладан көрініс беріп отырады. Бөріміз де төмен қарап із кесіп, жайбарақат қана келе жатқанымызда бір қыраттың астынан шыға келген жиырмашақты қарулы салт аттылар тұтқылдан қиқулап шабуыл жасады.

Біз де шоқпарымызды ыңғайлап тұра ұмытылдық. Жаудан беті қайтпаған алты жігіт кездейсоқ кездескен жиырмашақты кісімен айқасқа түстік те кеттік.

- Қапы қалмандар, мыналар атты біздің жылқымыздан мініпті, қаша ұрыс саламыз, деді Бөлдеш «Жауатарлап» жауга қарсы шауып бара жатып. Бөлдеш сұрырылып алға озды да, қалған бесеуіміз бір – бірімізді қоргай ұрысқа топтана кірдік.

Бір қарасам Бөлдеш жоқ, Аты жаудың ортасын қақ жара жуу шауып барады. Қарсы жілін

сілтеген сойылы ердің қасына сарт–сұрт тиіуде.

Біздер шоқпар – сойылымызды ерсілі – қарсылы сілтеп жүрміз. Екі кезім Бөлдеш жақта. Сейтсем Бөлдеш жау сойыл сілтеген кезде, аттың бауырына түсіп кетеді екен де, екінші жағынан шыға салып, қапы соққан жауды мәзетте қағып түсіреді екен. Қарсы жақтың үштөрт аты ойнап шыға келді. Мұны сезген қарсыластар енді Бөлдештің екі жағынан бірдей шабуыл жасай бастады.

Бізден бірінші болып Нұрахан аттан ұшты. Бұл кезде ымырт жабылып бара жатыр еді. Бір арпалыста мен құладым. Не керек төртеумізді аттан түсірген қарулы топ Бөлдешті қаумалап жүріп ұстап алыпты. Аты болдырган батыр, бойына жаудың сойылын дарытпай, төрт мүшесі сау күйінде қолға түсті. Мұны біз кейін білдік.

Тек, Мырзамбет ғана ізім-ғайым жоқ болды. Қараңғылықты пайдаланып құтылып кетіпті.

Біз сол қолға түскен күйімізде жат елде қала бердік. Аяқта кісен, басымыз қосылмайды. Бірі-бірімізді дүзге шыққанда сыртынан ғана көреміз...

Енді Мырзамбеттің басынан кешкен оқигаларын айтайын. Түн қараңғылығын

жамылып, жаудан сыйтылып шығып, елге тездеп хабар жеткізуге асығады. Арқаға келген бағыты кезір беймагұлым. Өйткені оқыс кездескен жаумен қақтығыста жүргенде бағдардан ажырап қалған. Оның үстіне аспан бұлтты. Оны қайда, солы қайда өзір біліп келе жатқан жоқ. Бет алған жағына қарай жүре береді. Бірак, жүрісі өнер емес. Болдырган атты тынықтыру да керек сияқты.

Анда – санда тоқтап тың-тыңдаң қояды. Бір кезде оң қапталынан үрген иттің болмашы даусы құлағына шалынды. Ат басын сол бағытқа қарай бұрып, біраз жүргеннен кейін төрт-бес үйлі ауылға жақындағанын байқады. Түн ішінде ауылға жетіп баруға болмайды. Танымайтын ел бейтаныс жанинан құдік алуы мүмкін. Енді ауылды сырттай торуылдаپ, бір айналып шығу дұрыс сияқты көрінеді. Алыстан орағытып ауыл маңын бағдарлап келеді. Ойы қалайда бір жарамды қосалқы ат тауып мінү.

Аяңдап келе жатқан ат тұяғы жұмсақ, дымқыл жерге тигендей болды. Жалма-жан аттан түсіп, су көзінің жайылып кеткен жылғасы екенін шамалады. Бұдан әрі атпен жүруге болмайды. Көзге түсіп қалуы мүмкін. Атын осы шымдауыт алаңға тұсай салып,

өзі жылғаны бойлап жаяу келеді. Жылға бара-бара шалшықты суга айналып, бір бұлақтың арнасы анықтала бастады. Байқайды, ауыл да жақын қалған сияқты. Демек, бұлақ бойынан ауылдың мініс аттары кездесіп қалуы мүмкін. Тұра қалып тың-тыңдайды. Құлагына оты қалың жерде құныға жайылған жылқының пысқарған дыбысы анық естіліп тұрады. Жақындай келе оншақты саяқтың жайылып жүргенін көрді. Арасында ауыздығы салынбаған ерттеулі ат жүр. Дізгіні үзенгісі арқылы тұзақталып шылбырын шұбырта салыпты. Бұл, күзетшінің барлығын, бірақ, көзір оның бір жерде қаперсіз үйіктап жатқанын сездіргендей. Тұсаулы аттардың арасымен мысықша басып, ат дорбасын алдына соза ұстал әр жылқының тұлғасына жіті көз салып келеді. Кенет аяғы бос, сұліктей қара ат алдын кес-кестей берді. Жем жеп үйренген жануар атдорбадан ұзап кете алмай жүр. Бұл сыйырлап гана дыбыс шығарып мөһ-мөһлан, атдорбадағы азғана дөнге қозғалыс енгізді. Сақтықпен имене жақындаған ат аузы ашық дорбага құмарта бас қойды. Аттың тісіне жаншылып күтірлеген дәннің болмашы дыбысы сезіліп тұрды.

Жалма-жән қолындағы шылбырды мойнына тастап жіберіп әп сөтте байлап алды. Ат енді өз ырқында. Бөгеліп түрмастан ерттеулі жүрген аттың жүгегі мен ертоқымын сыптырып алғып аттың үстіне сала салды дағы биік қара атты тасалаған күйі өз атына қарай жылыса берді. Бұлақ тау жақтан бастау алады. Демек, бұлақтың бағытын бағдар жасаса, тауға жетері кәдік. Ол таудың кешегі өздері қонған не Мұңды-не Құлы болуы мүмкін рой. Жол білмейтін, бұл атырапта тұмысында болып көрмеген жолаушы осы байламға тоқтады. Бұлақтың бағытына бетін туралап алғып, өз атын жетектеген Мырзамбет желе шоқыта бейтанса ауылдан ұзай берді. Таң қылаң бере таудың аласырып барып аяқталар тұсынан шықты. Жетектегі аттың бір қалтарыска тұсады дағы өзі су көзін іздел, тау сағалап жүріп кетті. Сүт пісірім мезетте қой қорасына бара-бар алды түйік шалшықты суга кездесті. Бұл сұы мардымсыздау тұма болып шықты. Бұғанда керегі осы еді. Мұндай сұы аз жерге елдің қоныстануы мүмкін емес. Осы арага тынығып жан шақыруды жән көрді. Ет пісірім уақыт дем алғып, торсығын суга толтырып таудың бір ыңғайлы жерінен түстікке қарай асып түсті. Аспан

алабұлттанып, сәскеге таяңған күнді көргенде қуаныштан көзі күлімдеп шыға келді. Тез арада бағытын туралап қыбылаға оң иырын бере суыт жүріп кетті.

Алды құрдым, құс қанаты талатын Бетбактың ұшы-қиырсыз даласы. Қөнілге құдік ұялағанымен намыс дейтін асау күш алға қарай итермелеп келеді.

Сондада болса өзінен ғері аттардың жағдайын көбірек ойлайды. Өзі торсықтағы суды сіміріп ішпеседағы ауыз шайып, қаталаған ағзасын жібітуге өрекет жасар-ақ. Ал, екі-үш күннен артыққа ат шыдар ма? Мұндайда бұрынғы аталарынан қалған ескі әдісті қолдануы керек. Ол үшін қалайда қойдың қүйрық майын қолға түсіру қажет. Олай болса жақын мандағы қойшылардың өрісін іздегені дұрыс. Осы шешімге тоқтаған Мырзамбет бағытын өзгертіп, таудың күнгей жағын бектерлей шығысқа қарай бет түзеді. Біргауым уақыт бұрыстау жүріп барып, бытырай жайылып келе жатқан бір қора қойды көрді.

Қос атты бір қойнауға айқастыра байлап, өзі жан ұшыра қапталдаса алдын орағыта сай қуалап жүгіре жөнелді. Шаршаганын да, қындықтарды да мүлдем ұмытты.

Қос өкпесін қолына ала қарағанды бір қойнауға жетті. Қойлар да осы тұсқа созыла шашырай бағыт алып келеді еken. Қолына қадалған қарағанның бұталарына шазар аудармай, бұталай сындырып өзін тасалап жаба бастады. Қойдың алдыңғы жегі жақындарап-ақ қалыпты. Мүйізі қарагайдай жасамыс серкелер бастаған қойдың алды үстінен өте берді. Енді бір сөтте маң-маң басқан бір нән қошқар манғыз қозгалып бір адым жерден жақындаій берді. Неде болса тәуекелге бел байлаған жігіт жолбарысша атылып барып қошқардың мойнын құшақтай, үстіне қона түсті. Атырыла қашқан қошқар аяқ астындағы жыраға үстіндегі кісімен қоса омақаса құлады.

Мырзамбет қолындағы шылбырды қошқардың мойнына орай салып буындыра бастады.

Шалқалай құлаган қошқар, тұруға өрекет жасап жан ұшыра тулас жатыр. Бұл болса бар қайратын салып семіз қошқарды буындырып бағуда. Қойдың алды бұлардың арпалсынан серпіле үркіп арагарақ ойысып кетті.

Сүт пісірім уақытта қошқардың жаны тынды. Сіресіп қатып қалған қос жұдырығының саусақтарын шылбырдан өрең босатып алған Мырзамбет орнынан

төлтіректей тұрып көлігіне қарай өңмендей жөнелді.

Тасадагы атына міне салып қойшыға қарай тұра салды. Ойында қойдың бағыты тағы да кері қайта ма, деген қауыл.

Қойшы аңқылдаған бір ақкөңіл қария болып шыгады. Жөн сұрасқанда бұл, кекпардан жолдасының мертігіп жатқанын, енді оташы іздең шыққанын, соған қарияның көмектесуін сұрайды.

Қария ондай оташыны білетінін, ол ауылға баратын жолға салып жіберуге келіседі.

Не керек, екеуі қойды екі жағынан қаумалай айдалап, қошқар қалған жерден тай шаптырым жерге үзап кетеді.

Жол көрсеткен қойшыға рақметін айтып, бір қойнауды тасалап қошқар қалған жерге қайтып оралады. Қошқардың тәнкіген құйрығын айналдыра ойып қоржынына салып алыш, шұу деп елге қарай тартып кетеді.

Бетбақтың дәстүрінде ешкімге есіркеушілік, аяныш сезімдері оянып көрген емес. Бедірейіп, безерген қалпын сақтап, қансыз-сөлсіз беті міз бақпай, өмірі тынып көрмеген сары желге сүйкімсіз жүзін тосып, созылып жата береді. Көзір Мырзамбет өздері жүріп

еткен бағытынан адасқан. Өмірінде Бетбақты бірақ көрген адамға маң даланы түстеп отыру мүмкін емес. Бедірейген даланың рені де, түсі де бір текстес сияқты.

Осы суренсіз жапан далада ат жетелеген, арып-ашқан жалғыз жолаушы келеді. Қүйі кеткен қос ат арса-арса, аяқтарын ауыр көтеріп, жүрерін де, жығыларын да білмеген сыңай танытады. Ат устіндегі жолаушы өлі мен тірінің арасында отсыз кіреуқеленген көзін алыс - алыс кек жиекке қадағанымен үмітін үрей женген жанары сөніп баратқанға үқсайды. Екі қолы аттың жалына жармасылты. Қос аяғы үзенгіден шығып кеткен. Жолаушыға дүниенің бәрі шалқар теңіз бол көрінеді. Бірақ, бір жұтым суы жоқ. Жалғыз тамшы сусыз дүниенің қараң қалған кеңістік екенін, мына бетпак жолаушының алдына ашып тастағандай. Мұңлы тауынан бері басталған жолында қанша күннің батып, қанша таңың атқанын бір құдай білмесе, бұл бәрінен адасқан. Қақ-қақ айырылған ерін тозған сандықтың қақпағындағы арса-арса болыпты. Бір елі өңез қапталған тіл ауыз қуысына симай салақтап кеткен. Атты да, адамды да кеудеден шықпаған шыбын жанғана бет алды сүйреп келеді.

Есі кіресілі-шығасылы күйде келе жатқан жолаушының көз алдында кенет бүкіл дүния зулай ағып бара жатқандай бір әсерлі көрініс аз гана уақыт тұрды дағы, ызым-ғайым жоқ болды. Бар қуат күшін сарқып сол жаққа сөніп бара жатқан жанарын тіктеп бақты. Бірақ жаңағы көрініс қайталанбады. Аума көңіл мұны ең ақырғы сандырақ деп жорамалдады. Ал, шындығында бұл Бетбаққа сұғына жайылатын табигаттың аса көнбіс тіршілік иелерінің бірі киелі аң, ақбөкеннің табыны еді. Бір мәзетте бұлдынғыр дүниенің пердесін аша, сонау көз үшінан бір жылтылдаған сөулелер кейде көрініп, кейде өшіп мұның сарытап болып қатып қалған санасын тұртіп оятып жатты. Жаратылысынан сезімтал жылқы жануар да солай қарай бағдар түзеді. Жұргіншінің жанарсыз көзі жасаурагандай, икемсіз иегі кемсөндегендей болды. Ат жалына құлай, үйип қалған, қыймылдауга икемі жоқ қос қолымен астындағы атты деменгенсіп, епетейсіз қыймыл жасап келеді. Қайтар күннің кеуіп бара жатқан қаққа түскен сөулесі жолаушыға жан бергендей. Ат тұяғы ат шаптырым ақ тақырга терендей бойлап барып тоқтады. Бұл көктемдегі қақтың орны еді. Бір кездері қаптай тұра

қалып қақтан су ішкен құлан тұқтартының ізінде болмашы гана сасыған сары су іркіліп қалыпты. Майда құрттары быжынаған осы қоймалжың сұйықты көрген Мырзамбет аттан домалай құлап, етпеттей түскең күйі кілегей сары сұға тұмсық тіреді. Ішіп жатыр ма, жалап жатыр ма кім білсін, өйтекі тұмсығы сор батпаққа кіріп кеткен. Осылайша сасық, ашқылтым, сары суды еңбектей жылжып жалай берді, жалай берді.

Ақ тақырда үш жан иесі жатыр. Қос ат төрт аяқты созып жіберіп сұлай жатыпты. Ал, адам тұмсығымен жер тіреген күйі етпеттей құлап сұлық түскең.

Намаздыгерден ауған күн қызыл барқыт көрпеге жата кеткісі келген арудай құлпыра түсіп жалаңаштанып алғанына именгендей көк жиекке асығыс бағыт алыпты. Жатқан кісі етбеттей құлаган орнынан тірі жанның белгісін танытып, аяқ-қолын жыбырлатып бір мәзетте төрт тағандап тұруға өрекет жасай бастады. Еңбектеп барып, тәлтіректеп орнынан тұрды. Батуға айналған күнге бағжия қарап алып, жаңа жүре бастаған баладай тәй -тәй басып сұлап жатқан аттарға жақындалды. Әлде-қайдан тап болған құбыжықты көргендей, мызғып жатқан көс ат бастарын жерден жұлышп-

жұлып алысты. Тапырақтап келе жатқан құбыжық емес өздерінің иесі екенін көрген аттар алдыңғы екі аяғын соза, артқы аяқтарымен жер тіреі тұруға әрекет етіп жатты.

Қоржында қалған соңғы екі білем құйрықты аттарына жұтқыза салып, өзі тағы да ізге ұялаған сарқындыларды еміріне жұта бастады. Ашыны ашырқанып, сасықтан жиренер түрі жоқ. Бейне бір, бұлақтың тұнық суына құныға бас қойған баладай құмарлана кеп жұтады. Сұйықтың аты сұйық, бойына қан жүгіргендей болды. Бұлышғыр тартқан көз жанары шәйдай ашылып, алда тұрган міндеттері ойға орала берді. Қос атты жетелеп тақырдан біраз жер ұзап шықты дағы, Бетбақтың жермен-жексен тырбиып өсетін аласа өскіндеріне аттарды бос жібере салды. Қара жерге шалқалай жатқан күйі жанары кіреукеленіп, бір сөтте көзі ілініп кетті. Тұннің бір уағында үйқыдан шошып оянды. Бас жағы терістікке қарагандықтан бетіне сәскелікке көтеріліп қалған толық айдың сәулесі түсіп тұр екен. Бетбақтың аспаны аласа ма, қалай, ай бар бедерін ашып қол созым жерде ілініп қалған сияқты. Орнынан тұра салып аттарына қарады. Аузына ілінер-

ілінбес әлденелерді үйіре теріп жеп, қорек тауып жүрген сыңайлы. Бұл тағы да тақырға қарай аяндады. Ай сәулесімен жалтыраган қақ аспандагы жұлдыздай жымың-жымың етеді. Еңбектей жүріп тағы да бірәз нәр алды. Қайтып келіп атына мінді дағы, темірқазық жұлдызын желкесіне қондырып, күнгейге қарай бет түзеді. Маусым айының жуан ортасы болғанымен, бұл бетбаққа алланың пейіл түспеген-ақ екен. Сонау ерте көктемнен кейін бір тамшы тамбаган-ау. Бетбақтың тіке тұрган өсімдіктерінің өзі, қурап қалған қурайдай қүйреп тұр. Бұдан кейін де екі күн бойы жүрген жолаушы талай рет есінен танып, өліп-тіріліп барып қос атының өлермендігімен Шу өзеніне де келіп құлады. Тұнық су, салқын өңірде бірер күн жан шақырып Мойынқұмның өзіне таныс қатпарлы құм белдерін қақ жарып Байғожа бидің Талас бойында отырган ауылына ат басын тіреді.

Сүм ажалдың тырнағынан арып-ашып жүріп өзөр құтылған бір жалырақ пенде тосын көрген елге құбыжық болып көрінді. Адам бейнесін жогалтқан кісіден бала біткен үрейлене қашып барып жұқаяқтың, төсектің астына тығылып жатты. Қатындар бетін басып, теріс айналды. Азып-тозған пенде би отырган

үйге төлтіректей кірді. Үйде отырган қариялар состысып, үрпісіп қалғанымен келген кісінің құбыжық емес, Мырзамбет екенін шырамытты. Орнынан атып тұрған Қырықбай төрден есікке қарай бірақ қарғып, есіктен кірген кісіні құшақтай алды.

-Мырзамбет-ау, тірімісіндер.
Барсындар ма әйтеуір, деп адам ұсқыны қалмаған кісіге аңтарыла қарап тұр.

Мырзамбет сонау мұнлы тауынан бері қарай өткен уақыт ішінде алғаш рет дыбыс шығарып сөйлеуге әрекеттеген бастады. Тілім-тілім ерін мен өңедзеніп ісіп кеткен тіл икемсіз қозғалып, бірдеңелерді айтқан болды. Отырган елдің ұққаны «арқада, аман, тұтқын» деген үш сөз болды. Үйдің ортасында тұрып қалған Мырзамбеттің буыны босап, есінен танып құлап бара жатты. Жаңында тұрған Қырықбай шап беріп ұстай алып, аялай көтеріп алған күйі үйдің оң қанатындағы төсөнішке апарып жатқызды.

Біреулер аузына су тамызып, бойындағы ыстығын көріп жатыр. Икемі бары тамырын ұстап, енді біреулери шешіндіре бастады.

- Тұла бойы өртеніп күйіп тұр. Тамыр соғысы әлсіз. Көп қиналған фой, сорлы»- деп, Қалдыбек қария суға батырылған

шүберекті жүрек тұсына, маңдайына басып жатыр. Түйінді ойдың шешімін **Байғожа** би айтты.

- Қырықбай, әлсіз жанды сілкілеп, ауната бергеннен пайда жоқ. Он жігітті қос-қос атпен дайында. Әр жерге тосқауыл қалдырып, Қаратаудың бауырында отырган Барлыбай емшіні ертең күн шыққанша осында жеткізуі қолға ал. **Төуіпке** Мырзамбеттің сонау Арқадан Бетбақты жарып өтіп, алыс жолдан қиналып келіш, есінен танып жатқанын айтсын. Емшінің дайындалып келгені дұрыс.

Қырықбай атырылып далага шықты. Өп сөтте ат жетелеген оншақты жігіт ауылдан құйындан шауып шығып, көзден тасалана берді. Сұлық жатқан Мырзамбетті керегеге жатқызып осы ауылдың бір шетіндегі өз үйіне қарай алып жүрді. Екі әйелі Аққағаз бен **Ұміткер** құрақ ұша жүгіріп жүр. Бірі бас жағында, бірі аяқ жағында. Аяқ қолын үқалап, жан жағын қымтап әуре. Ауық-ауық аузына су тамызады, басын көтеріп ағарған ішкізбек болады. Бүкіл ел болып қолдан келген қамқорлығын көрсетіп-ақ жатыр. Бүгін бұл ауылда көз ілген бір де бір жан болған жоқ. Таң қылаң бере науқас көзін ашты. Бірдене айтқысы

келеді. Бірақ аузы икемге келмейді. Не керек, күн қамшы бойы көтерілгенде қос атты ақ көбікке малып, Барлыбай емші де келіп жетті. Келгендер би үйіне тұсіп, қысқа ғана есен саулық айттысып, науқастың үйіне жаяу келді. Барлыбай емші келе тамыр ұстап, науқастың көзін, аузын ашып көрді. Құлағын кеуде тұсына апарып тыныс алудың тексерді. Тұла бойындағы тамырлардың соғысын, түрітүсін бірнеше рет анықтап қарады. Шұғыл түрде су қайнаттырып, бөлек-бөлек ыдысқа шөп дәрі жасап жатыр. Асқазан тазалау, ішкі ағзалардың жұмысын қалпына келтіру, жұтқыншақ пен тыныс жолдарының қабынуын басу осы шөптердің өсерімен атқарылмақшы. Ал, ең бастысы денедегі ұйып қалған улы қанды ағызып тастап, жаңа қаның қалыптасуын реттеу. Бірінші кезекте тілдің астындағы күре тамырды жару арқылы қан ағызу. Бұл өте қауіпті өдіс. Бәрі де жүректің төзімділігіне байланысты. Бойдағы арам қаннан арылтпайынша, басқа емнің қонбауы мүмкін. Не керек, ағайын-туғандар өзара ақылдаса келе, төуіптің осы тәсілді қолдануына ұрықсат етті.

Барлыбай емші іске кірісті. Алдымен күш-қуат беретін, асқазанды тазалайтын

дерілер әр бие сауым сайын қайталанып беріліп, бесін ауа арам қанды ағызу басталды. Тілдің астындағы бұрынғы түрінен өзгеріп, қара қошқылданып тұрган қос күре тамырға қандауыр салынды. Тұла бойды кернеп тұрган арам қан есікке қарай екі-үш қадам жерге атырыла шапшып жатты. Бұл үйде төрт адам қалған. Құрдасы Қанқожа мен Қырықбай бақылаушы ал, қолы енсекті Қалдыбек-Барлыбай емшіге жәрдемшілік міндетін атқаруда. Қара қан атқылап жатыр, ал науқас тырнағынан бастап шүберектей оцып, бозарып бара жатты. Жаратқан иемнің құдреті күшті –ақ қой, Мырзамбеттің жаны мұрнының ұшына тіреліп келіп, соңғы ықылыққа таяп барды дағы Барлыбай емшінің өрекетінен бе, әлде алла тағаланың шексіз мейірімі түсті ме, әйтеуір, шыбын жан өліп өшті дегенде қеудесіне қайта ұялады. Білгір емші қатыгез ажалдың алдын орады. Бірақ, қатты закымдалған отыз тіс саудырап тұсіп қалды. Отыз бес жастағы Мырзамбеттің өжет жүрегі ауыр соққыга төтеп бере білді. Ауыл – аймағының, тілекtes ағайының ерекше күтімінің арқасында бір айдың ішінде атқа мінуге жарады. Не керек, екі айдың жүзі болғанда Байғожа биді оншақты

нөкерімен баяғы жылқы айдалған бағытпен адастырмастан Сары-Арқаға бастап келді.

Байгожа би осы атырапқа белгілі жақсының қадірін, сөздің бағасын білетін кісіні сұрастыра жүріп 80 жастағы Қыдыр дейтін бидің ауылына тоқтады. Арғын бірлестігіне жататын Алтай руының беделді ақсақалы болғандықтан, сонау алыста жатқан өз еліне жаулық пигыл танытып, малын барымталап, адамын тұтқындаپ отырган Қарпық еліне жөн айтуға осы кісіні іштей қалап келген. Қыдыр ақсақал алыс күнгейден ат арытып ұзак жол жүріп жеткен Үйсіннің бір беделді биін жылы қабақ танытып қарсы алды.

Сирек араласатын, қонысы шалғай ел болғандықтан қалың қазаққа танымал бірең-сараң аса үздік кісілері болмаса, жалпы бірін-бірі көп біле бермейтін еді.

Сондықтан да, өзінің атын атап, түсін түстеп келген іргелі үйсін атаның қатардағы биіне арқаның етек-жеңі кең қазағының дәстүрлі сый-сияпты жасалып жатты.

Екі-үш күн емін-еркін дем алып жақсы күтім көрген Байгожа би ертеңгі шәй үстінде Қыдыр қарияға келген шаруасының бетін ашты.

- Би еке, өзім-өз болып бұл атырапқа аяқ басқаным алғаш рет еді. Сарыарқа жер жанаты екен гой. Самал желмен тербелеген көделі дала ұшы – қырысыз толқыған теңізге үқсайды екен. Жері жәннат елдің, ері де жайсақ болмас па? Бір қараған көзге, бұл елден бейбастықтық көрінбегендей – ақ екен. Амал не сізге бір ыңғайсыз шаруаның бетін ашуға келіп отырган жайым бар. Сол шаруаны сіз бол, біз бол бітімгершілікпен шешсек ісімнің оңға басқаны деп білемін. Мына өзіңізге жақын қоныстас Қарпық руының бір бейбастақ кісілері біздің ауылдың 500-ге тарта жылқысын барымталап айдал кетіп, оны індептіп қуа келген алты кісінің бесеуін соққыға жығып, пенде қылып ұстап қалған. Ал біреуі құғыннан сыйылып шығып, жалпақ Бетбаққа тұра салып, жан кештілікпен елге жеткен. Сол ауыр жолдың өсерінен өліп кете жаздал, білікті емшінің арқасында өзер тірі қалды. Адам баласының өмір сүруге қажетті құралының бірі отыз тіс саудырап түсіп қалды. Тіс адамның көркі деген, кәзіргі қалын көріңіз, ол мынау отырган Мырзамбет, деп, шүйкедей болып азып кеткен ажарсыз кемиек жігітті нұсқады.

Мырзамбет деген атты естігенде арқа биінің әлде неге еңсесі көтеріліп, иығы селк ете қалғандай болды дағы, артынша бойын тез жинап алды. (Бұл ат арқа биінің ұлы атасының ныснысы болатын).

- Байгожа би, деп сөз бастады Қызыр ақсақал, екі арадағы дауды ушықтырмай келелі кенеспен шешүге талпынысынды мен құптаймын. Сенің елінде де ер бол тудым деген жігіттер бар шыгар-ау, «өзің бастадың енді мен де қалыспаймын», деп Сарыарқаны шандатып барытталасып жүрсе іс насырга шабар еді рой. Сондайга жол бермегенің үшін Алла разы болсын. Көргенді екенсің шырагым. Сөл тыныстал сөзін қайта жалғады қарт.

- Алыс жолдан арып-ашып келгенімен қылышынан ашу емес ақыл көріп отырмын. Ел бірлігін ел ырысына туған ұл сақтайды. Халық деген қалың ескен қоға болса, қатыгездік пен озбырлық сұрапыл жел, қалай жапырам десе еркінде. Сол сұрапыл желді тоқтататын қуатты да шуақты күн. Ол дананың ақылы, жақсының пейілі. Сол күнге, жылышыққа талпынғаның дұрыс-ақ, Байгожа би. Сен жұмысынды айттың, ендігі өңгіме бізде екен. Олай болса, алдағы сәрсенбіге Алтай-Қарпықтың осы мандағы жақсыларының басын қосып,

билер кеңесін өткізбекпін. Қазірден бастап ауыл-ауылға хабаршы жіберіледі. Мал-жаныңың қай ауылда екенін білсөң айтуыңа болады. Арнайы кісі жіберіп, байларын да, билерін де шақыртып аламыз. Би, салалы саусақтарымен ақ күміс сақалын сипай отырып Байгожа биге қарады.

- Біздің адамдарымыз да, малдарымыз да Мұңды-Қулы тауларының теріске жағын жайлайтын іргелі елде. Баратын кісінізге Қанқожа мен Мырзамбетті қосып жібереміз, солар табуга көмектесер. Өзірге кінәлілердің аты-жөнін білмейміз. Ол елге соққанымыз жоқ-қой. Ат басын сізге қарай бұрып кеткенбіз, деді Байгожа.

Сол күні Қызыр бидің ауылынан жан-жақтағы елге хабаршылар легі аттанып та кетті. Қазақтың «ұзын құлағынан» ұшқыр не бар. Артымыздан іздеуші, сұраушымыздың келгені бізге де жетіп жатты.

Біздің арамызда қызы-келіншектің, жастардың тілін таба білетін жігітіміз Дүйсенбі бәрімізден де еркін жүретін, бұл ауылда. Алғашқыда Сардан байдың қосалқы қараша үйінде кісенде болған жігіт байдың ерке қызы Ұлмекеннің көзіне түсіп, тез-ақ, шынжырдан

күтүлған болатын. Тілі майда, жүзіктің көзінен өткендей жағымды жігіт байдың бейбішесіне де, келін-кешиктеріне де тез сіңіп кетті. Өсірсеке, байдың онбір-онекі жасар қызы Ұлмекен бұл күнде әбден бауыр басып кеткен. Жігітке ертек айтқызады. Білген жұмбағын айтысады. Қыз ойнаққа ертіп апарады, сызылтып ән салатын, аздаған суырып салма талантты бар жігіт байдың бойжетіп келе жатқан сұлу қызына ерекше сыйлы. Бұрын ойға батып көңілсіз жүретін қыз осы жігіт келгелі бері тұлкінің баласындаи түлеп шыға келді. Алғаш қараша үйде кісіндеулі жатқан сұлу жігітті айналышықтап, қызықтап жүрді дағы, келекеле тілдесетін болды. Жігіттің майда тілімен мәнді әңгімелері жас қызға ерекше әсер ете бастады. Бір күні жұмбақ айттысып қалды.

Қыз:

- Тамға тары шаштым, деді жадырай құліп;

Жігіт :

- Мен шашқаным жоқ, деді қызға аялай қарап;

- О, шеше алмадыңыз, шешуі жұлдыз, деді қыз.

- Ал, менікі күндіз, деді жігіт, жайбақат қана.

Қыз;

- Ел жатса да елдекем жатпайды.

Жігіт;

-Менікі жатады.

Жұн тұтіп отырган қыз шешесі кісендеулі жігітке көзін алартып тіксіне қарады.

-Жоқ, таба алмадыңыз, менің жұмбағым көсеу, Қыз жігітке байсалды пішін танытты.

-Ал менің шешуім тесеу, міне мына текеметті айттым, деді жігіт.

Қыз шешесі ернін сылп еткізді де қойды.

Қыз;

- Ақ отаудың төрінде алтын шара, мен мұндалап тұрады жеке дара.

Жігіт;

-Қараша үйдің ішінде қараңғылық, мен көрмедім шаранды, өзің қара.

-Пәлі сіз жұмбақ шеше алмайды екенсіз гой, ол күн емеспе, дейді қыз.

-Менің шешкен жұмбағым түн емеспе, күндіз-түні үйде байланып жатсан қүнді қалай көресің, деді жігіт.

Қыз мәз болып қалды.

-Ағай, сіздің шешулеріңіздің де мәнісі бар екен, есте болсын деп ойлы пішін танытып үйден шығуға бет алды. Дүйсенбі қызға қарап жадырай құлді

дағы, қалқам, мына бір жұмбактарды да жадыңа түйіп ал, жақтырсаң сенікі болсын.

1. Алдыңғыны артқысы басып түседі, басқан сайын бір шама асып түседі «аттың тұяғы»;

2. Сырттан қарасаң өрін көресің, іштен қарасаң бөрін көресің «үйге тұтылған ши»;

3. Көрпе астында күміс жатар, жел тимесе тыныш жатар «құл астындағы шоқ»;

4. Асты шоқ, үсті шоқ, сөйтіп жатып қарны тоқ «таба»;

5. Қап-қатты ғып салдым, жұпжұмсақ қып алдым «бидай, ұн»;

6. Жалпағы жатпақ, ұзыны соқпақ «келі, келсан»;

7. Құндіз елеусіз қалады, түнде тесігін табады «есіктің ілгегі»;

8. Сұға берсең тартынбайды, шыққан сайын жалтылдайды «біз»

Содан бастап Дүйсенбі еркін жүретін болған. Ерке қыз өкесіне салмақ сала отырып, бар бостандығын өзіне қайтарып өперген. Сол Дүйсенбі бір келгенінде,

-Кісендерің кісінеп, Сардан бай қаққан екі жұз қазық, Ермек, Омар, Опан қаққан әр жұз қазық адымдарынды

аштырмай жатыр-ау, сендердің. Байқандар, бес жұз қазық бекем қағылған, деп, бұларға бір сырды ашып кеткен.

Бұған міне ел-елден сұрастырып жүріп Қанқожалар келіп тұтқындармен жылап көрісті. Сарден байга қолқа сала отырып, бесеумізді де кісеннен босатып алды.

Жылқымыздың қайда екенін билетін біз сол күні барып Байгожа бидің қосынына қосылдық.

Бұл елге жылқы туралы бір ауыз сыр ашқанымыз жоқ.

Бұл елдің байлары бізден аман-есен құтылғанына мәз. Дәлелің жоқ, тендік беретін біз емес, дегендей, кетіп баратқан бізге тәкәппарлық танытып тұрды.

Би кенесіне осы атыраптың ат тұяғы жететін жердегі байлары мен билері түгел қатысқандай. Ел болған соң өздерінің де араларында шешілетін дау-дамайлары жетіп жатса керек. Би кенесін шақыруға кім бастамашы болса, сол адам тәбе билік ететін тәртіп бар. Бұл кеңестің тәбе биі сексен жастагы Қыдыр би болды. Мәселелерді ретіне қарай билер алқасына ұсынатын осы кісі. Өзі бастаған бес кісі билер алқасынан орын алды. Ақ сақалын

салалай бір сипап қойып Қыдыр би сез бастады.

-Уа, би кеңесіне жиналған өлеумет. Бұғінгі кеңесіміз қоңсылас ағайын арасындағы дау жанжалды шешуден өзгеше сипат алғалы отыр. Ортамызға сон-ау жері шалғай, бұл жаққа бұрын-сөнді ат ізін салмаған ұлы жүз ұлысының жоқшылары да келіп отыр. Ара ағайынның әңгімесі шешіле жатар. Алдымен жүргіншілердің жұмысын бітіргеніміз жөн болар. Ал, Байғожа би сез өзінде. Құдігің кімде, кінә тағарың қайсы. Мына отырган елдің ішінде кімді ұстайсың, көне жауалкерінді өзің ата, деді. Байғожа би шарт жүргініп қамшысын алдына соза тастап, билер алқасына бас ие, қос қолын қеудесіне апарып тағзым рәсімін жасады дағы сез бастады.

-Уа, Сарыарқаны жайлайған саңлақ елдің жақсылары мен жайсандары. Біз сон-ау айбынды Алатаудың, қасиетті Қаратсаудың етегінде, Шу мен Талас дейтін қос өзениң өндірінде еркін жүрген ел едік. Біздің маламыз да, жанымыз да сол қасиетті қоныстан сонау «Ақ табан шұбырынды, алқа көл сұламадан» кейін іргеміз ауып, шалғай шығып көрген емеспіз. Сондықтан да болар, осынау құтты қоныс Сарыарқага екі жүз жылдан

астам уақыттан бері ат ізін салмаппзыз. Біздің тарапымыздан сіздерге жасаған бейбастақ іс-әрекетіміз жоқ. Осыдан үш ай шамасы бұрын сол бейбіт ауыл бесжүзге тарта саяқ жылқысын жауға алдырыды. Екі жылқышыны сойылға жығып айдақ кеткен із мына Мұнды-Кулы тауының атырабына келіп, қалын ізге араласып кеткен. Сол жылқыны қуа келген алты кісінің бесеуін мына Сардан байдың аулында кісенделіп жатқан жерінен үш күн бұрын босатып алдық. Біреуі шыбын жанын шүберекке түйіп Бетпақты кесіп өтіп елге хабар жеткізді. Біз жылқымызды Сардан байдың аулында деп ойлаймыз.

Оған дәлел, біздің Бөлдеш бастаған құғыншалар өздерін сойылға жыққан жиырмашақты кісінің бесеуінің астынан өз жылқыларын көрген. Құрметті Қыдыр би егер Сардан байдың бізben тілдесер кісісі болса мен дайынмен.

Байғожа, билер алқасына қарап бас ііп, шешімін күтті.

Қыдыр би жанында отырган кісілердің келісімін алғып, Қарпық руының атақты байларының бірі Сарданға көз киығын таstadtы.

- Менің байқағаным Сардан бай, мына Үйсін би сіздің елге мықтап көніл

аударған сыңайлы. Кәне бұған не дейсіндер. Қыдыр би өдеті болса керек, он қолымен ақ сақалын бір сипап өтті. Сардан бай лөм – үйым деместен өз жағының биіне иек көтерді. Ат жакты, қапсағай денелі, бетінде қорасан дағы бар қызыл шырайлы жинақы ғана қап-қара сақал – мұрты бар сымбатты кісі қамшысын қеудесіне көлденең ұстап, басын сөл иіп, билер алқасына ізет көрсетті.

Қыдыр би Байғожаның қарама-қарсы жағын нұскап орнынан турған кісіні сөзге тартты.

- Қосберен би, айтарыңыз болса құлағымыз сізде.

Би он екі қанат ақорданың сол қапталынан тұрып келіп, Байғожа биге қарама-қарсы жайғасты.

- Үйсін би, алыс жол адастарған-ау, шамасы-деді қамшысын алдына үзынынан тастап жатып, өйітпесе «тисе терекке, тимесе бұтаққа» дегендей біздің қадырлы байымызға күие жаға салу ниетінізді қалай түсіндік. Бейсеубет жүрген дүдемал адамдарды тәртіпке шақырмай, малымызды айдатып жіберуіміз керек пе еді? Астындағы атын таныды деген не сандырак, малға мал үқсайды дағы, о баста жылқы болып

тұган жануардың түрі-түсі үксап жатса жаратқан иенің ода бір құдіреті шығар. Мұндай болмашы дәлелмен акты қара жасаймын деуіңіз парасатыңыздың дәрменсіздігі-ау, шамасы. Алдында жатқан қамшысын бір көтеріп қойды.

- Парасат өділдіктің айнасы, - деді Байғожа би, қамшысын бір сілкіп тастап, - парасатты, өділетті болсан ғарыца жүгін. Артынан арың ұялар қадам жасама! Жылқымның ізі аулының үстіне келді. Адамыңның астынан атымды көрдім. Анау отырған Бөлдештің дүдемал байлам жасамайтынын мен білемін. Өзіне таныс жылқыны басқан ізінен, тіпті жаратылысынан да ажыратада біледі.

Уа, қадырменді билер алқасы, сөзім дәлелді болу үшін, сонау жайылып жатқан биелердің құлынын ажыратып бер десеніз, сіздердің ықтиярыңызда. Біздің Бөлдештің жазбай танитындығына мен сенімдімін.

Отырған билер бір- біріне қарап бас изесті.

Билер тобы үйден шығып, жайылып жүрген үйірлі жылқыға қарай беттеді.

Байғожамен қатар жүргенде Бөлдештің бойы бидің иығына да жетпейді екен. Тумысынан қаглез кісінің бойына артық ет те жиналмайтын тәрізді.

Көзге жұпныңлау Бөлдеш алдында келе жатқан билерді қоңыр қазға, ал өзін сұнгуір шүрегейге тенегендей сөл іркіліп артта қалыпты. Жеті би жайылып жүрген жылқыға құрық тастам жер қалдырып тоқтады. Қыдыр бидің көзі бір сынық құлақ келісті боз биеге түсіп тұр.

- Ал, Бөлдеш балам, бидің айтуына қараганда сонша көріп кел, сыншы сияқтысың, мына боз биеге жақсылап қара, қапы қалдым деме, осы биенің құлынын Қосберен би екеуің алып келіндер. Көзір желі басында ешкім жок. Ал, балам, іске сөт.

Қыдыр қария ақ сақалын тағы да бір сипап өтті.

Бөлдеш, желіде байлаулы тұрган құлындарды бір айланып өтті дағы, орта шенінде тұрган қара құлынды шешіп алды. Қосберен айдан, бұл жетектеп, үйірлі жылқыға жақындал келді.

Енесін көріп кісінеген құлынның дыбысымен басын оттан көтеріп алған сыннық құлақ боз бие оқырана, құлынына қарай бет алды.

Құлын келе салып сауыны келіп тұрган биенің емшегіне тұмсық тіреді.

Бақылап тұрган билер бір-біріне қарап таңырқаған пішін танытты.

Билер ордага келіп, өз орындарына жайғасты.

Сөз кезегі Қосберенге тиген.

- Уа, қадірлі билер, мына бір қарашұнақ жігіт сыншы екен, сәуегей екен деп, ақылымызға айран тегіліп жүрмесін. Осындақ қасиетінің барлығын мактандың көріп, елді алдал жүрген бір ку болмасын, бұлар. Өзімізге ата-бабасы қадірлі адамдарды «Сайда саны, құмда ізі жоқ» біреулердің қанжығасына байлан бермекпіз бе? Мына көрсетіп отырған қылыштарын «сикыршылық» әдіс деп ойламайсыздар ма? Сардан байдың, әкадал малын көрінгенге айдатып жібергеніміз өзіміздің елдігімізге сын емес пе? Менімше, бұларды бұдан өрі тындармай, қайтар жолын нұскай жібергеніміз дұрыс.

- Қосберен би, сіз өз сезінізді сейлел болсаңыз, біздің жұмысымызға қол сұқпаңыз. Өздеріңіз бекіткен билер алқасының лайықты, әділ шешім айтарына мен кепілдік беремін. Ал, кезекті сөз сізде Байғожа би, - деді Қыдыр би. Байғожа би еңсесін көтере, ұшатын қырандай алға ұмсына түсіп кезекті сездің кілтін ағытып жіберді.

- Уа, құрметті әділ билер, істің жорамалы емес турасын айтар кез жетті-

ау, деп отырмын. Сіздер мені айыпқа бүйірмасаңыздар өздеріңіздің тұсыныздары Кекжалдың терісін мына аралыққа төсеп, үстіне алланың сөзі, қасиетті құран кітабын қоюды сұранамын, деп бір тоқтады Байғожа.

Отырган билер өз-ара түсіністі дағы бидің талабын орындауды.

Байғожа сезін қайта жалғап кетті.

- Қосберен бидің жаңағы айтқан дүдемелі орынды. Кімде болса танымайтын, білмейтін кісіге тайсалтпас дәлелсіз, өз дәuletін айдатып жібере алмас. Олай болса енді дәлелде көшейік. Менің екі жұз жылқым Сардан байда. Қалған үш жұзі, Омар, Ермек, Опан байларда. Мына отырган Қосберен би өзірге төртеуінен төрт ат - шапан сый көріп, менімен айтысқа түсіп отыр. Сондықтан да сол төрт байдың Қосберен бидің жанына келіп отыруын талап етемін. Берер жауабын ақылдасып бергені өздеріне де дұрыс.

Байғожа сез аяғын бітірмей билер алқасының шешімін күтіп қалды.

Билер алқасы төрт байды ортага шақырды.

- Уа, өділетті билер, «алдырган албырт, алған жалтарма», деген. Біз не айтсақта өділін шешетін сіздерсіздер.

Жаңа Қосберен Сардан байдың қасиетті кісілердің ұрпағы екенін айтып кетті. Мен де өзімді қасиетті атанаң баласымын деп санаймын. Менің төртінші атам Дүкенбай би тағдырдың жазуымен Сарыарқаның Мұнды-Кулы өлкесіне он бес жасында келіп, жиырма жасында билер санатына қосылып, Осы аймақтың қадірлі би Қарпық руынан шыққан Ескен деген кісінің кенже қызы Патшайымға үйленген екен. Сол екі бидің аруағына салдым. Бірі өз атам, екіншісі нағашы атам. Мен нақақтан жала жауып отырсам, ойымда арамдық болса, құдай алдында адап екенін дәлелдел, аруақа шет еместігін білдіріп, мына көк жалдың бас жағынан бесеуі бірдей аттап өтсін. Солай етсе мен малымнан баз кештім, деді Байғожа қамшысын сілкіп тастап.

Төрде отырган билер тілін калимаға келтіріп, жағасын үстады.

Дауласуши екі жақ та тығырыққа келіп тірелді. Дау шарықтау шегіне жетті. Мұндайды күтпеген Қосберен бидің оттай жанған жүзінен мұп-мұздай мөлдір тамшылар сел-сел болып ағып бара жатты.

- Сейле, Қосберен, деді Қыдыр би қарлығыңы, қысылыңы бір үн шығарып. Қосберен би мандайынан

сорғалаған бейкүнө терді сұқ саусағымен сыпсырып таstadtы дағы, орнынан ұшып тұрып, билерге бас иді.

- Кінә бізде..., деді тәмен қарап тұрып. Не айтсын, Ескен би бұның да бесінші атасы екен. Төрт бай жерге батып бара жатқандай бұға түсіпті.

Енді Байғожа би де түрегеліп үй толы халыққа, төрде отырган билерге бас иіп тұрып, сөйлеп кетті.

-Қадірлі арқа жұрты, құрметті билер алқасы, алланың атын қуәге тартып, қасиетті құранды орнынан қозғап, аруақты тебренткенім үшін баршаңыздан кешірім сұраймын. «Аруақ аттаған оңбас» деген. Мына ер азаматтардың да ұлы аруақтарды қадыр тұтқанына ризашылығымды білдіремін. Мен өмір бойы сиынып жүретін қасиетті ұғымды жеңілдетіп жібердім бе деп өзіме-өзім бір тоғыз айып салдым. Сұлтанбек, қара нар бастаған бір тоғызды билердің тұсына байла, деп орнына отырды Байқожа.

Билер тысқа шығып кеңес құрды дағы, сүт пісірім уақытта қайта оралды. Қыдыр ата билер шешімін жариялады.

- Халайық, деді бас би, -мына шешілген дау біз үшін өмір бақи сабак болатын болды. Пәнде шіркінің бір сәттік алдамшы қызыққа ақыл ойсыз бара

салатыны жаман –ақ, әрине! Міне осындауда пендесін кіслікке, парасатқа, әділдікке шақыратын құдреті күшті алла тағаланы ұмытпағанымыз дұрыс-ақ. Біз атам заманнан әруақ сыйлайтын елміз. Әруақ біздің қорғаушымыз, жебеушіміз. Бүгін де сол ұлы әруақтардың араласуымен ұрпактары жетесіздікке жетпей қайтты. Әмісे осылай алланың ақ жолын сақтап, киелі әруақты қошаметтеп жүрейік. Билер кеңесінің шешімін тыңдаңдар екі жақ.

- Қосберен би, Сардан бай, тыныш жатқан елді шауып, малын олжалап алланың атын ататқызып, әруаққа шет өрекет жасағандарың үшін «тоғыз-тоғыз» яки тоқсан жылқы айып төлейсіндер. Жәбір көрген алты адамға ат мінгізіп, шапан жабасындар. Салынған айып пен бес жұз жылқыны үш күннің ішінде айдалап келіп Байқожа бидің адамдарына тапсырасындар. Уақтысында орындалмаған жағдайда екі еселенген айып төлейтіндерінді ескертемін. Ал, бұл дауды осымен бітті деп есептейік.

Қыдыр би Байғожаның тобына үйден шығып, демала беруіне рұқсат етті.

Міне, Ратайжан, бес жұз жылқымызға тағы да жұз қаралы мал қосып, ұзақ жол жүріп елге оралдық, деді

Сұлтанбек. Бұл біздің бір гана сапарымызда болған оқиға. Мына бастан мұндаидың талайы өтті ғой, шырағым. Мен үзак сейлеп кетіппін, жалыққан жоқпышың Ратайжан, деп өкесі баласының арқасынан қағып қойды.

- Жоқ, көке, айта берініз, құлағым сізде, Ратай өкесінің тізісіне қисая отырды.

- Онда балам, зердеңе мұқият сақтап ал, мен саған мына фәни жалғаннан өзім түйген ойларымды айтайдын.

- Ақыл-ойлыға үйездейді, саналығы тұрақтайты.

- Ойланбай істеген іс опық жегізеді.

- Ойлының өрісі, саналының тірегі ұлағаттылық.

- Ақмақтық ескексіз қайық, жарға соғып тынады.

- Берекелі -барды көп қылады,
Берекесіз-көпті жоқ қылады.

- Тектілік пен тексіздік ұлы майданда да, дүбірлі тойларда көзге ұрып тұрады, бірақ оны әркім өзі көрген пайдасына қарай бағалайды. Текті атандың ұлы екенінді ұмытпа балам.

- Арсыз - бірлігі мықты жерде жалтақтап жүреді, -алауызық белен алғанда талтақтап жүреді.

«жарлы болсаң да арлы бол», деп кеткен бұрынғылар.

- Жалқауға жатып ішкен де жұмыс. Жаманға дұрыс ақылың да бұрыс.

Осыларды өрдайым есінде ұстап жүр, балам.

Ал, енді өзіңе шамамның келгенінше багыт-бағдар беретін өсиет айтайдын шырағым, қажетіне жарап жатса пайдаланарсың.

1. Білімді, ойлы, өнегелі бол.

Біліктілік жігіттің жеті қазынасының бірі.

2. Ел қорғаны болуға талпын. Елі сыйлаған ер қор болмайды.

3. Бірлік түбі береке; ел-жұртыңның бірлігін ойла.

4. Шешім айтуға асықпа; ойың тиянақты, сөзің текті болсын. Сонда гана ел құрметіне бөленесің.

5. Байлық мият емес, кедейлік ұят емес. Арлы бол, бірақ- жалқау болма. Еңбегің жанса ырысты боласың, қөпке жақсаң қонысты боласың.

6. Қанша ақылды бол, кеменгер бол, бай бол, батыр бол,- биіксінбе. Адал жарынды құрметте, Өйткені өйел-ана, Ана үйдің тұтқасы.

7. Жасы үлкениң алдында көсемсінбе, сұрағына орнықты жауап айт. Үлкен

сенен гөрі құдайға бір табан жақын. Тілінді құрметте, дәстүр-салтыңа берік бол.

8. Өзінен кейінгіге ыждаһатты бол. Жеткіншек алдына қарайды, үлкенді үлгі тұтады.

9. Кеменгері көп елден, көргенді үрпақ өрбиді.

Міне балам осы айтқандарым өр уақытта есінде жүрсін. Мен өз шамашарқымның жеткенінше өмірден көргенімді, түйгенімді айтып отырмын. Оқу, білім деген өмірдің килем-килем қындығынан алғы шығатын сара жол екен. Откен өміріміздің өкініштің сол, уағында оқу ойымызға келменті. Аздыкөпті құдайдың берген дәулетін бақыт деп үғыппыз; мұратымызға жеттік деп жүріппіз. Жүйрік мініп жүйтігенде, жорға мініп толықсығанда сырдың сұзырағымыздан келменті; жарық дүниені жалпағынан бастық деп ойлаппыз. Ал, мұның қателік екенін кеш ұғындық. Оязды көріп өкіндік, шендіні көріп бұғындық. Білімділерді көріп білместігімізге ұялдық. Тіл білмей діңкеміз құрыды, хат танымай қабагымыз жабылды. Сілкілесер кезде сілейіп, ақылласар кезде аңырып тұрдық. Кінәсізден күнөлі, бәріне де шұблі

болдық, балам. Өке балаға сыншы депті бұрынғылар; менің де үмітім өзінде; Басқа балаларымнан гөрі өзінді зерделі, ақылды санаймын. Құда қаласа, осы күзден бастап Өулиеатадағы жаңа өкіметтің мектебіне оқытсам деген ойым бар. Ешырағым Ратайжан, көкейдегі қудігімді де сенің білгенің жән-ау, деп отырмын. Былтырдан бері мына өкенде бұрынғы денсаулық жоқ. Төсек тартып жатып қалмаганмен кейде мензен, делсал күй кешемін. Әсіресе, түнге қарай басым айналып, құлағым шынылдаپ, кеудем шаншып, жүрегім аттай тулап шығады. Өкеміздің де, Қырықбай атаңың да кеселі осылай болған-ау, деп ойлаймын. Солар кеткен бағытқа менің де сапар шегетін уақытым таяды-ау, шамасы. Өлім айтып келмейді, оның хабаршысы кесел. Олай-бұлай болып кетсем сені окуға Сарыбек апарар, айтып қойғанмын. Балалық жасап бас тартып журме. Иә, әке, бәрі есімде! Бұл біздің соңғы әнгімеміз екен-ау. Сол жолы біз ауылға жеткеніше жаңа қонысқа тігіп қойған қара шаңырағының төрінде балаңшаганмен шүйркелесіп, шай ішіп отырып бір жағыңа қисая кеттің. Оң тізеңе сүйеніп отырған мен де сіздің ығындызға құлап жатырмын. Маган бұл бір ойын сияқты

көрінген. Бірақ, орнынан ұшып тұрган апамның шыңғырып барып, басыңды сүйгенінде бір сүмдиктың болғанын сездім. Не керек, тілге келмеген күйі мәңгілік ұйықтадыңыз да кеттіңіз. Есіл әкем-ай, ерте кетіп қалдыңыз гой, бұл дүниядан!

Ратай орнынан баяу қозғалып, көңілсіздеу тұрды дағы, ауыздығын қарышылдатып тұрган құнанына мінді. Ендігі беталысы Елібайдың «кезең» деп аталатын бір бөлігінің күнгей бетіндегі қалың қорым.

Бұл, сонау жеті атасынан бері қарайғы ұлы аруақтардың мекені. Осыдан біраз күн бұрын әкесі де осы мекениннен жай тапқан.

Қаршадай бала қалың қорымға жалғыз келді. Төрт құлакты дуалдың көбісі құлап қалған. Әкесінің мұрдесінің аяқ жағына келіп, атынан түсті. Шылбырын беліне ілген күйі Әкбербек қекесі үйреткен құран сүрелерін дауыстап оқи жөнелді. Құран сүрелерінің оннан аса аятын көзірдің өзінде жатташ алған болатын. Солардың бөрін ретіне қарай оқып отыр. Арт жағынан аттықыры білінді. Бір, ақ сақалды қария жанына келіп қатарласа отырды дағы оқылып жатқан құранға ұйығандай, үн-

түңсіз тыңдай берді. Бала өзі білетін аталарының атын атап құран бағыштады. Қария да қол жайып қабыл болсын айтты. Сақал шашы аппақ қудай жұқалтаң сары кісі көттө молла болса керек, бұл білмейтін аяттарды ұзагынан қайырып құран оқып шықты. Қәптеген аруақтардың аты аталды. Құдіреті құшті аллаға, қайырымы мол Мұхаммед пайғамбарга жалбарынды. Өлгендерге иман, тірілерге салауаттық тіледі.

Содан кейін барып балаға зейін аударды.

-Қай баласың шырагым, қария жасаураган көзін сүрткілеп жанындағы серігіне қарады.

-Ата, мен Сұлтанбектің баласымын гой, атым Ратай, -деді бала.

-Өп, бәрекелді, көп жаса балам. Әкенің басына келіп құран оқып тұрганың өте дұрыс, шырагым. Құдай тілеуінді берсін. Жап-жас сияқтысын, жасың нешеде шырагым.

-Жасым жетіден асты, ата, - деді Ратай шылғи баласынбасын дегендей даусын көтеріп.

-Міне, жігіт болды деген осы, - деді қария баланың көңілін түсінгендей, - әкендей де, мына жатқан бабаларынды да ұмытпай ат ізін салып тұр шырагым.

- Ал, мен Шыны деген атаңмын, Сыргабайдың, оның өкесі Байназардың көзін көргөмін. Жақсы адамдардың ұрығысың той, жақсы болура талпын. Қарт орнынан тұрып, тәлтіректей басып, көлігіне беттеді. Бала атасының атын келденең тартып, аттандыру рәсімін жасады.

2 . Бары тайған бай ауыл.

Тамыз айының ортасы ауғанымен, күннің алтабы әлі де босыла қоймаған. Батыстан азынай соққан жел екпіні ыстық ауаны тықсыра итермелеп, жолындағының бөрінің апшысын қуыра аңасын кептіріп бір тыным табар емес. Бүкіл жаз бойы бірде өрекпіл, ал кейде үйытқый соғып, онсыз да күйі кеткен ауылды басынып-ақ алышты.

Ауыл дегенде бары-жогы төрт-бес үй. Откен жылдың күзінде гана осы қоныста алпыс шақты шаңырақ іргелес отырған еді. Ауыл маны төрт түліктің тұрагы, келімді-кетімді кісі үзілмейтін, төрт құбыласы түгел мамыражай ел еді.

Ендігі сыйқы мынау. Толассыз соққан желдің әсері ме, әлде, ақ шаңқан алты, сегіз қанат ақ ордаларынан, дүниемүлкінен, мыңғырган малынан айрылған елдің құлазыған көндінен бе, өйтеуір тігілген қараша үйлер бір жағына жантая кеткісі келген дімкөс жандай, аянышты кейіп танытып, көзге қораш көрінеді.

Ауыл маңына қарасора, алабота, түйекарын, жантак сияқты қара от қаулай өсіпті. Мал тісі тимей, тұяғы

таптамай еркін өскен қурай біткен жел екпінімен ызындаі ән салып, теңселе-тербеліп масандau кейіп танытқандай.

Іргеден таяқ тастам жерде жалғыз лақты ешкі арқандаулы тұр. Ортаңғы бір үйдің белдеуінде ұзын бел, салпаң құлак, кебеже қарын торы шолақ ат тұмсығын төмен салып, мұлғи қалыпты.

Бірен-сарап ортадағы үйге кіріп-шықсан ұзын етек, ақ жаулықтылардың асығыс жүрісі, көне-тоз жейде-дамбалшаң балалардың ойнампаз әдетінен жаңылмағаны болмаса, бұл ауылдағы тіршілік көзге қораш көрініп, көңілді күдік басқандай еді.

Айтпақшы, үй жанында көлеңкеге бауыр баса қара-ала төбет сұлай жатыпты.

Арқандаулы қара ешкінің зарлы үні шыққанда жұмұлы көзін ашқансыйды да, басын көтермеген күйі қабагын қайта жаба қояды. Мына сұрықсыз дүниеде ит екеш ит те марғау, самарқау...

Шығыс қапталдағы ең шеткі үйде жас шамасы қырықтың устіндегі етженді ақ-сары әйел үршық иіріп отыр. «Бес биенің сабасындаі» ажарлы кісінің устібасы да мұнтаздай тап-таза. Майда тұтіліп жұмарланған шүйкесін аса бір ептілікпен соза, сол қолын жоғары көтеріп, он қолымен үршықтың сабын тізесіне сүйкеп

әткен қимылдары әсем бір би іірімдерін еске салғандай.

Бұл үй, баяғы Сыргабайдың құтты шаңырағы. Шаңырақ демекші, үй қараша болғанымен Шаңырақ байдың кезін көрген, осы үйге киелі мұліктің бірі. Мына отырган әйел Алтынсары, байдың нақсүйері.

- Апа, балаларды алып жүргелі жатыр. Хайыр-хөш айтып, балаларға ақ жол тілек білдіретін шыгарсыз, сізге хабар бере келдім, - деді Әкбербек, есіктен аттап кірген бойда.

- Барамын гой жаным-ау. Өзің бе, келіндер ме бір хабарын берер деп отыр едім, Алтынсары орнынан қозгала берді. Әкбербек сүйемелдей тұрғызып, есікке беттеген анасының соңынан ерді... Аумалы-тәкпелі дүние деген осы...

Бұрынғы шалқыған замандарын қозгамай-ақ, әткен жылғы осы уақыттағы тұрмыстарын айтсайшы. Атадан қалған мол даулеттен, әп-сөтте айрылып, төрт-бес айдың ішінде қара сирак, қызыл қарын кедей болды да шықты. Коңылтаксып тұрған ауылдың күйі халі Алтынсары бәйбішенің жанарын кіртітіп, қабағына ұзынша сызық болып тұра қалыпты. Бұрын ас үй міндетін атқарыш келген мына Қараша шаңырақ көзір

Сұлтанбектің өрен-жаранының от басы. Осы аядай үйде бес-алты жан тұрады. Ал бүгін осы ауылдың бүкіл тірі жаны осы үйде. Үш-төрт кісі ғана тізе бүгіпті; қалғаны бір-бірімен иін тіресе түрегеп тұр.

Алтынсары ауыл анасы, осы отыргандардың бәрінен жолы үлкен кісі.

Есіктен аттап кірген мезетте-ақ, ауыл әйелдері иіліп сөлем етіп, отырган еркектер орындарынан ұшып тұрып, төр ұсынып жатты...

Алтынсары бүкіл Өулиеата өніріне белгілі атышулы бай, Қазақбайдың немересі. Сарыүйсін елімен құдаандалығы үзілмеген елу екі жастағы Сыргабай бәйбішесі дүние салғаннан кейін ата жолын алға тартып, он алты жасар қызды екі жұз қызырақ қалың беріп «Нақсұйері» етіп алған еді. Артынып-тартынып керуенді көшпен бар салтанатын аша бұл елге өз еншісімен келген байдың ерке қызы, о баста «Ақ иыққа» кереге жайып, өзінше бір ауыл болып шаңырақ көтерген.

Ақылды да, ерке Алтынсарыны кезінде дүйім ел «Тоқал» деп кемісітпей, байдың «Нақсұйеріне» балағанды жөн көріпті.

Бес биенің сабасындағы, етек-жеңі кең сабырлы кісі, қолының ашықтығымен де кезінде ел-жүртқа жаға білген.

1903 жылы келін болып түскен Алтынсары қудай қосқан қосағымен он бес жыл отасып, Сыргабай о дүниелік болған соң, әмеңгерлік жолмен тетелес қайнысы Қырықбаймен бас құраган. Бүгінде Сыргабайдан қалған екі ұлды, Қырықбайдан тұған екі қызды өсіріп отырган жайы бар. Ұлдарының екеуі де үйленген. Ұлкені Асқарбектің жары Жібек, Қызылқұрт руына тән тоқайлардың дәүлелті кісісі Қылышбайдың қызы. Ал, Әкпербергінің үйіндегі келіні Есей атаның бетке ұстар кіслерінің бірі, Көшербайдың қызы Ұялдың.

Жарықтық Сыргабай көзінің тірісінде-ақ, жұз жылқыдан қалың мал беріп, бесік керті құдалық рәсімін жасап, келіндерінің бесігіне үкі қадап жетіпти.

Сол қыздар бой жетіп, балалар ер жетіп, ерлі-байлы күн өткізіп жатқан жайы бар.

Мына, төр ұсынған кісінің бірі Сарыбек. Сыргабайдың Сұлтанбектен кейінгі баласы. 1893 жылы тұған...

Әкесі бұл жалғаннан қайтқанда жиырма бес жастағы жігіт болатын.

Тұмысынан шаруаға мойны жар бермей, есіл-дерті аңшылыққа ауып, тазы жүгіртіп - құс салып кеткен кісі. Алдында ағасы бар, Әкесі тұғардан таймаған жігіт күнгейі Қаратая, Келіншек тау, батыста Талас өзенінің құмға сіңерсағасы, терістік беті Хан тау, Шығысы Шу өнірін алыш жатқан шұрайлы алқап; байтақ даланың, бүйрарат құмдарының, белес-белдердің, қатпарлы таулардың жыртылып-айырылатын аң-құстарының қызығынан басқаға кеңіл аудармай көп заманын өткізді.

Жер көрді, ел таныды. Аң аулауды тіршілік қамы үшін емес, ермек етіп құмарын қандыратын қызық деп білді. Кезіккен олжа еш қашанда үйге дейін жетіп көрген емес. Кездескенінің қанжығасына байлад, қонған аулының жоқ-жұтандына таратып жүре беретін.

Иттің құмайы, құстың алғыры, аттың жүйрігі бай баласының меншігі болатыны пешенеден белгілі емес пе? Сарыбек те құмай тазы мен алғыр бүркітті ат-атан беріп, немесе жекжат болып қалап алар еді.

Сол саятшылықтан қол үзгеніне он шакты жылдың жүзі болыпты.

Ит пен құс іздесе әлі де табылар-ау, бірақ соңғы оншакты жылдың ішінде

әкесі Сыргабайды, агалары Қырықбай мен Сұлтанбекті, осы көктемде ғана өзінің әйелі Тазагулді арасына үш-төрт жыл салып о дүниеге аттандырып салды. Ауырмай-сыздамай ажал құрығына төтенше іліккен өзінің қадірлі санайтын кісілерімен арыздастып-қоштасып, өситетін ести алмай қалуының өзі өте ауыр өкініш болып жургенде, замана зейіліне тап болып бар байлығы құрдымға сінгендей болған кісі, құлаққа ұрган таңадай шырқайналып қалған жайы бар, көзір.

Сарыбектің жанында тұрган қызыл шырайлы желбір сақалды, ұзын бойлы, кең жауырынды келісті жігіт,-Қожатай. Отыздағы орда бұзар шағына мына бір ала-сапыран кез тап болды.

Осы уақытқа дейінгі өмірі ат үстінде өткендіктен басқа тіршілікке әлі де мойын ұсына қоймаган. Бұрынғы «шынжыр балақ-шұбар тес» дегендей бүкіл аймаққа аты аныз болған Қырықбайдың баласы болған соң ба, жаңа үкімет бұлардан бойын аулақ ұстап келеді. Мал мұлқін сипырып алып, не болсаң ол бол, дегендей көзір ешкім назар аударуды қойып тұр. Уақытында жиын-тойдың еркесі, кекпартың перісі, сайыстың саңлағы, палуанның дарасы атанып-ақ жүрген жігіт еді. Бүгінде

қолдан мал кетіп, малмен бірге ел кетіп, қатын-баланың жанында «үй күшік» болып отырысы мынау.

Кай істі де бір кісідегі атқаруга қабілеті бар. Бірак, кедей-кепшік өзірге арасына кіргізіп жатқан жоқ.

Бұл екеуінен басқаларының бәрі кілең өрімдегі жастар. Кішкене үйдің ұғынына бас тіреп, келін-кепшік, бала-шагалармен араласып төрден төмен есік жакта тұр.

Алтынсары орнынан тұрган кісілерге отыра беріндер дегендегі ишарат білдіріп, үйдің оң қапталында бала киіндіріп жатқан келініне жақындады.

- Ратайжан, жорытқанда жолың болсын, шыбыным, деп келіп, Қатшаның киіндіріп жатқан баласының бетінен сүйді. Енді келесі балага жақындады.

- Байдібек шырағым-ау, оқымаймын, деп жылағаныңды қойды ба? Ынжық болма, балам. Өнеле, Ратайды көрдің бе? «Көкемнің аманатын орындаимын» деп, бірден келісе кетті.

Екеуінің бірге оқығандарың қандай жақсы. Қайта серік болып, ауылды көп сағынбайтын болдыңдар,-деп ғынъ да мандайынан иіскеді.

- Қатша-ау, екеуі бір ұядан ұшқан балапандай жарасып-ақ қалыпты гой.

Үсті-бастарының бүтіндеу болып барғаны мектебіне де дұрыс шыгар, құтты болсын, байғазы берейін, деп екі баланың қолына екі күміс сөлкебай ұстадты.

- Апа-ау, сіздің ол бір сомдарыңыз кімге керек. Николайдың күні өтіп кетті гой, деп жатыр Әкпербек.

- Мейлі, деп қолын бір сілтеп қойды апасы – сомы іске аспаса күмісі қедеге жарайды. Таза күміс өз құнын жогалта қоймас, кейін бір әжеттеріне жаратар.

- Енeme рахмет, - деді Қатша сөзге араласып, егер осы кісінің ұқыптылығы болмағанда балалардың кейлек-дамбалын жаңалай алмай, жалаң-аяқ аттандырады екенбіз. Осы қамқорлығының өзі ат мінгізгенмен бара-бара емес пе?

Қатша мен Алтынсары тәркін жағынан жақын аталардың қызы. Қатшаның әкесі Райымбек те Қазақбаймен аталас кісілер. Бірак, ол жақындықтарынан, тұган атасының әйелі болғандықтан енелігі жақын.

-Оның рас, жеңеше, біз далбалақтап босқа жүріппіз гой. Ең болмаса бір суыртпак жіп алып қалсақ-шы, мол дүниеден. Өкіметтің зәрі қатты-ма, қайдам, түсі суық немелер жетіл келгенде, жасаулы үйден шығып жүре беріппіз гой. Солардың лақтырган ескі-

кусқысын алыш, ас үйдің еншімізге тиғеніне қуандық. Ал, енем болса өзі астына басып отырған бестегін үйден сүйрей шықты. Сейтсек ішінде мән бар екен гой, оны да кеше ғана, балалардың киімі ойға түскенде бірақ білдік емес пе? - деп жатыр Қожатайдың әйелі.

- Ене-ау, төрт кез болатнай мен қойдың тұтас былғары терісін көкелерінің алдына апарып тастай салғанымда «апырай, мынау қайдан шыққан дүние» деп былғарыны ала салып, қуанганинан қайта-қайта сипалай беріп еді. Мына отырған елге жөнін өзіңіз айтЫП берінізші.

Қатша салмақты кейпін сақтай, отырған елге езу тарта қарады.

- Ел құлагы елу, «ейтіп жатыр-бүйтіп жатыр» деген әңгімені көптен естіп жүргенімізben, біздің елде соншалықты бас бұзарлық бола қоймас, бір-бірінің сырны білетін жұрт қой, деген едім. Сонда да болса деп өзім тәсеп отыратын бестектің арасындағы жүн-жүрганы алыш тастап жиырмашақты кез мата, бір былғарыны ішіне салып тігіп тастандым. Комисасы келіп дікектей бастаганда отырған орнынан тұрып жатып тәсенишімді сүйрете-мүйрете алыш кеттім. Есіктен шыға бергенімде Шорабек

жармаспақшы болып еді, Орысы жүні тықырланып тозығы жеткен бестекті көрген соң, "жібер" дегендей қолын бір-ақ сілтеді. Далага шығып бестегімді тәседім де ештеңеге көніл аудармай отыра бердім. Үй де, барлық мұлік те кетті гой. Орыс болмағанда бұл да жоқ еді. Ана Байемер мен Шорабек әкіренде барып, тенденциалық шешіп, сандықты ашқаннан кейін ғана басылды. Соның өзінде «алтын-күмісті қайда тықтыңдар» деп әңгір таяқ ойнатқан жоқ па?! «Өзіңнен шыққан жау жаман» деген осы міне!

- Бұл да болса бұйырғаны екен шеше, деп кеше ғана балаларына кебіс тігіп берген Сарыбек шоқша сақалын бір сипап қойды.

Ашық тұрған есіктен Қойқара кіріп келе жатты.

- Ассалаумагалейкүм, Шорбай ата балалары, деп қауқылдай амандастып жатыр келген кісі.

- Әлейкүм уссалам, сәлемші болсаң жоғары шық. Сарыбек ығысып жанынан орын босатты.

- Сарыбек-ау, сен Өулиеата жүргелі жатыр деп ұзынқұлақтан естіген соң келіп қалдық. «Балапан басы, тұрымтай тұсы» дегендей бір-біріміздің жайымызды біліп тұруға да мұрша келтірмейтін заман

болды гой бұл. Елдің бәрі жан сақтаудың қамы деп, құры сандалыста жүр. Кімнің не тындырып жатқанын адам түсініп болмайды. Ау, өздерің не бітіріп жатырыңдар көне, деп отыргандарды бір шолып өтті.

- Не істейік, Өкпербектен басқамыз үйдеміз, тұрақты істің басын ұстаганымыз жоқ. Бізді арасына кіргізетін де ешкімді өзірге көре алмай отырмыз. Тұзак құрып сорпа-су айырып отырган жайымыз бар. Құс та, тазы да белсенділердің жетегінде кеткен. Өзірге қайтсек күн көреміз деп жатқан елміз. Сарыбек жайлап сейлеп, барым осы дегендей Қойқараға көзінің астымен қарап қойды.

- Өп берекелді, Сарыбек-ау, сен жасынан-ақ аңшылықты меңгеріп алған кісісің. Бізді айсайшы, не жермен, не аңмен ісіміз жоқ. Қолдан мал кеткен соң бізден өл де кетіп барады.

Оның үстінен «жатып ішер», «боржай» деп белсенділер нықыртады. «Жатыңдар сендерді құдай асырайтын мырзасыңдар гой», деп - өжуәлайтын болды бұл күнде.

Малдан басқа кесіпті бізге бүйіртпаган құдайға не дерсің. Ең аяғы, ей, Шорабек сен не оттап тұрсың», - деп

ана сойылсогарадың бетіне айта алмаған соң, біздің кім болғанымыз, бұл!

Қойқара өзін-өзі кінәлі санап, күйіп-пісіп отыр.

Дүкенбайдың бір атасы Байтұма болса, соның ішіндегі дәулеттісі Бәйтебет үрпактары Ахмет, Оразбай және Сүйіндік еді.

Сүйіндіктің баласы мынау отырган Қойқара.

- Алла басқа салған соң пенде шіркін не көрмесін. Ауыртпалыққа болаттай берік болған ләзім. Еш қайсысына қарсы келіп жатқанымыз жоқ. Малыңды ортага сал деді, салдық. Кедейдің ісіне араласпа деді, оған да көндік. Белсенді дейсің, оларды белсентіп қойған заманның зейілі гой. Адам шіркін ұмытшақ екен. Кеше өзімізден ас-су ішіп, киім-киіп; отыңмен кіріп-күліңмен шығып жүрген шіркіндердің бүгін әкірендең басымызға әңгір таяқ ойнатуы жанга бататын-ақ шығар, білгендері сол болса қайтесің, оған көп шаршай берме. Біз де сол «боржайының» біріміз. Қашанғы айта берер дейсің, одан өздері де жалығар бір күні, деп тоқтау айта сөйлемді Сарыбек.

- Әй Сарыбек-ай, сен ұстамдысың гой. «Ішине ит өлсе де исін шығармайтын әкенің қасиеті саған да сіңген екен. Ал

мен қаламаган нәрсеге төзे алмай-ақ қойдым». Біздің Есімбек балаларына, Көпберген, Мұздыбайларға біраз жер тиіпті. Бірақ істің көзін табар олар ма, егіс уақытысы өтіп бара жатқан соң Даラбай екеуіміз солармен мойынсерік болып бидай еккенбіз.

Бар қайратымызды салып жүріп алқапқа алыстан су жетелеп апардық. Қырыққанда бізге тиген жер тегіс болмай, ойлы-қырлы болып шықты. Суымыз сай-саланы қуып, еткен пейнетіміз далаға кетті. Өздерің білесің, Даラбай да, Көпберген де қарулы гой. Жерді тегіstemек болып аласұрып-ақ бақты. Кайдан, бүкіл алқапты бірер айдың ішінде тегістеп шығу мүмкін емес екен. Еңбегіміз еш, теріміз сор болды. Өзірге таздың басында болып әр жерде бірдене қылтиып тұр. Жақында жинаимыз гой, Құдайдың не берерін қайдам... Соған деймін-ау, кеше ғана «Қосшы бастығы» Мұсабек бастаған белсенділер келіп кетті.

Алқапты аралап көріп, сендер тұқымды толық сеппей жеп қойғансындар, «боржайлар», деп ана Шорабектер пәлесін жауып кетті гой. Онымен тұрмай «бір дән шашау шықпасын, алдымен қазынаның

қамбасын толтырасындар. Ал, бір дән жегенің Итжеккенге» айдаласың «боржайлар», «сендер 1928 жылдың күзіне қарай шыққан үкімет, қаулысын Голошокин жолдастың нұсқауын білесіндерме өзі», деп артына зіл тастап кетті. Ол не қылған қаулы, оны біз қайдан біліппіз. Саған келген шаруам да осыған байланысты. Әулиеатаға барған соң осы айтқандарымды Байтамага жеткіз. Жаңғыз біз емес, егін екениң бәрінің жайы осындей. Нақақтан күйіп кетіп журмейік. Диқаншылықпен айналыспаған, су аяғы-жер шетіндегі елміз гой, біздің жайымызды сол түсінеді. Негізінде бар, көзір бағы жанып тұрған жігіт ел-жұртқа теріс қарамас, деді.

- Қалаға барған соң Байтамага соғып кетерім ақиқат. Сөлемінді айтайын. Бірақ, сенің шықпай қалған егініңе не десін. Ал, нақақтан күйдірте қоймас, қараулық жасалып жатса араша түсер, осы жағын ескертейін.

- Сейт Сарыбек, құдай жолынды берсін. Апырай, мына заманда балаларды көзіңнен таса қылыш, қайда апарып тастағың бар? Құданың құдыреті дәтің берік-ау сенің. Өйтесеір, көз жазып қалмасаң бопты да. Бірақ, бала сендердікі, өздерің білесің, менікі бір сез

гой, деп сөзінің аяғын сиыр құйымшаққа салып жіберді.

Сарыбек үндеген жоқ. Не десін, мына шырактарының алдарында ненің күтіп тұрганына өзінің де көзі жетіп жүрген жоқ...

Қойқара енді Қожатайға қарады.

- Өй, Қырықбай ағаның баласы, ләмім жақ ашпайтынын қалай, әлде менің айтқандарымның саған қатысы жоқ па? Сен өзің қаннен қаперсізсің гой, қане не білгенің бар, осы?

- Мен өзір сөйлемеймін, Қойқара. Менің сөйлейтін кезім құда қаласа әлі алда. Ана пысықсынғандар сөйлеп қалсын. Солардың сөзі таусылған кезде мен сөйлеймін, деді көзі күлімдеп, езуіне өжүө күлкінің табы үялаган Қожатай.

- Қожатай-ау, әкең елге бір сезін шығын қылмай, жұдырығымен жасқаушы еді, сен де алдыңдағы күректей алақаныңа түкіріп жүрсің-ау, байқаймын, деп орыннан үдере тұрган Қойқара, азыл-ғұптың есікке беттеді...

Алтынсары екі немересін қолдарынан жетелеп, мама қаздай маңғаз басып тысқа шысты.

Бобеш әкесінің торы атын есік алғыша қолденең тартып дайын тұр екен. Барыбек аттың тартпасын бекем тартып,

ердің артжағына екі бала еркін отыратында көрпеше төсеп, ауып кетпеу үшін шап айылға байладап жатыр. Үйдегілер жапатармағай далага шығыпты.

Кетіп бара жатқан балаларды қимағаны ма, әлде қызықтағаны ма, жас құралпы Ратайлармен шамалас Алтынсарының қос қызы Қанзат пен Құлшін, олардан сөл кішілеу Қырықбайдың Рысжаннан туған қызы Үрзада, Қожатайдың қызы Күлзада, Қатшаның өзіне тән қыздары Мейраш пен Задагүл жастары кіші бола тұра таласыптарmasып жүргелі тұрган балаларға қарай жақындаі түсіпті.

Азын аулақ жолазық салынған қоржынды Қамбарбек әкеліп ат үстіне тастай салды.

Үн-түнсіз келіп Сарыбек атқа қонды.

Ратай мен Байдебек көптің ортасында. Үлкендер беттерінен сүйіп хайыр-хош айтысып жатыр.

Аналардың кірпіктері шыланыпты. Қемекейіне өксік тірелген Қатшаның көздерінен перзентке деген аналық мейрімнің ыстық жасы еріксіз домалап жатыр-ау, шамасы, езуінде құлкі табы тұрганымен көздері қайта-қайта боталап шыға келеді.

Бұрын мұндай алыс жол тұрмак,
нағашыларының аулына да тастап кетуге
қимайтын аналық мейрім гой, бұл.

Енді міне шалғай жерге, көрмеген
елге, бұлдыр болашаққа бауыр еті
балаларын еркектердің өмірімен шығарып
салып тұруы оңай деймісің. Өсіресе,
Қатша бір-екі күн долданып тұлағанымен
еркектен асып қайда барсын, үшінші күні
жуасып қалған.

«Қатша, -деген женгесін мәмлеке
шакыра сөйлеген Сарыбек, - бай болдық,
мал бағып, дүние жидық, сондагы біздің
көргеніміз мынау болды. Жиған-терген
біреуге бұйырып, өзіміз есенгіреп далада
қалдық. Жастардың келешегі алда, ал
келешек үшін оқу-білім керек еken.
Әрине, бәрін бірдей оқыта алмасымыз
анық, дегенмен, осы екеуі оқып жетілсе
айналасындағыларга да жаман болмас.
Кемегі тиер, жол көрсетер. Анау,
Байтаманы көріп отырсындар гой, бізден
ақылды да, ойы да оқ бойы озық тұр.
Қызыла қалсақ содан барып ақыл
сұраймыз, таяныщ етеміз. Оның бүкіл
Өулиеата өңірінде белгілі адам болуы сол
окуының арқасы. Осыны бір мезгіл
ойлансайшы».

Қайнұсының осы сөзі есіне тұскенде
қайтсін, күлгөн болады, балалардың
бетінен сүйіп, «жол болсын» тілейді.

Ратай мен Байдібек үлкендердің
мауқы басылған соң өздерімен тай-
құлындаған тете өскен, қысы -жазы бірге
ойнап, бір дастарханның өуес асын ала-
қашысып жескен туыстарының арасында
тұр. Бұлардың кебісі қыз бала болса да,
ой-өрісі өздерімен шамалас құрбылары.

Бір-біrine не айтудың есебін таба
алмай, көзбен ұғысып, көңілмен
қоштасып тұрған сыйқты.

Әкпербек келіп Ратайды көтерген
бетте ат үстіне жайғасқан Сарыбектің
артына дік еткізіп отыргыза салды да, екі
қолын белбеуден ұстасып қойды. Дәл сол
тәсілмен Бәйдебек келіп Ратайдың
артынан орын алды.

Әкпербек оның екі қолын Ратайдың
белінен айқастыра құшақтаттырып
қойыпты.

Сарыбек тебініп қалғанда торы ат
орнынан марғау қозғалып, көс тізгіннің
бағыттаған жағына мойын ұсына, алға
қарай аяндай жөнелді.

Аттың жүрісі жайлы болғандықтан
сөлден кейін балалар қолын босатып
сіресіп қалған қалыптан емін-еркіндікке
ауысты,

Ратай жан-жагына қарады. Алдыңғы жагын көкесінің жауырыны көлегейлеп тұр.

Біраз жүрген соң Елібайдың жотасының ұшар басына шығып, көкесі аттың басын қызылжардың Таластан өтетін жайқуаттау өткеліне қарай тұра салды.

Мінер жагында киелі Ногай тәбесі қалып барады. Одан әрі кезеңің қырқасында ата-бабаларының сағаналары мен мұндалап көзге ұрып тұр.

Арт жагы сағымды сары дала. Тууттуу алыс көк жиекте бар сырын ішке бүккен, жалданып, жоталанып сағыммен сан-саққа құбылған байыргы ата қонысы қасиетті құм өлкесі мұнартады.

Таластан өтіп, көне сүрлеу жолға түскен соң Сарыбек балаларға тіл қатты.

- Шырақтарым, ат үстінде қалгуға, ұйықтауга болмайды. Шаршаған кезде айтарсындар, тоқтап тынығып аламыз. Атты да, өзімізді де қинамай құда қаласа арага екі түнеп сәскеге қарай Өулиеатаға да жетеміз. Әңгіме жол қысқартады. Мен сендерге өзіміздің ауылдың соңғы жылдардағы басынан кешкендерін әңгімелеп көрейін. Құлак қойып зерделеріңе құйып алындар. Ата-бабаларының кім болғаны қалай өмір

сүргені, қуанышы мен мұны, замана шіркіннің кейде жайма-шуақ, кейде беймаза кездерінің сендердің де каперлерінде жүргені дұрыс шыгар. Қалай, шырақтарым, тыңдайсындар ма?

- Құлагымыз сізде көке, тыңдаймыз, әңгіме жол қысқартады дедіңіз гой жаңа, деп екеуі үшін Ратай жауап берді.

- Ал онда мен кіріспесін сөл өріғарактан бастап, өзіміздің ауыл өміріне ұштастыра айтып көрейін, деп Сарыбек ұзақ сонар тарихқа шым-шым батып жүре берді.

- Төрт арыс ойықтың бір тармагы Кекшекөз. Ал төрт ата Кекшекөздің бір баласы Бақтымбет. Бақтымбеттен қалған бес баланың ең кенжесі Дүкенбай. Сол жарықтық Дүкенбай атамыз бес ата Бақтымбеттің бағына туған ұл болыпты. Сонау, жонгар шапқыншылығында жасы екіге толмаған сәби жетімшіліктің ашы зарын көріп есіп, он бес жасында елге тұтқа болуға жарапты. Тентіреп кеткен төрт ағасының басын біріктіріп, жиырма жасында жан-жагындағы елге билік айтқан, аузы дуалы кісі болыпты.

Дүкенбайдан төрт бала туып, кенжесі Бекебай, әке жолын жалғастырган, аты ұранға айналған өділ би болған деседі. Бекебайдың бес баласының үлкені

Шорбай. Менің тәртінші атам. Екіншісі Кеңгіrbай Нұрсейіттің аталары, үшіншісі Сенгіrbайдан көзір ұрпақ жоқ, тәртіншісі Құттықадам өздерің біletіn Мырзамбет аталарының бабалары, ал бесінші Құлшық уағында биліk тізгінін қырық жыл бойы қолында ұстап датқа атанған, қоқан хандығына қарсы қол бастаған, азаттық жолында жанын қиран кісінің біrі. Құлшықтан Ноғай би, ал одан Байгожа би туған.

Енді, әңгіменің бетін өз аталарыма бұрайын. Шорбай өкесі Бекебайдың он сегіз жасында дүниеге келіпті. Өкесімен тете өскен Шорбай жасынан шаруаға икем, біr сөзді кісі болса керек.

Малсақ жігіttің шаруасының шалқуына даңқты бидің қамқорлығы да себепші болған шыгар, әйтеуір Дүкенбайға төn ауылдардың ноқтабасы осы Шорбай деседі.

Шорбай Бақтымбетке төn кедей ауылдары мен панаcыз қалған жетім жесірлерді өзіне тартып қолдарынан келген шаруамен айналасуға ықпал еткен. Өзін арқа сүйеген ел-жүртты аздырып-тоздырмай, еңбегіне қарай әркімнің тилемелісін өділетті үlestіріп отырган деседі. Пысық та, мейріmdі жіgіttің жақсылығын көрген елі-жүртты оның

көңілінен де шыға білген. Оның үстінен ынтымағы жарасымды елдің еңбегі жанып, Шорбайдың тәрт тұлік малы еселей есе берішті.

Жылқысының саны екі мыңға жетіп, уақ-тұяқтары он бес мыңың үстіндегі атағы дүйім елге белгілі бай болыпты.

Шорбай өз өмірінде үш қатын алып, одан он сегіз бала туыпты. Бірақ көбісі жастай шетінеп кеткен сыйайлыш. Ер баладан тіrі қалғаны Шұлғаубай, Байназар және Төлеуіш. Байназар Шорбайдың елу жеті жасында көрген он үшінші перезенті екен. Жасынан бұла, адудын, қайратты да біr беткей болып өсіпті. Етінен ет кесіп алса мынқ етпейтін шыдамдылығымен жеті жасында-ак жүртты төнті етсе керек.

Мұсылмандық салт бойынша баланы жеті жасында сүndetke отырғызу біr міndet. Бұл жұмысты атқару қожалардың көсібі. Құзге салым ел кезіп жүретін біr аксүйек Шорбай аулына келіп түссе керек. Ел құлагы елу, Қожаның келгенін естій салып, жүрт сүndetтететін балаларын дайындауға кіrісіпті. Пышаққа тусуден қорыққан балалар Қожаның хабарын білген соң бет алды, тым-тырақай қашып жатады. Сол кезде Байназар Қожа

отырган үйге кіріп келіп, етегін түре салып Қожаның алдына ентелей барып,

- Қожа, менің шұметейімнен қалағаныңша кесіп ал да, басқа балаға тыныштық бер, деп қасқынп тұра қалыпты.

- Ей, шырағым. Мына арнаулы орынға жат, сүндөтке дайындық жұмыстарын атқаралық, - дейді қапелімде не істерін білмей сасып қалған Қожа.

- Жоқ, жата кететін қатын емеспін. Пышақ жұмсауга не дайындық керек, кесе бер, Қожа, - деп тұра беріпті Байназар. Сасқан Қожа жалтақтап жанжагына қарайды. Сонда төрде отырган Шорбай, Қожага қарап езу тартып, иегін бір көтеріп қойып, - бұл біздің бала гой Қожа, айтқанынан қайтпайтын неме еді, сол тұрысында кесе бер, депті.

- Астафра-алла,- деп мұндайды көрмеген Қожа талтайып тұрган баланың шұметейіне жармасып жатып, отыргандарга қарап, - екі-үшеуің келіп баланы қозғалтпай ұстап тұрындар, дейді.

- Мені ешкім ұстамайды, кесе бер. Жүрегің дауаламаса балалардың шұметейін жинап нең бар еді, жазған! Байназар Қожага ежірие қарайды.

Абыржыған Қожа, екі қолы дірілдеп жатып кесу рәсімін жасайды. Қожаның

әрекетіне қарап тұрган Байназар қыңқ деп үн шығармай, Қожаның қолындағы кесіп алған шұметейінің ұшына қарап тұрып,

- Өттеген-ай, аздау болып қалды-ау, Қожа-еке, жаңа ұстараңызды өзіме бергеніңде жартысын кесіп беретін едім, деп талтандай басып жүріп кеткен екен.

Сол Байназар он бес жасында жау түсірер батыр болып, түje палуан атаныпты.

Байназардың балалық шағы қазақтың Коқан қандығына қараган кезі болса керек.

1815 жылы қалыптасқан тұрақты өскері бар, халқы қалаға шоғырланған, даладағысының өзі отырықшы егіншілікпен айналысатын елді мекендерден тұратын қоқан қандығы кең далада мал қамымен кешпелі ғұмыр кешкен Әулиеата, Қаратай өңірінің бейбіт елін тұтқылдан шауып, басып алады. Қамсыз жатқан ел бас біріктіруге муршасы келмей, Коқан хандығына мойын ұсыныпты. Бағынышты халықтың міндеті салық төлеу болса, Коқан хандығының бодан халықтың алдында ешқандай міндеттемесі болмады. Халық арасына жылына бір рет арнайы өскер шығып, өр шаңырақтан белгіленген салықты малдай өндіріп алып,

қазақтардың малшы-жалшысына айдатып Коқан асып кетер еді. Кейін келе салық жинаудың тағы бір жолы табылды. Енді елге ықпалы жүретін беделді кісілерге датқа деген шен беріп, өздеріне қызмет етуге міндеттеп қойды. Ол заманда қан жарлығын орындау құдайға күнекөр болумен бірдей болатын. Сылтау ізден хан жарлығына шұба келтірген кісінің тағдырын найзаның ұшы, қылыштың жүзі шешетін.

Талас бойындағы Бақтымбет-Тілеу руының сондай шенді датқасы Құлшық батыр еді. Бұрын осы өнірге билік жүргізіп келген Құлшық енді датқа шенін тағып, Коқан хандығының сойылын соғуға тиіс болды. Бұл Мешін, яғни 1824 жылды болатын.

Осылайша аласапыран заманның жиырма шақты жылды да өтіп кетті.

Құлшық датқа халықтан жиналатын салықты жылдан-жылға қысқарта берді. Кейінгі кезде Коқан ханының алдына жыл аралатып баратын өдег тапты. Бұл, әрине, Коқан хандығын басқарып отырган, қазақтар «Пұшық ұлық» деп кеткен Құдияр ханға ұнамады. Ұнамағаны сол, екі жылдан бері ат ізін салмай кеткен датқаның мекені төменгі Талас бойына 1846 жылы «сен түр-мен атайды»

дейтіндей жасауылдарын жіберіп, хан ордасына шұғыл шақыртты.

Суыт келе жатқан жұз шақты сұсты жасауыл Елібайдың терістік етегінде мал төлдеть қамында отырған бейбіт елге қалың қарулы жасақтай болып көрінді.

Арлы-берлі жүрген салт атты, жалғыз-жарым жолаушылар төбеден асып түскен жүрісі суыт қарулы жандарды алыстан-ақ көзі шалып, датқа аулына «аттандал» хабар жеткізіп жатты.

Келе жатқандардың кім екенін тұспалдады ма, әлде туа-бітті салмақтылыры ма датқа жақ ашпаған күйі шоқша сақалын салалалап жайбарақат отыра берді.

Тек, найзасын мығымдап ұстаған күйі, орнынан көтеріліп жүрелей отырған датқанның құрдасы, әрі бас батыры Алаш шамырқана тіл қатты.

- Уа, датқа мына келе жатқан қарулы топ ел ме, жау ма, қам жасамаймыз ба?!. Датқа салмақты отырысын бұзбастан жұмуулы көзін сығырайта ашып, құрдасына назар салды:

- Алашым, әзірге үрпіл, үрейлене-тіндей ештеңені көріп отырғаным жоқ. Олар дөу де болса Коқаның жасауылдары болар. Жаңыңа үш жігіт ертіп алдарынан шығындар. Ізет көрсетіп, мұсылманшы-

лық сөлемінді бер. Іздеп келе жатқаны мен шығармын, ауылға айқай-ұйқайсыз бастап келіндер, - деп датқа бұрынғы міз бақпайтын қалпына түсіп кез жанарын қалың қабағымен қайтадан тұмшалап алды. Бұл топ шынында да Коқан ханы Құдиярдың жаушылары болып шықты. Мұздай қаруланған топтың алдынан шықкан Алаш найзасын көлденең ұстап, қос қолын қеудесіне қойып, мұсылманшылық сөлем рәсімін жасады. Суыт келе жатқан қарулы топтың басшысын сезге тартты.

- Уа, батырлар, жол болсын. Қару асынып қай жауды түсіргелі бара жатсындар. Айып болмаса білгеніміз жен шығар, мен Алаш батыр боламын.

Жұз шақты жүргіншілердің басшысы текебарсына тіл қатты.

- Ей, жән сұраған қазақ, біз Құдияр ханың сарбаздары боламыз. Бізге Құлшық ауылы керек.

- Ә, онда адаспаган екенсіндер, сарбаздар. Мен сол Құлшық датқанның батыры боламын. Ел шабатын ниеттерің жоқ шығар, найзаларыңды шошандатпай ауылға ағайындей болып кіріндер. Бізде анадан ер болып туып, ханнан шен тағып, шекпен киген кіслерміз. Шаруаларың датқада болса келген қадамдарыңа гүл

бітсін, онда сонынан еріндер, - деді Алаш батыр, - ауылға қарай ат басын бұра беріп. Қарулы топтың сардары сарбаздарының ишара жасап, найзаларын көлденең түсіртіп ауыл батырының сонынан ерді.

Ауыл сыртындағы кермеге жолаушылардың аттары тізбектеле байланды.

- Мырза, аты-жөнінді айтпадың, енді әкәләп сейлесеміз бе, бұл қалай болды өзі. Алаш Сардарға жылы ұшырай қарады.

- Кешіріңіз, батыр. Менің атым Мұса болады. Сардардың бағанағыдай емес сесі қайтқан сыңайлы. Өздеріне төнетін қауып-қатердің белгісін бұл ауылдан көрмей тұр. Алдындағы он шақты үйден бала-шағаның дабырынан басқа ештеңе де сезілер емес.

- Е, атың Пайғамбардың ныспысы болса, жаман жігіт болмассың. Мейман ниетте келдің екен, ендігі билік менде. Өзің менімен бірге датқа отырған үйге жүресің, сарбаздарды, аттарыңды мына жігіттерге тапсырамыз. Осыған тәржікелеспей-ақ келісілік, - деді Алаш. Батырдың басы кетсе де, ақиқаттан аумайтынын сезген Сардар:

- Құп болады, Алаш батыр, менің міндеттім құдіретті ханың жарлығын

датқаға жеткізу. Сіздің айтқаныңыз болсын. Датқа отырған ақ орданың есігі айқар ашылған кезде Сардар табалдырықтан аттай, сөлем бермек болды.

- Ас-салам...Сөзін жалгай алмай, жігіт қалшиып тұрды да қалды. Бірденені сезген Алаш батыр сөл езу тартқан күйі, келген кісіні жонынан сипай, алға демеді. Есік ашылғанда төр алдында отырған датқа басын көтеріп, келгендеге ажырая қарап қалған еді. Бұл кірген кісіге айбат шеккен арыстан болып көрініпти.

- Я, Мұса батыр, неқып тұрып қалдың, төрге шық, деп жатыр Алаш. Осы кезде төрге қайта көз тоқтатқан Мұса алдында арыстан емес, алып адамның отырғанын көрді. Ұялған тек тұрмас дегендей Алаштың бетіне ыржия қарап алды да төрде отырған кісіге қос қолын соза ұмтылды. Келген мейманга оң қол жағынан төр ұсынып,

- Келген қай бала, деп Алашқа қарады.

- Датқа, бұл келген Құдияр ханың жасауылы, Мұса деген Сардар болады, деп қысқаша таныстырыды, батыр.

- Құдиярга не болыпты, ат сабылтып, әскер шаптырып, түге? Құлшық келген кісіге алара қарады. Жігіт тағы да

жайсыз қалып танытып, тұла бойы бусанып жүзі тершіп шыға келді. Асып-сасып отырып, келген шаруасының жобасын жеткізген болды.

- Құдышретті хан сізді ордага шақырады. Екі жылдан бері қатынаспаганыңызға ренжуулі. Маган берілген тапсырма, сізді алып кел, деген.

- Не дейт, мынау, мен алып баратын ханың қай заты екенмін, түгел? Құдиярга мынаны айт, мен әкесі Омардың түсынан датқамын. Біз шаруа қүйттеп, мал баққан адамбыз. Көзір төл алу науқаны. Қозы бөлік аяқталған кезде салығын алып барамын.

Сөз төмәм!

Енді датқа жанында отырған Алашқа қарады.

- Мына жігіттерге қонақасы дайындаңдар. Көкпар шауып, бой жазып қайтсын, жігіттерінді жинап тамашаландар. Датқа кез жанарын қатпарлы қалың қабагының тасасына сүңгітіп жіберіп, мына отырған адамдардан әдетінше оқшауланып алды. Алаш бүгінгі шаруа осымен бітті дегендей, Мұсага үйден шығу керектігін сездіріп, орнынан тұрды. Әлгінде, қонақтарын төрт-бес үйге жайғастырған Алаш өз жігіттерін жан-жака аттандырып

бие сауым уақытта жуз қаралы жігіттерді Елібайдың беткейіне шыгарған. Енді шәй ішіп, қымызға қанған Мұсаны сөзге тартты.

- Мұса, Сардар, қару жарақтарды осы үйге қалдырып қалауынша күзет қоюыңа болады. Датқаның рұқсатымен салым көкпар тартудың кисыны келіп тұр. Дала қазагымен дуылдастып, тізе соқтырысып, тақым басысып, мөреге салым салып, бір рақаттанатын күн туды. Біздің жігіттер сақадай сай болып қыр басында тұр, ендігі шешім сенде.

Мұса Алашқа қарады. Мына батырдың түпкі ойы не дегендей жүзіне тіктеп көз салды. Бірақ Алаштың жүзінен еш қандай өзгерістің нышаны байқалатын емес. Аңқылдаған ақ көңіл қазакы міnez мейманостықтан басқа ештеңесін көзге ұрып тұрган жоқ. Сардарға тап көзір сенімсіз қылық көрсетудің өзі мін көрініп кетті.

- Алаш батыр, сіздің жасыңыз менен үлкен сыңайлы. Оның үстіне ауыл сіздікі. Сондықтан, сіздер жөн көріп тұрган іске қарсылық ету маған бір түрлі ыңғайсыз болып тұр. Біз іс басында тапсырмамен жүргенімізben түбі бір, діні бір жандармыз ғой, зиянкестік іс бола қоймас. Олай болса сіздің дегеніңіз

болсын. Қару сақтықты қажет етеді, күзетке екі сарбаз қалдырамын. Олардан бөтен кісілер үйге кірмейтін болса болғаны, деді.

- Бұл үй қайтқандарынша сендердікі. Жігіттерің иелік ете берсін, деді Алаш.

Ел жігіттері де, хан жасауылдары да бүгін құмардан шыға көкпар тартты. Қазақтың аптал азаматтары іріктеліп ысылған сарбаздарға есе жібермеуге тырысып-ақ бақты. Ата қазақтың көкпар өнерін дамытудағы сан қылы тәсілдерін меңгерген жігіттер күш пен қайратты, ақыл мен тапқырлықты, жігер мен намысты үштастыра отырып, тартыс тізгінін өз қолдарында ұстай білді. Дала қазақтарын аңғал, бос белбеу санайтын Коқандактар өздерінен тәсілі де, күші де басым жігіттердің бар екенін, басы біріге қалса ешкімге есе жібермейтін ел екенін көріп іштей өкініште жүрген сыңайлы. Көкпар тартып, күш сынасудың керегі жоқ екенін кеш үғынды. Ұлы бесінде басталған салым-көкпар күн батуға таяғанда Алаш батырдың дабылымен тоқтады. Коқандықтар қазақтардың шардағына маңайтай алмаған күйі, өз жақтарына бес салым салдыртып «жұні жығылыңқырап» қалды. Өсіресе, жас құралпы он алты - он жетілердегі

Байназар, Келесбай, Елбегілердің ат үстіндегі ерен қыймылдары қайтпас жігер, - қажымас қайраттың жетіліп келе жатқанын, елдің ертеңін ойлайтын азаматтардың намыс тұлпарын бабылау үстінде екенін дұшпандарына сес қылып көрсете білді.

Шауып бара жатқан аттың басын ірікпестен жерде жатқан нән серкені опонайді іліп әкететін Елбекі, такымына көкпар басса «тай шаптырым» жердегі мөреге жармасқан адамдарды сүретемүйрете апарып салым салатын Байназар, өз жағының шардағына қарсыласын шендетпейтін Келесбай «Қоқан лоқыны» пішту көрмейтін жүректі жігіттердің бар екенине қоқандықтардың көзін жеткізді.

- Біздің жігіттер міне осындаи Мұса мырза, «Ұрыста тұрыс жок» демекші, жөпелдемеге келгенде «күш атасын танымайды». Айыпқа бұйырма, Сардар, көкпардың өз заңы бар. Жеңіс күштінікі. Ал, біздің жігіттер көзір бабында!

Алаш қатар келе жатқан Мұсага қарады.

Мұсаның көзі аттың құлагында. Іште қыжыл, көзде мұн, ойында борасын бар сыңайлыш.

Бірақ, тым-тырыс күйде қалды.

Не десін, ханның шотын шауып келіп, Қарашының табасына қалса не уәж айтпақшы. Өкініштің уын ішкен күйі сол кеште дәмге қарамай хан жасауылдары аттанып кетті.

Сол жылы қыркүйек айының ішінде қазақы киінген қос атты Қоқан ханының ордасына ат тұмсығын тіреді. Ат байлайтын кермеге бұрылмай, өдeйлеп келіп хан ордасының белдеуіне шылбырын іле салып, есік күзеткен әскерді қаға-маға ордага баса көктей кірді.

Бір-екі адаммен қаннен-қаперсіз отырган ұлық, келгендеге бажырая қараган күйі бір сөтке абыржыған сынай танытты. Бірақ, есін тез жиган Ұлық, шамырқана тіл қатты.

- Өй, Құлшық бұл сенің қай қылышың. Ордама баса-көктеп кіресін, екі жылдан бері ием бар еді-ау деп, ат ізін салмайсың. Қәне, себебінді айт!

Құлшықтың хан алдында отырганы қаперінде жок, жай бір ауылдастарымен бас қосқандай, жайбаракат тіл қатты.

- Уа, Ұлық, осы екі жылдың ішінде келіндерім босанып, той-томалағын өткіздім. Оның үстінен түйелерім боталап, тайларыма дейін құлындаап, сыйырларым бұзаулап, қойларым қоздап тіршіліктің

ыңғаймен жүріп қалдық. Біз бір көк майсада, салқын жайда жатты ғой деймісін! Ал, тиемелінді түгелдей өкеле жатырмыз. Құлшық айтарым осы, дегендей, ханның бетіне тіктей қарады. Тұла бойы тітіркенген хан өскер басына қарап, -мы, мы, мынау не айтты өзі, мазагыма мына қазақтың байла мынаны, сал зынданға, деп қалышылдады. Осы кезде орынан ұшып тұрган Алаш батыр да қынаптағы қылышын суырып алып Шатырдың белдеу бауын шапты да жіберді. Жайбаракат отырган Құлшықты орынан сүйрей тұргызып, қас-қагым сәтте тысқа шығып, дайын тұрган атқа қарғып- қарғып міністі. Алаш батыр Құлшықтан арқан бойы кейіндең бес қаруын ыңғайға келтіріп, ордадан ұзап кетіп, бара жатты. Бұл кезде Кохан ханы жайылып түскен көлемді шатырдың астында қалып, жанындағы ақылшы, қоргаушылары сыртқа шығар саңылау іздел, өбігерге түсіп жатқан болатын... Осы тұста Сарыбек қария әңгімесін тоқтатып, ат басын ірікті.

- Балалар, азды-көпті тамақтанып алайық, деп балаларын аттан түсірді. Ратайдың аузы аста болғанымен көңіл-күйі қалаға ауган. Қала деген атты үлкендердің әңгімесінен естігені болмаса,

оның не зат екеніне ой-өрісі жетіл көрген емес. Тумысынан кигіз үйде өскен бала, «қала» дегенге қайран қалумен жүретін. Кәзір, екі көзін ағасы нұсқаған жаққа жиі аударып отыр. Бірақ, алдында белес сияқты, ұзынынан сұлап жатқан қараусын жолақ көрінгенімен балага қала деген атау өлі де жұмбақ.

Атқа қонған жолаушылар сүт пісірім мерзімде «төңкеріс » деп аталатын жағынан қалаға келіп кірді де Байтаманың дарбазасына ат тұмсығын тіреді.

*3. Өбу Сәрсенбаевтың естеліктері.
(жазушының әдеби шыгармасынан
алынды)*

1942 жыл, 19 июль, кешкі бес. Өскери комендантқа белгі соқтырып, ұзатушыларға перрон билетін алып үлгергенімізде қоңырау да соғылып еді. Бесінші вагонға қарай асығыс жүгірістік... Ауыр күрсініп, тамбур есігінен сұғына қарадым. Алдыңғы тұстан көне сериялы паравоз тендірінің сыры кетіп, ала қожалақтанған бір бұрышы ғана керінеді. Соғыстан бұрынғы жылдары теміржол газетінің қызметкери ретінде жол шаруашылығын аралап жүріп, қиян-қызыр тубектерде саптан шығып шаңға көміліп, күн астында қаңсып тұрган көне паравоздарды кездестіргенім бар еді. Мынау тендір соларды еске салады.

Жолаушы біткен терезе маңына шоғырланған. Ашық әйнектер тұстарынан алуан түрлі орамалдар жайқалып ақ, тілеулер айтылып жатыр. «Аман қайт! Женіп қайт!..» перрондағы жұрт бізбен ілесе кетпек болғандай қабыргаласа жүгірседі. Ұзын тізбекті пойыз да осынау жұртты тастап кетуге қимагандай, баяу ғана жылжиды. Вагон қабыргасына

жақын жерден таныс дауыстар естіледі. Өз балаларымның ерке де, мұнды үндері:

- Өке, Өке! Қош, әке!

Терезеге ұмтылған едім, орналасып алғандар жолатар емес. Қайтадан тамбурға жүгірдім. Ұзатушы жеңгейдің иығынан асыла дауыстадым.

- Райхан, қош бол, қош қызым!

Пойыздың бауыр жазып көслер кезі болған-ды. Енді екпіндей бастаған. Ұзатушыларды да, қалалық вокзалды да жасыл теректер шымылдығы көлгейлеп, есқі паровоз жасыл вагондар тізбегін зіркілдете сүйреп, ак сағым айдынына сұнгіп барады...

Ташкент, 30 июль, 1942 жыл. Бесалты квартал аумағын түгел қамтып, он шақты үйден тұратын биік дуалды бұл мекен, «өскери жөнелту пункті» деп аталады. Дуал қақпасында жалғыз минут маза жоқ, бірі кіріп, бірі шығып сабылып жатқан сансыз жан. Біреулер есіктен еніп үлгермей майданға жөнелтілсе, енді біреулер айлар бойы кезек күтіп, өбден мезі болған. Солардың бірі мен өзім.

Тұс ауа аяқ астынан өскери аймаққа шақыртқан хабар келді. «Әй, осы жолы жөнелтетін-ақ шыгар» деген үмітпен келген едім. Бірақ амал не, мен күткен жолдама емес, өзгеше болып шықты.

Кексе Майор қолыма жарты парак қағазды ұстата берді. «ВВПИ начальнигі, бригада генералы Афанасьевқа» деп жазылған. «Жолдас Майор, бұл төрт әріпті түсіндіріңіші?» Майор кейісті шыраймен басын шайқады. «Оқу, достым, оқу... Жоғары дәрежелі әскери педагогикалық институт сонда оқисың»...

1943 жыл. Наурыздың алғашқы таңы. Кош бол, Ташкент, кош бауырлар! Отыз жеті жылдық өмірімнің сегіз жарым айын сенде өткізген екеммін-ау. Көзір соғысқа жөнелгелі тұрмын.

- Эш-е-лон!..

Капитан Екимовтің қоңыраулы қою даусы бүкіл перронды жаңғырықтырып жіберген еді, интситутымыздың начальнигі генерал Афанаьев келген екен.

- Офицер достар, оң сапар!... Бәріңнің де жеңіспен, аман оралып, үй-іштерінді қуантуларыңды тілеймін!

Генерал фуражкасын ілгері сілтеген қалпы, сол қолындағы ақ орамалмен пенсінесін сұрте бастаған.

Мүмкін пенсінесін емес, көз кемеріне келіп қалған жасты сұртпек болған-ды. Қунде жаңбырлы болатын...

- Кош, Мейрбан генерал!

... Июль 1943 жыл. Кешкіре бастаған кез. Изюм қаласынан оңтүстүкке қарай жаяулап келем. Майдан жолы ирелендей отырып, терең сайға сұңгіді. Екі жағым наизадай тік, биік жар. Қарапайым жар емес, қабілетті ұстаның қолымен қалағандай, кіршіксіз аппақ қабырға. Осы маңың жер жынысы да ақ известняктан тұратын болса керек. Боз мұнарды сапыра лек-лек машина заулайды. Өз үстім де ақ тозаң.

Жүріп келем, жүріп келем, жүріп келем. Сорлау жол сайдан өтіп, жазыққа көтерілді. Айқас ауданына таяна түссем керек. Жер қүйқасын қопара ауыр артиллерия оқтары жарылады. Зәре жок. Мандай терім бұрқ ете қалады. Оқ астындағы алғашқы сапарым. Жүрегім кеудемді ұрып, буындарым діріл қағады.

«Жауынгер тағдыры күнде осы. Сен солардан артық па ең? Өзімді-өзім жазғырып, сөгіп те, мазақтап та қоямын. «Романтик» шіркін, соғысты той деп ойласаң керек! ... Жүріп келемін, жүріп келемін. Алдыңғы шепке жақындаған сайын автомат тізбегі де қоюлана түседі. Әрбір оқ тек мағанғана арналғандай. Жүрегім тағы да дір етіп бұға түсемін. Қарсы алдында жатқан жауынгер өлігі қосымша үрей шақырады. «Әбеке,

алғашқы сапарда-ак...» Корқынышты ойдың аяғын көмейімде қалдырып құлай кетемін. Бұдан әрі тік көтерілуге дәрменім жоқтай. Енді бір жола жер бауырлап алғам. Әйтеуір ілгері жылжимын. Оған да шүкір. Арт жағымнан аяқ дыбысы естілгендей болып еді. Осы маңың өсімдігі түстес шұбар халатты екі адам оң қанатынан оза берді. Тобылғы түстес жас жігіт отты көзін жалт еткізіп, бір қарап қойды. «Жолдас санитар, немене жарапанып қалдың ба?» басымды шайқадым. Бейтаныс жігіт кекесінді жымиды. «Оқ дәрі иіскең үлгірмеген екенсіз. Уақасы жоқ... Өлі үйренесіз... Жаралы жауынгерді айқас алғанынан да алып ышығатын боласыз...»

«Өлімнен ұят күшті!» Үндемедім. Плащ-накидкамды иығыма жауып алғанмын. Шұбар халаттылар мені санитарға жорыса керек. Жауынгер өлігін алып қайтуға кеңес берді де, бөгелмеді. Бұрылмады да. Аналар әбден ұзаганға дейін сол қалпында бұғып жаттым да, орнынан көтерілдім. «Коян жүрек кор неме, өзгеден жаның артық па!» манағыдай емес, қорқа тұрса да бойым үйренген тәрізді. Бұқпалай жүре отырып, терең орга құладым. «Уә, аман жеттім бе,

жоқ па?» Қара мұртты егде солдат жүзіме үнілді. Таза украин тілінде, мусіркей сейледі. «Солдат бауырым, жарапанып қалдың ба?» мен басымды шайқадым. Егде солдат енді кекесінді үнмен күледі. «Эх, солдат, солдат... Оқтан қорқып винтовканы да тастап кеткенсің бе?... Неге үндемейсің? Өлде контузит етілдің бе? ...» Тіл қатпастан плащ-накидкамды сызыра тастап, үстімді қара бастаймын. Пагоныма көзі түссе керек, солдат жүзі кекесінчен арылған. Оң қолын шекесіне апарып, сіреле қалыпты. «Жолдас аға лейтенант, кешіріңіз...» Кешірім сұрауда ұят. Документімді көрсетіп бағыт сұраймын.

- Е, ол кісі біздің батальон командиры гвардия капитаны Ратай Султанбеков қой. Батальон «батькосы» гой, біздің «Бауыржанымыз» гой, ол.

Осы ордың бойымен батыска қарай жүре беріңіз, жолдас аға лейтенант! Миықты солдатқа рахмет айтып, аты-жөнін сұраймын. «Микола Коваленко»

Енді төнген қатер жоқ. Оқ білкте, мен төмен. Үрейленбей еркін адымдаймын. Жіті адымдал келемін. Ор ішінде адам аз. Өзгелер тыныстап, күзетшілер ғана қалған болса керек. Өр ішінде бір солдат. Кезекті иінде жас

солдатты кездестірдім. Көлеңке жердің өсімдігі тәрізді, тым жіңішке, тым ұзын. Жүзінде де қан-сөл жоқ. Онып біткен матадай бозара қалған. Оқ ыскырса болғаны, ор тубіне бұға түсіп алаң-ғұлаң етеді. Манағы мені қайталап, зәресі кеткен төрізді. Не өзбек, не қазақ, өйтір шығыс ұланы. Енді намыстانا да бастадым. «Жасық неме!» Солдат селк етті де, маган бұрылды. Өскери дәстүр бойынша сәлемдесуді де ұмытқан. Бейне бір өкесін көрген баладай ыржия күледі. «Ағай...» Жас солдат қолын фозган күйі ұмытыла түсті де, бөгеліп қалды. Аяп кеттім. Өлгі бір сөт мені жан ашыр адамына ұқсатса керек. Енді тосырқай қарап ресми сәлемге көшті. «Неге ұмтылдың, неге шегіндін?» Солдат әлденеге мұцайып, терең тыныстыды. Көз кемерінде жас та бардай. «Сізді Өміржан ағай ма деп қалған едім... Хабарсыз кеткен»... Кеудеден ғана күрсініп, он қолымды иығына қойдым. Қасыретін женілдетпекпін. «Өлмеген жаңнан үміт бар, күдерінді үзбе!» солдат көnlі кетеріле түскендей, үміттене басын изейді. «Рахмет ағай...» Сумкамнан газет алып ұсынамын. «Совет жауынгерінің соңғы саны. Солдат қараышығы « жаудан кек аламыз» деген шағын мақалага

тоқтаған. Мұнда бір айқастың шежіресі баяндалып, Оразалиев, Жұмабаев, Жапаров сияқты жауынгерлердің ерлігі мақтан етілген. Жауынгер маган сұрақты пішінмен қарайды. «Ағай мынау Жапаровтың атын білмейсіз бе?.. Біздің ағай болып жүрмелей...» Үмітін үзбеуге тырысамын. «Солай болуы мүмкін... Редакция арқылы анықтауга болар...» Жас жігіт қасыретін женілдеткендей терең тыныстыдый. «Сейтінізші...» Уағда етіп, кенесімді айтамын. «Өзің үрейленіп тұргандайсың... Жарамайды... Жүректі бол... Жүректіге оқ дарымайды... Ұқтың ба?» Жауынгер басын изейді. «Ұқтым ағай, үиренемін ғой... Жақында ғана келдім...».

Жас солдатпен қоштасып ілгерілей берем. Жиекке жақын жарылған қаһарлы оқтан шошынып бұға түсемін де, өзімді-өзім мазақтаймын. «Өзгеге ақыл айтасың... Ал өзің ше?» Айналып артқа қараймын. Манағы жасық Жапаров енді маган күліп тұргандай. Сұңғақ бойын тік ұстаган дөңгелек бозғылт жүзіне қызығылт рең пайда болыпты. Батар күннің күрең шапағынан түскен сөуле шығар-ақ, әлде мүмкін Өміржанды күткен жүректің үміт нұры болар ма? Куана бергей, күте бергей

жас солдат. Үміт оның жүрегін ерендікке бастағай!

Жапаров қалтарыста қалды. Жіті жүріп келемін. Иін сайын алуан ұлттың ұлдарын кездестірем. Тотықан солдат жүздерде үрейден еш бір белгі жоқ. Терен ордың өр тұстагы тарамдарынан лек-лек жауынгерлер бой көрсетеді. Аз тыныстан кейін негізгі қорғанысқа келе жатқанды. Аяқ алыштарынан ширақтық байқалады. Жігерлі жандар маган да өсер еткендей. Жау оғы жиілене тұрса да жасқанбауга тырысамын.

Құн бата командир блиндажына ендім. Дәл босағада байланыс құралдары. Қара мұртты ага сержант әлденендей трубкамен әуреленуде, орта жастагы қазақ жігіті, палуан денелі балғын ефрейтор радиоаппаратында кешкі эфирден өлде кімді іздейді. «Волга, Волга... Мен, «Қыран», мен «Қыран»... бір, екі, уш...». Блиндаж орталығындағы үлкен столда қос шырағдан маздайды. Үш офицер картага үнілген. Қолдарында сызу құралдары. Бедерлі карта бетінен тұңғының бір сыр аңғарғандай. Ақырын гана күбірлеп, екінші картага өр алуан сзықтар тартады. Өзге әлемді мұлде үмытқан тәрізді. Кірген бойда тамагымды

кенеп, біраз бөгеліп қалған едім, елер емес.

- Қайырлы кеш, жолдастар...

Даусымды көтере сәлемдестім. Офицерлер карта бетінен енді гана бастарын көтерді. Екі бетім ду етті. Дәл тәрдегі жас жігіт манағы шұбар қалатты. Мені ол да таныған сияқты. Кекесінді гана жыныиды. Мазактар – ақ деп едім, әдептілік істеді. Документімді көрді де, жүзіме ұзақ үніліп, етсіздеу қолын ұсынды.

- Батальон командиры Султанбеков Ратай... «Еділ толқынын» оқыған едім...

- Рахмет, інім. – Көнілдене күліп қолын қыстым.

- «Еділ толқыны» қиял жемісі еді гой, енді өмір шындығын, майдан батырларын жазбақын.

- Майдан батырлары...-Батальон командири сейлем аяғын көмейінде қалдырыды да, қою қасын бір қағып тамагын кенеді-Қош келіпсіз. Аңғарып тұрмын, шын айтпағы бұл емес.

«Манағы жатқан түрінзіben майдан батырларын қалай жазбақсыз!» Демек...

- Кәне, танысыңыз. Ратай өз жанында отырган екі офицерді нұскады. – Менің серіктерім... Аға лейтенант Щур...

- Аға лейтенант Максимов... Атыжөнімді айтып, қолдарын қыстым. Батальон командирі карта бетіне үңіле түсті де қайтадан басын көтерді.

- Ағай, бір тығылтаяң кезде келдіңіз... Жұмысынызды...

- Өскери тілшінің жұмысы белгілі гой.

- Дұрыс, демек жауынгерлермен кездесуініз керек қой... Партия үйымдастыруышыны шақыртайын.

Жауынгерлер жайынан жазылып жүр гой... Мен тұра өзің туралы жазсам... Өмір баянынды түгел айтсан...

- Менде қандай өмір бар! Гвардия капитаны жымиды. - Жиyrма бірге биыл толған екенмін... Оңтүстік Қазақстанда орта мектепті бітірдім. Балалар үйінде тәрбиелендім. Алматыдағы дәрігерлік институттің екінші курсынан өскерге шақырылдым. 1940 жыл. Львовтағы пулеметчиктер мектебі. 1941 жылдың 22 іюнінде соғыс басталды. Жанталас сұрапыл қырғын. Тактикалық шегініс, осы батальон. 1941 жылдың күзі. Атқыштар курсы, тағы да өз батальоным, талай рет сарбаздары жаңаған өз батальоным, оның қын-қыстау жолдары. Құрбандығы көп

жөністер. Демек менде жеке өмір жок... Менің өмірім батальон өмірі...

- Маган да керегі сол батальондық өмірің...

- Соғыстың тарсылдағын деңіз? - Сұлтанбеков кекесінді басын шайқайды. - батальон солдаттардан тұрады... Женіс тағдырыны жауынгер шешеді...

- Әрине, бірақ корабльді капитан басқарады гой...

- Дұрыс, - Батальон командирі сөлғана жымиды, мәселе басқара білуде. Мұны білу үшін де жауынгерлермен сырласу керек... Жауынгер жаңы океан! ..

Жасы кіші, тәжірбиеі мол жас командир мені маңағы бір ұятым үшін іштей жазғыра тұрса да келеке етпей, мақсатқа мезгейді. Оқ күркүріне емес, адам тағдырына үңілуді маслихаттайды. «Жауынгер жаңы океан!» Даусыз кенес. «Ер қапталы батқанын иесі білмес, ат білер!»

Жас офицердің басқару шеберлігін де батальон ерлерінің әңгімелерінен тыңдауга тиестімін. Айбарлы белімшешің кең тынысын сондаған аңғарасың... Тұнгі он бірлер кезі. Батальонның партия үйымдастыруышы гвардия лейтененты Петров екеуміз роталарды аралап келеміз. Бұл мениң алдыңғы шептегі тұнғыш

түнім. Қынжылтары да, қызыктырыры да мол. Қызылды-жасылды жолақтар кең аспанда кестелене заулайды. Ақ сөулелі ракеталар жиі-жиі жарқылдап самғау шырқау биіктен шашақтана жарылып алады да, бейне бір күміс теңгедей шашырай төгіледі. Куатты прожекторлардың ақболат қайшылары онды-солды ауытқып, аспан жузін шарлайды. Енді бір сөт іздегенін тапқандай тік шанышла қалады. Дөл осы секундті қана күтіп тұргандай-ақ қайшы бойын қуалай зенитқа оқтары заулайды. Әлгі түсқа көз тіксөң лапылдай қаулаган от құйынын көресің. Өртеніп түскен жау құзғыны. Сүйсіне түсіп ілгерілей береміз. Мезгіл мезгіл жарылған зеңбірек оғынан аяқ асты діріл қағады. Оқ тепкісінен үзіліп түскендей, аспан кеңістігінен жұлдыздар сорғалайды. Оң қанатымыздан екі адамның күбірі естіледі. «Санап үлгердің бе?» деп сұрайды қарлығыңқы дауыс. «Ун, осы жолы үлгердім...» жас адам жарқыншақты нөзік үнмен күрсіне жауап қатады. Таныс дауыстар. Құндізгі өзім кездестіретін екі солдат. «Үлгірсең болғаны, қайғырма, ұлым Жапаров, ағаң да аман табылады, өзіңде оқ дарымайды». Жас солдат жақсы жоруга

сеніп те қалған төрізді. Қоңілдене жауап береді, «айтқаныңыз келгей»

- Гвардия ага сержантты, не санап тұрсындар?- деп сұрады партия үйімдастырушы.

- Жұлдыз санап тұрмыз, жолдас гвардия лейтенанты. Мынау менің серігім жұлдыз ағып түскенше он рет санап үлгерді...

- Сонымен...

- Сонымен ағасы да аман табылатын болды, өзіне де оқ дарымайтын болды. Бізде санамайды, «тілейді» тілегін айтып үлгерсе мұратына жетеді дейді.

- Бізде де, - Коваленко мұртын шиratып, жымияды. - Мен оған өндеу енгіздім. - Жігітсің, Микола, - патия үйімдастырушы егде солдатты арқаға қағады, - сен мынау Жапаровты батырлыққа баулы, өз тәжірибелді үйрет, үқтың ба? Ұқтым, жолдас лейтенант, мана батальон командирі де тапсырып кеткен... Біз енді Адик екеуміз үнемі бірге...

Аға сержант сөз аяғын бітірмей, кенет оң қолын шекесіне апарып шегіншектей берген еді, екі-үш адам ертіп ботальон командирі келіп қалған екен.

- Қайырлы кеш, - Сұлтанбеков, ешқандай үлкендік білдірмей, қарапайым

адамша өзілдесе сөйлейді. - Аға сержант қалай, университет сабагын бастадының ба?

- Дөл солай, жолдас командир...

- Үлгерімі қалай, шәкірттің?

- Зейінді болар түрі бар...

- Жолдас комбат, партия ұымдастырушысы қулана жымиды, - аға сержант алғашқы сабакты жүлдyz санаудан бастаса керек...

- Иә, иә, қалай, - батальон командиры енді Жапаровқа бұрылды - санап үлгердің бе?

- Үлгердім, жолдас комбат, - Өділ қызылыңқы басын изеді. - Аға сержант жақсылыққа жорыды...

- Айтқаны келсін, - Ратай жас солдатты жауырынға қағады. - Міне осы кісіден үйрене бер... Оның өмір жолы үлкен бір университет.. Үш жыл бойы соғыса жүріп, өз бойына оқ дарытып көрген емес. Бой тасалап бүккандықтан емес, шебер қымылдағандықтан... Жүректіліктен ... Жау оғы жасық жанды табады... ұқытың ба?

Ұқытым. - Батальон командирінің ерекше қамқорлығын аңғарған жас солдат сол қуанышын аңғарта, терең тыныстап, маған бұрылады:

- Мынау ағайдың өкелген газетінде Жапаров деген біреудің ерлігі айтылыпты. Өміржан ағай болғай...

- Солай ма? Шүйінші беруің керек еді рой... сен бұл кісіні білесің бе?

Ратай енді мені таныстыра бастайды. Егде адамның да сәби сияқты кездері болады рой. Манағы бір сөт ол жасықтар туралы сез қозғағанда «Солардың ішіне мені де қосып тұрсың-ау» деп жабығып қалған едім, көзір көнілімде бір көтеріңкілік сезінемін. Тәжірбесі мол, алымды жас офицер мынау балғын солдаттығана емес,

Мені де батылдыққа баулып тұргандай ...

Комбат шабуыл алдындағы бұл тұнді кез ілмestен өткізді. Өз қарамағындағы роталарды түгел аралап шықты. Өр жауынгермен қамқоршы өкедей, адал мейіріммен сейлесті.

Солдат қолындағы жауынгерлік жарактарды да тексеріп, біреулерді арқага қақты, біреулердің кемшілігін көрсетті. Бөлімше қарамағындағы зеңбіректер мен минометтердің қалай орналасқандығын да бақылады. Өлігідеға барлаушылар өкелген «бақылаушы тілді» алғашқы «өндеуден» өткізіп, содан кейін өз роталарының командирлеріне де,

сүйемелдеуші топтың басшыларына да жауынгерлік тапсырма беріп үлгірген-ді. Қазір карта бетіне үніле түсіп, үнсіз ойга шомған. Алдағы шабуылдың тағдырын ойлауда. Шабуыл тағдыры дегеніміз адамдар тағдыры. Өр солдатты кез алдына келтіргендей. Манағы балғын Жапаров ше, егде тартқан аナンың ендігі күткен жалғызы. Хабарсыз кеткен агадан үш бірдей сәби бала бар. Сол Өділдің өзі ше? Қанаты өлі қатпаған, оқ астында болмаған, ұяң жұзді, уыз жас. Аграном болмақ арманы қайда? Ол өзірге сүйіп те, сүйіліп те үлгірмеген... Манағы мұртты Микола-алты үлдің атасы. Үлкен баласы көрші майданды рота командирі. Жақында Ратайдың рұқсаты бойынша сол ұлына барып келді. Баласына, бейбішесіне жазған хаттарын өлігідеғана мынау Дошатовқа табыс еткен. Дошатов демекші, Дошатов ше? Ол өлігідеғана жау зеңбірегінің оғы үзген телефон сымын жалғап қайтқан еді, қазір кең маңдайын автоматка сүйеген күйі, блиндаж босағасында қалғып отыр. Мезгіл-мезгіл өлдене деп күбірлеп, қара мұрттың миығынан күледі. Мұмкін, сонау Ақтөбедегі үйелмелі- сүйелмелі төрт нөрестені түсінде көріп отырган-ды. Беркей, Беркей, сен қанша қатерден

өткенсің. Жауынгер батальонның қан тамыры сенің өміріңмен жалғасып жатқандай. Жаралы күйің, сан рет үзілген сымның екі ұшын тісіңмен жалғай құлаган кездерің батальон шежіресіне жазылған. Тағы айқас. Саған тағы да ауыр міндеттер жүктелгелі отыр. Сен тағы да түтеген оқ астында жүріп, үзілген сымды жалғайсың, жаңадан байланыс сымдарын тартасың... Үзілген сымды тісіңмен жалғап, бүгін де мүмкін құларсың... Тек аман қалсаң болғаны!

Командир өлі де ой үстінде. Өлі де Жеңіс тағдырын ойлауда. Батальон адамдарын тағы да көз алдынан өткізуде. Рота жауынгерлерін әрқашан ерлікке бастайтын партия үйымдастыруышы Иванов пен Коноваловтар, Адай елінің ерлік қасиетін ала туған, автоматшылар зводының командирі Атаниязов, ПТР - шы Қошқарзадаев, 45-милиметерлік зеңбіректің адудың денелі батыр командирі Бейсенбаев, Минометчик Богосян, батальонның данқты мергендері Өуелбеков пен Большаков ... Тіпті мынау, екінші босағада қалғып отырган тығыншықтай қара жігіт ше? Бөлімше адамдары «Қара жігіт» деп атайды, фамилиясы Халықов. Батальон командирінің сенімді байланышысы. Осы жігіт сан рет сүйікті

командирін өз денесімен қалқалап, жау оғынан қорғапты. Осылардың бәрінен елдегі тумалары сарғайып хабар күтеді. Таңғы шабуылда бұларға қандай қатер төніп тұр? Айқастан кейін ауыр күрсініп отырып, тағы да кімдерге хат жазбақ.,... Ерлік пен қаза тапты... Бар болғаны осы гана! Осы үш жыл бойы мен өкінішпен еске алатын қыршынынан қылған қаруластырымды ертеңгі ұрпақ елер ме? Өр қайсысына бюст орнатудың, аттарын өшірмеудің орнына не бітіріп еді, соңшалық деулері де мүмкін-ау. Соғыстың той болмағандығын, өлімсіз келер жеңістің жоқтығын, өлілерге тірілердің мәңгілік қарыздар екендігін үқса гой, шіркін. Сұлтанбеков осы жайларды ойлануда. Ал комбаттың өзі ше? Жеті жаста өкеден айырылып, жесір қалған ана конпискеге ұшырап, мұны балалар үйіне тапсыруға мәжбүр болса, сол балалар үйінде орта мектепті бітіріп, институтқа түссе, балалар үйінде бірге тәрбиеленіп, институтқа бірге түскен, уыз махаббаты Сөule секілді сүйген жары төрт жылдан бері жетімдіктің тақсыретін тартып, мұны зарыға күтіп жүрсе, қындықтардан командирдің өзі де адамесекен- ау.

Он бес жылдан бергі жинақталған анаға деген сағыныш, туыстарын аңсаған жалғыздың күйі, он шакты жылдың көлеміндегі балалық достықтан шын махаббатқа айналған сүйген жарға деген іңкәрлік командирді толқытып отыр...

Бір мезет Ратай ойы артта қалған майдан атты қасіреттің сұрапыл жолына тұсті... Украина үсті көк түтін. Бүкіл аймақты жалынға жауып жау келеді. Өртеп келеді, жалмап келеді. Аспанда жау құзғыны, жазықта жау танктері. Зенбірек тепкісінен жер тенселіп, өзен шайқалғандай. Күтілмеген тосын соққы. Айлалы дұшпан алдап соқты. Қапыда қалған қалың қол қорғана соғысып, шегініп келеді. Қашанғы шегінбек! Артта асаяу Днепр. «Шегінбе, жетті!» дегендей, көк ала толқын көтерген арыстан жалын аспанға сермейді, биікке қарғытады. Жаңа позицияға бекінген батальон батырлары түн бойы қажыған. Қазір таң бозара бастаған. Атар таң мен аралас тағы да айқас басталды. Аспан кеңістігінен құзғындар шүйілген. Қорғаныс алды көк түтін. Ауыр артилерия оқтары жиі-жиі жарылып, жер дірілдейді. Өңешінен өрт құсып, свастикалы танктер келеді. Танк соңында фашист солдаттары. Бейне бір қасапшы төрізді, білектерін түрініп алған.

Автоматтарын кеудесіне тіреп, бет алды оқ жаудырып еркінсі адымдайды. Біздің жақтағылар да оқда оқпен жауап беруде. Сұлтанбековтың пулемет зводы өр ротаның қанатын ала, таса-тасаға бекінген. Оң аяғын бір нөрсе теуіп өткендей болған еді, етік қонышын жұлдып кеткен екен. Балтыры да күйіп барады. Қызу қанды жас жігіт елең етер емес. Ендектеп келеді, ентігіп келеді. Ратай жетіп үлгірді. Пулеметчик оқда ұшқан, көмекшісі оң қолынан жарапалыпты. Сұлтанбеков иесіз пулеметті сүйреткен күйі, сай бойымен ілгерілей барды да, жау автоматчиктерінің көк желкесінен оқ боранын селдettі. Дұшпан өскери жосадай қанга боялып, кейін серпілді. Автоматчиктерден ажырал қалған шойын денелердің алғашқы екеуі жалынға көмілген. Өзгелері өкіше іздеріне қарай жалтара бастаған. Соларлдың бірі қабактан құлап келеді. Ратай пулеметіне тәнген. Таптап өтпек түрі бар. Жігіт жүргегі кеудесін ұрады. Мынау шойын денені тоқтатар құрал болсаши. Пулемет оғы болат қабыргаға сырт-сырт соғылады да, кейін серпілді. Ратай тістене түседі. «Эттең шойын ойғыш болса ше!.. Шынымен-ақ, тапталғаным ба?» Енді бір

сөт пулеметті қалқалай шегініп, өлгіде ғана оқ қопарған шұңқырга құлады. Танк таяқ тастам жерге келіп те қалған еді. Ратай жанаң майлы шыныны лақтырып үлгерді. Танк үстін лапылдаған жалын жапты. «Я сөт» Сұлтанбеков осыны ғана айтып үлгірді. Өлдене гұрс ете қалған еді, бүкіл денесін зілдей бір батпан күш баса түсті. Омырып барады, жанышып барады...

Бұл Ратай Сұлтанбековтың кезекті бір ауыр жаракат алуы еді. Батальон командирі көзір шабуыл картасы үстінде осы жәйларды да ойлап тұрган.

...Ертеңгі сағат бес кезі. Таң сөулесі молайып, жерге жарқ түсे бастаған. Сұлтанбеков командалық пункттің алдында тұр. Томага көзін сонау бір мұнартып көрінген деңеске тігіпті. Бұғінгі ұрыс тағдыры осы деңнің баурайында, осы деңнің үстінде шешілмек. Қан төгіледі, талай бір сабаздар өмірімен қоштасады. Биік болеашы, шоқтықты келсе-ші. Жоқ, жатаған дөң елеусіз. Бұған дейін ешбір географиялық картага түсірілмеген, белгісіз дөң!.. Бұл дөнді тек қана өскери картадан кездестіресіз. Онда да аты белгісіз. Тек қана номер қойылған. «617-82-дөң»

Ратай сағатына қарады. Таңғы бес. Артығы да кемі де жоқ, дәл бес! Әскери адамдар тілінде айтылатын көдімгі-5⁰⁰ ! Шартты ракеталар жалт еткен шақта-ақ, зеңбіректермен миномет стволдарынан лапылдаған қызыл жалындар құйыла жөнелді. Бірінен бірі қалмастан жарыса жалғаса құйылады. Артиллерия дайындығы! Жау бекінісінен оқ түтей бастағанды. Бірақ, біздің қуатты артиллерия оқтары оларды тұншықтыра сап, лақылдай береді. Көк әлемінен құдіретті өзен ақтарылғандай, зеңбірек аузынан лақылдай төгілген жалындар батыстан әлгі айығып үлгермеген түн мұнарын бөксере құлдилайды. Өуелгі сөтте аспандай барып, сонау шырқау биіктен шүйіле төмен соргалайды. Дөң баурайын көк түтінге көмеді. Гұрс-гұрс жарылған оқ күркіне аяа жаңғырады, орман шайқалып, жер дірілдейді. Оқ траекториясынан көз аудармай үлкен бір толқу үстінде тұрган жас офицер аздан кейін отты қарашибын жалт еткізіп, байланыс аппаратындағыларга бұрылды.

- «Көзді», «көзді», шақырындар...

Ефрейтер Эфир шарлайды.

- «Көз», «көз»... сөйлеп тұрган «Волга», сөйлеп тұрган «Волга» -бір, екі, уш...

- Таптың ба? Бол тез!
Сұлтанбеков асыға ұмтылып, рация трубкасын құлағына апарды.

-Дәл түсіп тұр... иә, сөт. – Командир жүзінде күрең нұр толқып, көз жанарында күлкі ойнайды. Стол шетіндегі карта бетіне өлденендей белгілер сымады. – өте жақсы ... жігітсің ... А, а... Атаниязовтар тобы шығып үлгірді!... Ой сабаз ... Рахмет... Қыранкөз рахмет...

- Жолдас комбат сізді «Құлып» шақырады. Ратай енді екінші телефон трубкасын көтерді.

- Алло, алло, «құлып» «құлып», тыңдаپ тұрмын...

Рахмет жолдас Славицкий, дәл түсіп тұрсындар... төпей бер, құя бер...

Жазғы күн күрең передеден күлімдей қарайды. Командир көзінде қуаныш нұры, сенім нұры. Сол шаттығын сездірмек болғандай, Дошатовты арқаға қағады.

- Жолдас гвардия аға сержантты, рахмет... «қыранды» ізде, «51-ді» шақыр. Ратай енді сағатына үzlіп, орынбасарына бұрылды. – Жолдас Шур, сигналдарынды дайында ... екінші телефон арқылы роталармен байланыс...

Командир алғысына бөлеңген
Дошатов қар миықтан жымия күлгөн
қалпы таңғы әфирді тағы да шарлайды.
«Қыран», «Қыран»...сейлемп тұрған Волга.
Қабылдау... Қабылдау... бір, екі, үш...

- Жолдас комбат, «51», Сұлтанбеков
радция тұрбасын құлагына апарып,
жағдайды баяндай бастайды.

- Қыран дөл түсіп тұр ... Дөң жалын
құшагында ... Дүшпан ДОТ-тары өзірге
үнсіз ... Атаниязов автоматчиктері жау
сыртында ... Енді он минутта
көтерілетінімізді баяндаймын... жол
ашылып жатыр.

- Жолдас комбат, «Орал»...

- «Орал», «Орал», тыңдал тұрмын...Ә,
жол ашылды!... Рахмет, рахмет...

6 ⁰⁰ Үш жасыл ракета ұласы
жарылды. Широтов ротасының тұсындағы
қара орманнан қуатты моторлар дүр етіп,
ауыр танктер ағыла бастады. Батальон
командири стреотрубаға үңілген. Рота
бекінісінің он қанатынан әлдекім бой
көрсетті. Зор тұлға. Партия үйымдасты-
рушысы Шевцов болуға тиісті. Оған ілесе
тағы да бір дене көтерілді. Коваленко...
Автоматын ілгері сермен, әлдекімге әмір
етеді. «Жур, қалма!» дегендей. Жіп-
жінішке, бойшаң солдат ордан қарғып
шықты да, Миколага ілесе жүгірді.

Қимылында ебедейсіздік бар. Кешегі
Жапаров болуға тиісті. Бірер аттап
құлаганы несі! Ордан шығып үлгермей
оққа үшты ма? Қорыққаны ма? Жоқ,
әлмеген... Қайтадан көтерілді. Жақша
иіліп жүгіре түседі... комбаттың өз
қарамағындағы қосалқы күштен өзгелер
түгел көтерілген. Оқ астында барады,
жасқанар емес, бөгелер емес...

Жау бекінісіне таяу. Дүшпан
зенбірегі атқылар қатерлі тұстан өтіп
үлгірген. «Аралық жер». Енді ілгерілесе
өз оғымызға кездесер түрі бар...
«Зенбірекшілер координатын өзгерту
керек».

- Берке Досшатов, - батальон коман-
диры трубқадан көзін алмастан бұйрық
берді. - «Құлыпты» қос, «он бесті» сұра!

- Жолдас комбат...

- Нысананы дереу ауыстыр...
Көремесіндер?... Біздікілер жау бекінісінің
іргесінде ... Алдыңғы жиекті төпелей
беретінің нең... Терендет... Комбат тағы да
трубаға үңілді. Широтов ротасы жау
бекінісінің дөл іргесінде жатып қалған.
Дүшпан ДОТ-тары қайтадан жанданыпты
қия бастырар емес. Зенбіректен ату
қауыпты. Өз адамдарымызды
жаралаймыз.

- Широтовті... Бол, тез... Рацияға ...

- Жолдас комбат... Широтов ...
- Широтов, Широтов - командир
тістене сөйлейді. Тіпті сөгіп те қояды -
қырасың ба жүртты? ...

Дот-ты, дот-ты ... Е, бәсе...

Ротаның оң қанатынан екі адам
еңбектеп барады. Шебер еңбектейді.
Шевцов пен Коваленко болуга тиісті.
Таяна тұсіп, тарғы да бөгелді. Жараланған
ба! Қате, қате қайтадан жоргалады.
«Жермен - жексен». Жақындаш қалды.

Батыр қырандар кең жазылып,
ілрекері серпілді. «Ия, сөт! Дот-тар үсті
кек түтін.. Широтов ротасы лап қойып,
жау траншеясына енді. Өзге роталар да
жалгаса ұмтылды. Ор ішіндегі өрекет
көзден таса... өттен көрінсейші... Не болып
жатыр? Жау сыртынан автомат та
талайды. Комбат құлағын тосады. Совет
автоматтарының сарынына ұқсас...»
«Атаниязов тобы болғай!»...

- Дошатов, «Көзді, көзді»...

- «Кез», «Кез», не байқадың...

Атаниязовты айтамын.

Ө, оқ селдettі? Селдете берсін!
Қазір, қазір...

Ура, достар, жеңіс, алғашқы жеңіс!

- «Құлып», «Құлып», 50 метр
батысқа ... Алло, алло, естимісің... Алло...
алло!... Үзілді.

Сұлтанбеков екінші трубканы
көтерді.

«Қыранға» баяндамақ еді, бұл да
үнсіз.

- Дошатов, жалғай гөр... тездете
гөр... Өзің бар... Халықов, мынау қағазды
Славицкийге жеткіз... Ұша гөр...

Комбат көзі трубкада. Ұрыс
ауданын шарлайды. Ұрыс ор ішінде. Не
боп жатыр, немен тынбақ? Жаудың
екінші, үшінші траншеяларын мемгермей
тұрып, ұрыс бітпек емес... Жау оғы түтей
түскен... Аспан әлемінде самолеттер
қағысада...

Бір самолет жалын құйынына
айналған.

Құлап келеді. Жау құзғыны болғай
да!

- Жолдас комбат. «Кез» тілге
келді...

- Өкел, әкел... «Кез» «Көз!..» Ө,
карсы шабуыл... Екінші траншеядан... Ө, ө,
он бес танк...

- Ефрейтор, «Құлыпты». Рацияға ...
«Құлып», «Құлып!» Екінші координатты
... Бола гөр... Бола гөр... Құя гөр... Карсы
шабуыл ... Ия, ия, 5 танкпен... Координат
белгісіз...

Бұдан әрі батальон командирі рация арқылы «Қыранмен» тілдесіп хал-жайды баяндады да, Орынбасарына бұралды.

- Ендігі айқасты бұл жерден басқаруға болар емес...

Қосалқы пунктке көшемін. Орналасқанга дейін өзің басқарасың...

- Сақтана көріңіз...

- Әрине, сақтанбауға хақым жоқ... Комбат оқ түтеген жазықпен ілгерілеп барады. Жалғыз емес, қосалқы күштен он автоматчик, бір пулемет, ПТР алған ды. Рациялы байланысшылар да, бірер саперлар да бар.

Селдірлеу жүгері өскен тегістік. Жау минасы жиі жарылады. Сұлтанбеков бұға түседі де, жүгіре басады. Алдында бір атжал тұр. Қурайлы жал. Сол жотаға орналаспақ па! Оң қанатта, дұшпан бекінісінің дәл түбіндегі жотада қирап қалған танк тұр. Қектемгі шабуыл дерегі. Соған да көңіл бөлгендей. Қызыға қарап қояды. «Өлде жауға нысанға болармын ба?» Жалаңаш даладан өтіп, қурайлы жарға көтерілді. Командир биноклі айқас алаңына бағытталған. Траншея ішінен Винтовка наизалары шошандап, граната көтерген қажырлы білектер серпіледі. Қиян-кескі айқас жүріп жатса керек. Бейсенбаев расчетының адамдары 45- ті

оң қанатқа сүйреген. ПТР-ін ілгері ұсына Қошқарзадаев та жүгіріп барады. Фашист танктерінің жолын бөгемекші. Бинокль сол бағытқа бұрылды. Тасбақадай жыбырлап танктер келеді. Оң қанатта үрей бардай. Бөгеліп қалған. Шегіне бастаса, кері бұру қыынға соғады. Тез жетуі керек, көтеруі керек. «Жоқ Сабыр ет, құр қол не бітірмексің?» Комбат тағы бір адымдағанға тұсті.

- Дошатов, рацияны құр...
«Құлышты»...

- «Құлыш», «Құлыш!».

Сұлтанбеков Шабуыл картасына үцілген күйі «құлышқа» свастикалы танктер координатын берді де, дереу орнынан көтерілді. Оң қанатқа тез жетпек. Саперлерді де ілгері жүгіртті.

«Қираған танк түбінен НП дайында!»

Жүгіріп келеді. Бақылап келеді. Кезекті мина дәл жанынан бақ ете қалған еді, алдындағы аpanға құлап та үлгерді. Мина жарқыншағы каскасына соғылғанды, омыра түсіп, тайып кетті. Сол қарын жараласа керек. Білезіктен қан көрінеді.

Ақ дәкемен оратып, иығына асып алды да, қайтадан көтерілді. Совет артилериясының қызыл жалыны жаңа координатқа құйылған. Бастаушы танкты

ертең те үлгеріпті. «Рахмет, Славицкий, рақмет, достым».

Ратай енді сақтануды да ұмытып, бұқпастан жүгіреді. «Қара жіліт алдын қалқалап, өтіне сөйлейді:»

- Сақтаныңызшы, сақтаныңызшы, сақтанам дегеніңіз қайда?

- Иә, иә, сақтануымыз керек, достым, бірақ анау қанатты көтермелемесе де болмайды... Шабуыл қарқанын бәсендепеуіміз керек... Сақтанбауға қақым жоқ... Енді еңбектей жүгіреді. Оң қанатқа жетіп те үлгірді. Мандай тері бүршақтап келеді, өкпесі де өшіп болған. Пистолетін жоғары көтерген қалпы, қарлығыңы дауыспен айғайлап жіберді.

-Батырлар, гвардеецтер, алға! Сүйікті командирдің саңқылдаған қою даусы бұғып жатқан бұл топты жерден жұлып алғандай. Алдымен партия ұйымдастыруыш Коновалов көтерілді де, өзгелері соған ілесе жүгіріп, жау бекінісіне лап қойды. Оң жақтан оқ түтеді. Қайтадан жанданған жау ДОТ-ы. Штурмшылар тағы да жер бауырлады. Енді көтерер қандай күш бар! Өзі бармақ па, хақы бар ма?

- Сұнқарлар!

Оң қанаттағы зор тұлға граната бұмаларын қолына алып, еңбектей берді.

-Жігітсің, Коновалов, жігітсің! Коновалов құлшына сермеді. ДОТ төбесін тутін жапты. Коновалов орынан көтерілді. Кеудесінен қан сорғалаған.

- Сұнқарлар!

- Штурмдаушылар алға ұмтылды. Ер тұлға кең құлашын екінші рет сермеді де, тенселе барып амбраузаның аузына құлады. Асыл азамат қайтып көтерілмеді. Өз денесімен женіске жол ашып құлады. Батальон батырлары түтел, тұтас, ұйымдаса ұмтылды. Енді оларды еш бір күш бөгей алмайтындаі, еш бір қарсылық тойтара алмайтындаі!

- Алға, батырлар, алға! Гвардеец биігіне! Енді біз бұл дәнді «Гвардеец биігі» деп атайдын боламыз.

Батальон командирі орынана көтеріліп, биноклін көзіне тосты.

Ден үстінде қызыл ту желбірейді. Женіс туы. Женіс биігіне, «Гвардеец биігіне тігілген ту!»..

... 19 август 1944 жыл. Күн төбеден ауған кез. Зейін бастаған бір топ мергендермен бірге Сұлтанбеков батальонына келе жаттым. Терен ордың бірінен – біріне өтіп, командалық пунктке таиндық. Құлақ жаттыққан, ет үйренген

күндеңі сарын. Жүріп келеміз. Төбесі үш қабат жуан беренемен жабылған. Беренелер қабатынан стереотруба мойнын созыпты. Есік алдында автоматты солдат. Блиндаж ішінен батальон байланыссызының дағдылы даусы естіледі. «Дунай!» бір, екі, үш... Мен «Сұнқармын», мен «Сұнқармын», мен «Сұнқармын»... Таныс дауыс, Дошатов Беркейдің дауысы.

Рұқсат бойынша есіктен ендік. Блиндаж іші көк мұнар. Өлгіде гана бір мәжіліс болып өткендегі. Болат Каскалы балғын офицерлер орындарынан көтерілген, он қолдары шекеде, рұқсат сұрагандай.

- Орындаңыздар!

Батальон командирі албырт офицерлерге сәттілік тілейді.

Кіші командирлерге жол беріп, іргеге таман ығыстық. Ратай алдындағы столда алуан бедерлі карталар, сизу құралдары, жаяу өскер уставы, өлденедей кітаптар жатыр. Столдың он жақ шетінде шахмат тақтасы. Қырындау отырган зор майор қара фигуralардың біріне он қолын соза түсken қалпы, қарсы жаққа үнілген.

- Жолдас гвардия майоры... Зейін өскери дәстүр бойынша он қолын шексіне апарды. Батальон командирімен сейлесуге

руқсат сұрамақ. Майор шахмат тақтасынан енді гана басын жетерді. «Бұслай» екен. Менің Ташкенттік досым. Ол зор денесімен тұтас бұрылған сөтте көзі маған түсті де, қолымнан жұла тартып, мол құшағына орай салды. Енді тұра беріп ем, батпан қолдың жалпақ алақандарын ыйығыма тастап жіберді. Бұгіле түсіп бой жаздым. Майор өз қылышын ерсі көргендегі күреңіте жымынып, ақырын гана арқама қақты.

- Ах, қағаз жанды капитан... Тағы да келдім де, - Василий Песков енді батальон командиріне бұрылды.

- Жолдас капитан, танысыңыз... Кәдімгі бірді онга, онды жүзеге көбейтетін әнерпаздардың...

- Сәлеметсіз бе? - Ратай жылы шыраймен қолын ұсынды. - Бұл кісімен таныспыз.

Шүйркелесе сейлесіп, Изюм жорықтарын еске түсіре бастаған едік, өнгімені тағы да Зейін бөлді. Ол гвардия майорының рұқсаты бойынша батальон командиріне бұрылды.

- Жолдас гвардия капитаны, алты жұп мергендер ертіп, қарамагыңызға келдім.

- Хош кепсіз... Ең жақсыларынан ба?

- Ең жақсыларынан, - Зейін жымия басын изеді.

- Бізде жамандар жоқ, алдымен.

- Рақымет, тумам, Рақымет, - капитан отты көздерінің қараышқтарын жалт еткізіп, карта бетіне үнілді.

- Ендеше бері кел... соңғы барлау бойынша тың жазылған «Роман». Жау тынысын шертеді. Қадағалап оқып, қажетінді өз картада түсір...

Екі офицер карта бетіне ұзақ үнілді. Менің достым сағатына жиі-жиі қарайды. Жирен мұрттың шалғысын палуан саусақтарымен кезек орап, трубкасын да жиі сорады. Тықыршыл бастиондай. Енді бір сөт блокнотын қолына алды да, капитанга бұрылды.

- Бітіре алмайтын шыгармыз...

Жазып қояйын...

Кейін ойнармыз.

- Жоқ, жоқ, бітіреміз ... Кәзір, кәзір. - капитан картадан басын көтерді. - Жүріп қойыңыз.

- Жүрдім. - Майор ақ тұлпардың тарпуында тұрган өз слонын ұзын жолдың бойымен ілгері апарып қойды. - Кәне, бол... Тез бітірелік. Біздің жұмысымыздын кешке басталатынын білесің ғой ...

- Өрине, ал бүгінгі кеш ...

Капитан сөйлем аяғын бітірмей шахмат тақтасына үнілді де, өлденеге жымиды.

- Жол тостым деңіз...

- Талассыз ...Өткел..., Өткел... Женіс кілті өткелде!

Бұл менің өрі азаматтық, өрі өскери мамандығым ...

Бақылау гана емес ...

Василий жирен мұрттың трубка сыртымен сипап қойды. Масаттанған түрі бар. Қара слон бұл жолы ладья мен солдаттың бірін ұшырғалы тұр.

- Иә, иә, екінің бірі - капитан сөл бөгеліп, кулана күлді де қатердегі солдатын батыл ілгерілетті.

- Тұбінде еңбегіңзге тұрсын, ладьяны алыңыз.

Василий ойланып қалды. Ладьяға қызықса мынау солдат тағы да ілгерілмек болады. Кейінгі екеу қанаттасып ұлғірсе, бірін-бірі қорғай келіп, король бекінісіне қатер тәндіреді.

- Эх, капитан, капитан, - Майор басын шайқады.

- Пушкар еместігінді білдірдің. «Софыс тәңірісін» тастап барасын... Мүмкін ойланарсың, ө?

- Рақымет, - капитан өзінің жаяу өскер командирі екенін мақтандырып, өзінің өзінің жаяу өскер командирі екенін мақтандырып, өзінің

еткендей, жұқалтым ерін арасынан үсактау ак тістерін көрсетіп, көңілдене күлді. - » «Софыс тәнірісін» де «айқас алаңының патшасы билейді.»

- Талассыз, талассыз...

Майор оң қанаттағы ладьясын кейінгі солдаттардың тұсына қойды. Дарапап соқпаши. Ендігі кезекте ак корольге шах айтып, екінші солдатты тағы алмақ. Ратай ойланып та жатпады, өлгі солдатты корольдің өзімен қорғады да, келер кезекте екі солдаттың аралығына апарып қойды.

Василий бұл жолы қорғансыз ладьяны слонмен алды да, жириен мұртының шалғысын құлағына таман апарып қойды. Масаттанған түрі бар, күші басым.

- Ах, бекер істеді, - Зейін өкінішті пішінмен құлағыма сыбырлады. Алмауы керек еді...

- Бәрекелді ... Алмаганда ...

Зейін енді ойынның барлық процессине болжau жасай бастады.

- Анау шынтақ ... Көресіз бе? Фигуралар мен солдаттардың орналасуына қараганда, капитан ферзалық гамбитпен бастаған да, Майор қорғансыз солдатқа қызықпай, ескі Индиялық қорғанысқа көшіп қысқа рокировка жасаған. Капитан

сол корғанды бұзу үшін бүкіл күшті ілгері жылжытып, белсенді шабуыл жүргізген сияқты. Тіпті корольдің өзін де ашық алаңға шығарған...

- Мәселе қалай ойнаганында емес, күште, күш майор жақта басым.

- Жоқ агай, - лейтенант басын шайқады, - ол сыртқы көрініс. Шынтақтағы үш солдат бекініс бұзғалы барады... Майор сақ ойнаса патпен аяқтар еді... Әй оған жібермейді гой...

- Зейін сөзінің жаны барды. Қүші басым тұрса да менің досым ойланып қалған. Қорғана қимылдайды. Ал, батальон командирінде еркіндік бар. Батыл шабуылдайды. Майор ойланып үлгергенше капитан өз алдында жатқан картага көз жіберді. Ол осы шахмат тақтасында да сол карта бетіндегі шабуыл жобасын жүргізіп отырғандай. Биік мандайын сол қолының етсіздеу, ұзын саусақтарына сүйеген күйі, аумақты қөзінің шеңберін сөл қыса түсіп, үнсіз ойға шомыпты. Енді бір сөт столдағы қызыл карандашты оң қолына алды да, карта бетіне тағы да бірер сыйықтар тартып қойды. Шахмат тақтасы ескермеген жағдайда ойна салған тәрізді.

- Жүріңіз, жолдаң капитан!

Майор даусында ыза бар. Қарсы жақтың пигылын кеш аңғарғандығына өкінгендей, капитанның тақтаны тастап, картаға үңілуіне де намыстанғандай. Василий енді сол қанаттарғы солдаттарға шабуыл жасаған еді, оның есесіне он қанатын әлсіретіп алды. Соңғы тіктесуден кейін тақта бетіндегі көрініс мынадай еді:

Капитан күші: король – h2-де, фер 36 – ф4-те, слон – ф5-те ат-с3-те; солдаттар: А4, В6, Д3, h4-те еді.

Майор жақ: Король В8-де, фер 36-Е5-те, Ладья – Д8-де; Солдаттар: А5, А6, В7, С6-да еді.

Екі ханым беттесіп қалған. Қара ферза королдің алдын жауып қорғансыз тұр. Алып кетсе шах ашылады.

Корольдің сол қанатындағы жолды ақ слон алып қойған. Оңға барса, алдымен ферзіден айрылып, екінші кезекте мат алады.

Жүріс қараның кезегі еді. Майор трубкасын мазасыз сорып, ұзақ ойланды да Ладьяны Е8 -ге көшірді, ферзді қорғамақ. Капитан қара ферізді қага тастап, Шах жариялады. Майор Ладьяны Е5-ке шығарып, ақ ферізді алды да, ақ слонға да қатер төндірді. Ақ слон Д7 ге көшті. Қара ладья Е 7-ге көшіп, слонды тағы да тықсырды. Слон қайтадан ф7-ге

ауысты. Ладья Е5-ке тоқтады да, слонға тағы да төнді. Капитан бұл жолы жүрісін өзгертіп, h3-тегі солдатты ілгері басты да слонды қорғады. Қара ладья Д3 –ке көшіп, атқа қатер төндірді. Ат Д3-ке қарғыды. Ладья А3-ке ауысты. Алдмен шынтақтағы ақ солдатты қағып, содан кейін өз күштерін ілгерілетпек.

- Алыңыз. – Капитан h4-тегі солдатты h5-ке көшірді де жымиды. – Алыңыз, бірақ кеш қалдыңыз.

Мынау солдатты тоқтата алмайсыз...

- Талассыз, талассыз... Жөне шахпен шыққалы тұр. – Майор аз ойланып отырды да, королін жыға салды. – Мұндайды Ботвинниктер ойнамайтын шығар ...

- Әрине, әрине, - капитан масатана басын изеді – «айқас алаңының патшасында» қандай құдірет барын аңғардыңыз ба?

- Талассыз, талассыз, - майор орнынан көтеріліп, капитанның колын қысты. – Жігітсің... Женіс сенікі.

- Жоқ, бірге бір... Үшінші рет кездесерміз деп сенемін.

- Талассыз... Алдымен, Пруттан өткізейін...

- Айтқаныңыз келгей...

... 24 август 1944 жыл. Ертенгі сағат бес кезі. Жерге жарық түсे бастаган. Ратай бұл түнді де үйкесіз еткізді. Бірде телефон, бірде рация трубкаларын құлағына тосты. Роталарды аралады. Сүйемелдеуші топтың командирлерімен кездесіп, тапсырмалар да берді. Полк командиріне де сан рет шақырылды.

Қызу жұмыс арасында, не шахмат тақтасына, не Румын сөздігіне үнілді. Баяғы бір өзіне тән дамылсыздық, баяғы бір білгеніне місе тұтпас «қанағатсыздық», баяғы бір шаршамайтын, талмайтын жігер. Арман, ізденіс, «Көбірек білсем, тереңірек менгерсем» деген тала!

Батальон командирі казір тағы да бір ой үстінде.

Бұл жолы карта бетіне де үнілмей, сол қолын шекесіне қойған күйі, екі көзін тас жұмып алған, сырт қараган адамға тіпті қалғып отырғандай, шаршағандай. Жоқ қалғудан да, шаршаудан да аулак. Бойда күш бар, жігер мол. Жас ми, зерек зерде тоқтаусыз істейді. Толқын бетінде қалқымай, тереңді, шыңырауды бойлайды. Тағы да шабуыл жобасы, тағы да жауынгер жайы. Өз жауынгерлерінің ерендіктерін, өсу жолдарын, ерліктерін мақтан етеді. Кеп-кешегі уыз жас Микола

Коваленконың тілімен айтқанда, «Сары ауыз балапан» өз қолында, көз алдында есіп келеді. Өзгелерін былай қойғанда Өділді айтсаңшы. Откен жылры «Коян журек», «ебедейсіз» Жапаров қазір өбден ысылып алған сартабан солдат. Солдат емес-ау, старшина, отделение командиры. Тіпті взвод басқарап да қабілеті бардай. Ол әлгіде ғана командир блиндажынан шықты. Бір топ адамды басқарып, түнгі барлаудан «Оралған. Румын үнтерін, румын солдатын «Олжалап» кайтулы. Адасқан солдат, алданған солдат, Антоненску «әскерінің» торыққандығын, тозуга бет алғандығын, ебін тапса қашура, «тұтқындалура дайын екендігін баяндайды. Ел музын, шаруа күйәлісін шертеді. Көрі ата-анасын, шиеттей балаларын еске түсіріп, көзіне жас алады, Аяныш шақырады. Жалған емес, жан сыры, Румын еңбекшілерінің сыры. Үнтер Мырзаның да қияппатында баяғы ірлік, Одессаны Иемденіп тұрган кездегі текапшарлық жок. Қазір ол «Троеска Романия Марс!» (ұлы Румыния жасасын) деген сөзді аузына да алмайды. Румыния ұлы ел еместігін, фашизм күлдігіндары езілген, жәбірленген ел екендігін енді ғана аңғарғандай. Тарих шындыры, тарих шежіресі! Өділет күші, азаттаушы күш

қалай шынығып, қалай өрлеп барады.
Зорлықшыл күш, Зұлым күш қалай азып,
қалай ыдырап барады!

Капитан алдында хат жатыр. Екінші Украина майданынан келген хат. Жас Коваленконың, офицер Коваленконың қаза болғанын хабарлайтын, қаралы хат. Егде әке өлі қабарсыз. Қалай естірту керек?

Айқас алдында есіттірту орынды ма? Батальон командирі осы жайда кешеден бері толғануда.

Әке сөл қолы босаса болғаны офицер ұлышында суретіне үніледі. Жыныя күліп үзак отырады.

Ұл жүзінен бақыт жұлдызын көргендей. Неткен мейірім, неткен адал сезім! Бұл әке де моюды білмейтін, үнемі өзі де құліп, өзгеге де езу жиғызбайтын. Бұл жарқын адамда бүкіл жауынгерге ортақ махабbat бар. Қашшама солдатты баулыды бұл әке! Манағы Жапаров та ерлікті, ептілікті осыдан үйренді. Тіпті капитанының өзі де байсалдылықты, ұстамдылықты үйреніп келеді. Қазір сол әкеге не демек? «Жылама, егілме демек пе? Ендігі жерде әкенің өзін сактауға тырысу керек. Бұл жайды Ратай көптен-ақ ойлаулы. Полктың тушиысына ұсынбақ.

Мынау хаттан кейін осындай тоқтамға келген ді. Қимайды да...

- Жолдақ капитан телефонга...

Сұлтанбеков сөл керіле түсіп телефон трубкасын құлағына төседі. Тыңдай отырып, карта бетіне тағы да белгілер сызды...

- Бәрі, бәрі дайын... Тек қана... Демек, өлі де құпия...

Комбат жыныя күліп орнына отырды да, планшетка сыртындағы суреттерге көз жіберді. Суретте жарқын жүзді, сүйікті жары, қыншылықтар мен қуаныштарды бір кешкен серігі Сөуле отыр. Биыл институтты бітіріп мамандығы бойынша дәрігер болып жұмыс атқаруда. Бақытym да, барым да бір өзің дегендей Ратайға үзіле қарайды...

Есікten ентіге кірген Петров капитан ойын беліп жіберді.

- Саулық тілеймін – Полктың партия үымдастырушысы Петров өскери дағдымен сәлемдесті де, Ратайдың қолын құшырлана қысты.-Ал, құттықтаймын, капитан...

- Немен? – Сұлтанбеков таңдана күлді. Немен құттықтайсың?

- Туган күніңмен...

- Рақмет досым, рақмет... Тіпті есімнен шығып кетіпти, бүгін жиырма

үшке толған екенмін -ау... Бейбіт заман болса, Алматыдағы оқуымды бітіріп, бір жерде дәрігер болып жүретін кезім екен.

Міне, менің Сөулем қазір маман дәрігер.

- Ах, комбат, комбат, - партия үйымдастырушысы екі қолын жая тастап, басын шайқады - оны да тойлағаның жоқ, ә? Жаса столынды... Тағы бір құпияны айтайын ба?

- Шабуыл ма?

- Жоқ ... Отан соғысының орденін ... 20 минуттан кейін омырауында жарқ ете қалады...

Әдейі бұрын келдім...

- Рақмет, достым...

Кенет блиндаж сыртынан өлдекімнің қоңыр даусы естілді.

- Рота, смирно... Жолдас гвардия...

Сұлтанбеков жүгіре басып далага шықты.

Күміс самай полковник ширак басып блиндажға таяна берді.

Гвардия капитаны отты көздерін жалт еткізіп, екі қанатқа кезек қарап алды да, әдемі қою әуенмен дауысталап қойды:

- Батальон, смирно!

Өр тұстан осы жарлықты қайталаган командалар естілді.

- «Ро-та с-мир-но!»

Ратай оң қолын шекесіне апарған күйі бірер адым ілгери ұмытылды да, әз белімшесі жайлыш баяндай бастады.

- Жолдас гвардия полковнигі, маган тапсырылған батальон, бүйрық күтеді.

Полк командирі батальон командирінің рапортын аса бір байсалдылықпен қабылдал, енді еркін тұруға рұқсат етті:

- Батальон, вольна!

- Рота, вольна!

- Саулық тілеймін, жолдас гвардия полковнігі.

- Саган сәттілік тілеймін, жас капитан! - Полк командиры капитанның қолын қысты. - Бүйрық күтеді, ә

- Иә, бүйрық күтеді. Асыға күтеді.

- Асыға күтеді,- полковник сағатына қарады да сенімді пішінмен жымиды. - Қазір жеті ноль, ноль...

Ендеше жариялауга болады... Көне, баста...

Роталық жиналыстар өткізіліп, үкімет наградасы берілетін батыр гвардеецтердің аттары аталды. Батальон командирінің өніріне Отан соғысы ордені тағылды. Шабуыл туралы бүйрық жарияланып, шешендерге сез берілді.

Полковник өлденеге асыққандай, сағатына қарады. Сегіз ноль-ноль.

Кенет, дәл бір сәтте, бірнеше, мүмкін мындаған стволдардан бірдей дур ете қалған заңбірек күркірі ертеңгі, ауаны жаңғырықтарып жіберді. Жауынгер көздері аспанға тігілді. Көк жұзінде жасыл ала жалын толқындары ағылып барады. Үйірле, есіле заулап, жау бекінісінц үстіне актарыла береді, актарыла береді. Отты толқындардан да жоғары көк мұнар шырқау биіктө совет қырандары самғайды. Албырт журектер қуатты артилерия күркіріне қуанышты үндөрін қосады. Алақандар соғылады.

- Ура, ура!

- Аттандық Берлинге, достар, тура Берлинге!

Қызы сөздер аяқталып, болат каскалы гвардеецтер құпия, «миықтар» бойымен ілгерлей береді. Құміс самай полковник жас капитанды үлкен аталық мейріммен құшағына қысып, маңдайынан сүйді.

- Сәтті сапар, капитан!

- Айтқаныңыз келгей...

Капитан Сұлтанбеков үлкен бір толқу үстінде, шабуылдың сәтті болатынына сенген қуаныш толқыны. Бүгінгі артилерия дайындығы осыны аңгартады.

Бұған дейінгі дайындықтардың бөрінен де ерен, бөрінен де құдіретті жатыр. Комбат сағатына қарады. 9-да 47 минут. Жау бекінісінен жауап жок. Бүкіл атыс үялары біржола өштіп қалғандай. Енді үш минуттан кейін біздің зеңбірек өкітари өріге, терендеге көштеге тиісті. Батальон батырларын шабуылға көтерер уақыт жеткендей. Қалған үш минуттың ішінде, гитлершілдер ес жиып үлгіргенге дейін, жау бекінісін басып алу керек. Комбат осылай үйгарды да, шабуылға бүйрыйқ берді. Жасыл ракеталар жарыса үшкән сәтте -ақ Широтов ротасы шабуылға көтерілді. Бір кезде Ратай өзі басқарған, ерлік дәстүрі бар атақты рота. Осыған жалғаса өзге роталар да лап қойды.

- Сәтті сапар, батырлар!

Ратай батальонының да, бүкіл майдан батырларының да бұл жолғы сапары мейлінше сәтті болды. Августің 22 күні Бендера, 24 күні Кишинев азатталды. Одан әрі мен гвардия капитаны Махмутовтың Мотобатальонына кездесіп, ілгері тарттым. Августың 23-күні бұл батальон Прут езенінің дәл жиегіндегі Леова ауданында II Украина майданының батырларымен тоғысты да, Гитлердің «Оңтүстік Украина» тобын қоршап алды. Бұдан әрі

екі майданың болат қоршауындағы дүшпан күшін жою айқасы басталды. 27 август. Қараңғы түн. Аспан бұлты селдете жаңбыр төгеді. Жау құзғындары ажал бомбаларын құсады. Женімпаз гвардеецтердің жолдарын бөгемек. Толбухин батырларының алғашкы тобы Прут өзенінен өтуге дайындалған. Сұлтанбековпен тағы да кездесіп қалдық.

Өткел аузында баяғы бір дағдылы көрініс, баяғы сол арпалыс. Менің достым «Бұслай» жуан таяғын тағы да жоғары көтерген, жігерлі дауыспен өлде кімді сыбап жүр.

- Шегін естімісің? Кәзір сенің кесіріңнен жұрт қырылады...

- Жолдас майор қазір, қазір.

Дөрменсіз шофер бозарып кеткен. Бір жері бұзылса керек, қанша өуреленсе де моторда еш бір дыбыс жоқ. Үлкен ескі машина көпір аузын кептей жауып тоқтаған. Майор бұрынғыдан да бетер күйіп-піседі.

- Сен итті... Сенің винтовкаң осы машина емес пе?. Алдымен моторынды түзеп алмайтын ба едің... Иттің ... Аспан Пираттары қатер тәндірген. Бұзық машинаны жөндейп жатар уақыт жоқ. Бірге бола мынды қатерде қалдыруға

болмайды. Песков осы шешімге тоқтағандай.

- Тілү, шайтаннан жараган! - «Бұслай» еңкейе түсіп кузов астына кіре берген еді, енді бір кезде өлті үкен машина жолдың сол қанатына ауып түсті.

- Міне нағыз Жанвальжан! - Жас капитан тек бұл жолы ғана емес, әр қашан да шабуылға жол ашумен келе жатқан майдандас досының алып күшіне сүйсініп, масаттана күлді. - Міне күш.

- Бір өзі дейсің бе, взгелер де көмектескен шыгар...

- Мүмкін қолдарының үштарын тигізіп үлгергенді. Капитан шаттана айғайлаш қойды. - Рақмет достым, бірді лақтырдың да, мынды сақтадың... Ендігі тоқтаған жерде шахмат ойнаймыз.

Арпалыс үстінде жүрген «Бұслай» капитан сезін естігенде жоқ. Жуан таяғын жоғары көтеріп жарлық берді.

- Козгалындар... Тезірек, тезірек...

Жасыл фонарлары жылтылдал колонна қозгала бастады. Ратай орнынан көтеріліп, ілгері адымдады. Дәл осы кезде арғы беттен атылған жау минасы гұрс ете қалған еді. Капитан кеудесін қолымен басқан күйі құлап бара жатты.

- Не болды, не болды?... Жолдас комбат, Жолдас комбат?... Қатарында

келе жатқан Қалықов сүйікті командирін
құшагына алды.- Сүйеніңізші,
Сүйеніңізші...

Сақтанамын дегеніңіз қайда,
сақтанамын дегеніңіз қайда?

- Капитан, Ратай. Ұлым... Ұлым...

Екінші қолтықтан Коваленко
сүйемелдеді. Ентіге басып Песков жетті.

- Капитан, капитан көтерші басынды!
Жарақатқа жан берме Қайсар досым...
Шыда... Санитар, уа, санитар! Дөрігер,
дөрігер құтқарындар, сақтандар батырды!

Ратайдың жас жаны тура келген
ажалмен арпаласып жатты. Батальон
командиры Ратай Сұлтанбеков осылайша
кездейсоқ ауыр жараланды... Мен сол
асыл азаматпен соғыс аяқталғанша
қайтып кездесе алмадым. 4-5 ай бойы
госпитальда ем қабылдаған Ратай, құлан
таза сауығып әскери жорығын басқа
майданда Белорус майданда жалғасты-
рыпты. Корғаныс Министрлігі арқылы
ұзак ізденистердің арқасында
анықтағаным:

1944 жылдың 24 августына дейінгі
отан қорғау саласындағы еңбегі елеңіп,
Ратай емделіп жатқан кезде әскери шені
майорға өсіп, «Кызыл жүлдүз» орденімен
марапатталған. Белорус майданында
батальон басқарып шығыс Еуропаның

кептеген қалалары мен елді мекендерін
азат етуге ат салысқан. Отты жан,
ақылды азамат. Отанымыздың ер ұлы
Бронденбург қаласы маңынды 1945 жылы
16 апрельде не бәрі 24 жасында шайқас
үстінде ерлікпен қаза тапқан...

Киылып түскен арман

Фашист содыр жасап жатты кәзаптық,
Қатер төнді, дабыл қакты азаттық!
Қарсы тұрды жас командир Ратай,
Ер намысын биік ұстап - казактық!
Жиырма бірде құрыш қайрат жас комбат,
Намыс барда жаудан қалай жасқанбак.
Қол басқарды, жол көрсетті, үйретті,
Соғыс заңы тактикасын жоспарлап.
Сталинград шайқасына құш қосып,
Жеңіс жолы Украинада үштасып.
Беларуссия, Польша азат етілді,
Берлинге де жақындағы нық басып.
Торт жыл бойы оқ жастаңып, от кешті,
Талай рет тағдыр мен де беттесті.
Опат болған өр бір сарбаздар үшін,
Қамкор майор кеудесінде кек те ости.
Жауынгерді аман сактау қамы үшін,
Жауға қарсы оққа байлан намысын.
Көш басында өзі жүрді комбайнтың,
Жалғастырыл Бауыржандай аға ісін.
“Міне Берлин, тіредік деп ат басын”
Бетке алды, Бранденбург қакпасын.
Жан беріспін- жан алысқан күн болды,
От оранып жатты қала оқ шашып.
Ратайдың қолындағы пистолет,
Нұскап тұрды “жау мына жақ тұста” деп.
Оқ боранға сұнғіп кетті командир,
Жауды жою ата салған нұска деп.
Амал қанша, осы шайқас сонғы еді,
Азаттықтың ақ жолында олді ері,
Қыршын кетті, опат болды есіл ер,
Батальон, Девизия күніренді!



Сарыбек Ратайдың әкесінің інісі



Қамбарбек – Ратайдың туған ағасы
женгесі Сырғакұл немересімен



Пәрімбек –
Ратайдың тұған агасы



Камбарбек



Ратайдың қарындастары Күнімай,
Задакұл, күйеу баласы Ескермес

Автордан:

Біздің қазақ халқы ежелден-ақ жауынгер де, батыл халық болған. Әрине, дәуірді-дәуірге жалғаған заманалар жазба тарихтың болмауынан ұрпақтар жадында сақталына бермеген. Олардың батырлары мен біртуар азamatтарының көбісі сол замананың қалтарысында қалып, өшкен, ұмытылған...

Есте жоқ ескі заманды қозғамай-ақ кешегі ұлы отан соғысын алайықшы. Осы соғыста ерен ерліктің үлгісін көрсеткен қазақ халқының 105 ұл-қызы кеңестер одағының батыры атанып, туып-өскен жерін соғыс өрті шарпыған Орыс, Украина және Белорус халықтарымен қатарласқан. Ал халық санымен өлшемдесек әр мың адамга шаққанда біздің үздік тұрганымызға еш бір жан таласа алмasta еді. Ал, теңдессіз батырлығымен майдандастарының арасында зор құрметке бөленіп ондаған орден-медальдармен марапатталып батыр атағын ұсынуда іштарлыққа ұшыраған ұл-қыздарымыз қаншама. Міне сондай батыр-ұлдарымыздың бірі гвардия майоры, батальон командиры Ратай Сұлтанбеков еді.

Мақұл, батырлар санаулы-ақ бола қойсын. Елдің бәріне алтын үлестіреміз бе деген іштарлық болатын шығар.

Ал, халық үшін ұлы отан соғысына қатысқандардың бәрі батырлар. Осы себептен де сол қырғыннан қайтпай қалған 350-мыңдан астам қандасымыздың туған-туыстары осы күнге дейін өз бауырларының қайда жатқанын, қандай ерліктері болғанын білгісі келеді. Олардың атының өшпеуін қалайды.

Сол арманда кеткен, қыршынынан қылған азаматтардың аттарымен ауылымызды, көшемізді, мектебімізді атап жатсақ кімнің тақиясына тар келер еді?

Иә, уақыт шіркін-де тоқтау жок. Бірақ, ол, адамның жасаған ерлігін жолда тастап кете алмайды. Өйтекір бір күні оны ұрпағының, елінің жүргегіне өкеліп іледі. Өйткені елі үшін жасалған ерлікті ездерғана ұмытар!

4. Арман-ай (эпилог)

/Айбынды тау асқақ шындарымен зенгір көк аспанға сұғына кіріп, былайғы дүнияға тәкөпарлана қарайды. Аспандағы көктемнің акторғын ұшпа бұлтарымен астасқан сенгір шындар еңсесін бұрынғыдан да көтере түскен. Ақ сауытпен құрсанып тұрғанымен тау сілемдері төмендеген сайын тебіндей шыққан жасыл желеқке беленіп жайдары Қалпын аша, хош иісті табиғат қайталанбас көркімен көз таратады. Бір жұтым ауасы жаныңды жайландыратын; бір үрттам бұлақ суы мейірінді қандыратын; табиғат сұлулығы есінен тандыратын жер жаңнаты Алатау баурайы осы. Адам баласының арманын асқақтатқан, қиялын қанаттандырып ұлылық пен ұлағатқа өріс болған, киелі де, құдіретті бабаларымыз тәнірі тұтқан асқар таудың бауырайына етene еніп бугінде ару қала Алматы жатыр. Ұлылық биіктікке тән десек, аруга тән қасиет сұлулық. Сондықтан да болар «жұрт мақтаған жігітті қыз жактайды» дегендегі көрікті қаланың көрнекті көшелерінің бәрі тауға қарай қанат жайыпты.)

Ұлы тау, ұлагатты өлке, ару қала бір-бірімен біте қайнасып, астасып, араласып кеткен бұл күнде. Осы қалада жаныңды жайландырып, мақтаныш сезімінді оятатын, құмарыңды қандырып, шерінді тарқататын қасиетті орындар көп-ақ. Бұлардың көбі үрпақтан-үрпаққа қалатын мирас, кешегіні еске түсіреп ескерткіш, бүгінгінің мерейін өсіреп мөртебе. Қаладағы аса қастерлі орындардың бірі жыныма сегізінші гвардиялық Панфиловшылар девизиясы атындағы сая бақ. Осы бақтың кіре берісіндегі батырларға орнатылған күрделі ескерткіш ерліктің өр тұлғасын асқақтатып-ақ тұр. Елінің бірлігін, жерінің тұтастығын ойлайтын өр адамның осы ежет жандардың бейнесін көргенде жүргегі селт етпей тұра алmas, сірә. Сонау сұрапыл соғыста қашама мындаған қыршының өмірі қылса, соңшама асқақ арманның жолы кесіліп, еліне тұтқа боларлық ұлы жүректер соғуын тоқтатты. Бірак, тән өлгенмен жан жасампаз. Миллиондаған соғыс құрбандағының рухтарының өшпейтіндігінің дәлеліндей комплекстің төрінде мәңгілік алауы лаулап тұр. «мен өлмекке тағдыр жоқ әуел бастан, менікі өлсе өлсін оған бекі». Ұлы ақын дәл осылардай ұлы

рухтарды жыр еткен болар. Өмірбақи өлмейтін де, өшпейтін мәңгілік тұлға ретінде осынау ұлы жандардың рухына қаяу түсірмей өлпештеп ету тірілердің міндеті екені рас. Мәңгілік алаудың басына ал қызыл гүл шоғы қойылыпты. Самалмен шалқыған қызыл жалынга жанарын қадаған кейуана тұлымшагы желбіреген жас қыз балаңың қолынан ұстаган күйі бір орнында ташжылмай тұр. Жас құралпы қырықтың үстіндегі жігіт ағасы артқа қайырған қайратты қара шашын анда-санда бір сипап қойып, кейуананың артында тұр. Ауық-ауық көшениң арғы бетінде қалған мерседеске қарағыштап қояды. Шыдамады білем, анасының иығына оң қолын салып, кешірім сұрап, жіті басып шығар ауызға қарай бет алды. Жасы жетпістің үстіндегі карт кісі оған бәлендей көңіл аудара қойған жоқ. Өзімен-өзі болып, қалың ойға беріліп тұра берді. Бір кезде алаудан жанарын оқыс кетеріп, Алатаудың шынынан асыра зенгір көк аспанға кез тікті. Сол-ақ екен, ерні жыбырлап, сырт көз байқамайтын емеурінмен өлде кіммен сөйлесіп тұрған кейіп танытты.

«Ратайым, менің, ө мені байқадың ба, сұңқарым. Бұл мен ғой, Сөулецмін ғой, өзіндің. Өзінді мәңгі күтіп жүрген,

ұлы бейненді бір сөт те есінен шыгармаған, қашан табысқанша шыбын жаңы тыным таппайтын асыл жарың Сөулешінмін гой, жарығым-ау. Ө, таныдың, танығаныңды көз қарасынан көріп түрмyn. Сенің аялы жанарың жылы жүзінді, ыстық ықыласынды, сарғайған сағынышынды, бәрін-бәрін жеткізіп түр маған. О, езу тартқанынан айналдым, саңдағым менің. Сенің тұрган орның неткен биік жаным-ау. Біз сияқты жер басып жүрген жұмыр басты пенде үшін сен анау, қатарында тұрган күн сияқты болып көрінесің. Сен қалай ойлайсың Ратайым, Ұлы болу үшін соңшалықты биіктен кету керек пе?! Өзінді өскерге шығарып салған сонау қырқыншы жылддың күзінен бері қарай алпыс жыл ауысыпты гой мына өмірде. Бірақ, мен өзгерген жоқпын. Өзің жатып кеткен ақ төсек, сол ақ күйінше әлі. Өзің отырып кеткен орындығында да ешкімнің құйрығы тиіп көрген емес. Дастарханның төрінде сенің кесең әлі сол күйінде сақтаулы. Оны да менің көзімнің тірісінде еш пенде үстамайды. Жарығым-ау, сен де мені ұмытқан жоқ шыгарсың. Өрине, сен ұмытпайсың. Өйткені сен бір сөзді жігітсің. Өзіңмен бірге жүрген он екі жылдың ішінде екі сөйлеген, уәдеде

тұрмаган кезінді мен көрмеппін гой. Сенің тұрақтылығыңа менің шубәм жоқ. Мені күте бер, ардақтым, мына жарық дүнінда қашанғы жүрер дейсің. Бірақ, сен шыққан биікке мен көтеріле алар ма екенмін?! Өзің сілтеп кеткен бағытта келе жатырмын гой... Өзірге жаман атым шыққан емес... медицина ғылымының докторымын, дәрігерлік институттың құрметті профессорымын. Шекірттеріме де, қызметтес жолдастарыма да қылдай қиянатым жоқ. Сонда да, саған жету қайда...!

Менің бар арманым, өзіңің ұлы бейненді жоғалтып алмау. Осылай ақылдастып, сырласып тұрсам менің тәбем көкке жетеді, жаным! Мыналарға көзің түсіп түр ма? Е, олар сенің өміріңнің жалгасы. Сені әкем деп белетін асылдарың міне осылар. Жоқ, мен екінші рет түрмис құрған емеспін. Өлі сол өзіңің адад жарыңмын. Мен түнде төсегіме жатқанда тау жақтағы тереземнің пердесін ашып қоямын, Өйткені сен мәңгі көз ілмейсің гой, қалаган кезінде көріп тұруыңа ыңғайлы. Өзіңмен сырласып жатып көз шырымын аламын. Мен өзінді елуінші жылға дейін келедімен жүрдім гой, асылым-ау. Өзіңің өскерге кеткеніңе он жыл толғанда туып-әскең жеріміз

Өулиеатага барып сәбілер үйінен алты айлық нөрестені асырап алғанмын. Мен бала өсіріп көріппін бе, кітаптарды ақтарып, білгендерден сұрап жүріп өсірдім гой, әйтеуір Рәтбекінді.

Рәтбекің туган жерінің топырағынан ба, жақсы бала болып өсті. Мектепті үздік бітіріп, институтты да жақсы оқып, біраз жыл өзіміздің институтта сабак беріп кандидаттықты қорғады. Ал, тоқсан бесінші жылы қырық бес жасында медицинағылымының докторы атанды. Сонымен, бір шаңырақта екі доктор, бір ұстаз (келін мектеп мұғалімі). Бір аспирант, немерең Жалғас туркияда түрік әлемінің тілдерін менгеру үстінде. Бір мектеп оқушысы бар. Арманайымыз бесінші класта оқиды. Арманы өнші болу. Көзір екеуіміз қосылып күніге бір рет өзінің сүйіп айтатын «Гауһар тасынды» шырқап жүрміз.

Не дейсің?... «Гауһартасты айт дейсің бе? сен айт десең не тұрыс бар. Тыңдай гой, арманым менің.

Ажарың ашық екен атқан таңдай,
Нұрлы екен екі көзің
жаққан шамдай.

Анаңдан сені туган, айналайын,
кулім көз оймақ ауыз жазық маңдай.

Беу,беу Гауһар тас.

Құсыни құрдас раушан.

Жүзінді көргенде, сәулем- ау
Сабарым қалмас -ай.

О, мәз болғаныңнан айналым сенің.
Сол баяғы түрің, түк өзгермепсің гой,
Ратайым-ау. Сенің нұрлы жүзінді көру,
мәңгілік ұмытпайтыныңды сезіну мен
үшін теңдессіз бақыт екенін сен өрине
біліп тұрсың, сүйенішім! Ратай сенің б-
жыл бойы күн аралатып жазған арман
хаттарының бәрі түгелдей менің
жадымда. Бір сөзін, ең аяғы қойған
нүкте, қайырмана дейін ұмытпай сақтап
келемін. Қаласаң оқып берейін бе? Ал,
онда тыңдай гой, жарығым...

«Сөулешім, нұрлы -күнім», деп
бастағансың бірінші хатынды. Өзіңмен,
ниеттес құрбылармен хош айтысып отан
алдындағы презенттік борышымды
өтеуге аттанғаным да екі күн болыпты.
Осы алғашқы сағынышты хатымды
екеуіміздің киелі Өулиеатамыздың
теміржол бекетінің бір түпкірінде
ұзағырақ аялдаған сәтті пайдаланып,
жазып отырмын. Туған жер, баяғы аты
жаман ашаршылықта пана болып
бауырына басқан қала, қаншалықты
ыстық екенін өзің менен де жақсы білесің
гой... Қала қалың үйқыда. Түннің

ортасынан ауып кеткеніне қарамастан үйқым шайдай ашылып, туган қаланың түкпір-түкпірін ойша кезіп жатырмын. Міне, қасиетті Атшабар, көне тарихтың көзі. Бұл күнде осы атыраптың тіршілік көзінің бірі базар орналасқан бұл кійелі мекенге. Осы хан базардан әудем жерде біздің балалар үйі тұр. Бұл үй алғаш рет екеумізді табыстырган, бір-бірімізге деген ықыласымызды оятқан, бізге пана болған мекен. Ол кезде сен небәрі алты жастагы момақан ғана әлжуаз қыз едің. Ал, біз Бейдібек екеуміз сегіз жастан асқан сенен гөрі пысықтау ағайынды балалар едік.

Ол кезде балалар үйінде бұзакылық жетіп жататын. Саған жасалған бір қияннатты көріп, шыдап тұралмай ара түсіп, бір «Джорж» деген кесапатпен төбелескенім, бүгінге дейін есімде. Шын аты Жорабек, балалар үйіне бізден бұрын келген, жасы да үлкен сотқар бала еді рой. Мен асылы батырлар шыққан түқымнан болғандықтан ба, еш тайсалмастан-ақ өзімнен үлкен қарсыласыммен төбелестім де кеттім. Екеуміз де түйгіштесіп жатырмыз, арпалысып жүрміз. Ұмар-жұмар құласып, ұстаса қайта тұрамыз. Қойши әйтеуір, қанша алысқанымызды қайдам, бір кезде өкпесі өшті ме, өлде менің соққым талма

жерінен тиді ме, әйтеуір «Джорж» серейіп шалқасынан құлап тусті.

Мен кеудесіне қона түсіп, кеңсіріктен қонжитпақ болып, қолымды көтере бергенімде. «уа, батыр, жатқанды ұрмас болар» деді, астында жатқан Жорабек. Мен ұрмадым, басынан аттап тұрып кеттім. Міне содан бастап сен мені өзіңе тарта бердің. Достығымыз жарасып, күннен-күнге, жылдан-жылға бір-бірімізді жақын тұттық. Ең ақыры өрісіміз қауышып, қос жүректің бір арнада түйісетін құштарлық лұпілін сезіндік.

Қаншама қындақ көріп өссекте, екеуміз қатар жургенде ұнжыргамыз түспеді. Уайым-қайғыға берілмедік.

Сөйтіп жүріп орта мекттепті ойдағыдай бітіріп,

Қол ұстасып барып аңсаган институтқа түстік.

Қалтамызда бір тын жоқ бола тұра, отанымыздың арқасында қамқорлықсыз қалғанымыз жоқ. Арманымызды аялап, алға қарай ұмтыла бердік. Екеуіміадің жусауымыз белек болғанымен қолымыз қалт етсе біріге кететініміз оп-оңай болатын. Әсіресе, сен мені қайдан да болса тез тауып алатынсың. Өйткені сен менің баратын жерлерімді, сол араға қай уақытта баратынымды ап-анық білуші

едің. Мен көбіне кітапханада, спорт кешенінде, әскери кафедрада, кейде медициналық лабораторияда өз бетімше жаттығулар жасайтынын. Ал сен соның бәріне қуанып, қошуақ алып жүрдің. Осылайша біздің институт қабыргасындағы бір жарым жылымыз да ете шықты. Екінші курсің студентіміз деп шалқыш жүргенде маған әскери комиссариаттың шақырту қағазы келді. Біз үрпісіп қалдық. Бұл неғылған шақырыс. Біздің түсінігімізде әскери кафедрасы бар оқу орындарынан мерзімдік әскери қызметке студенттерді мазаламауы керек. Сенің қауыптенуіңе қарамастан, мен дәл осындай мығым ойда болдым.

Салып ұрып, деміме наң пісіп барып, бізді шақырған әскери комиссариаттың бастығы, мосқал тартқан капитанның алдынан бірақ шықтым. «Бұл қандай түсінбеушілік, мен дөрігерлік институтта оқимын. Әскери кафедрада дәріс алып жүрмін. Мені неге мазаладыңыздар», деймін гой, бағы.

Капитан сөл езу тартқандай болды. «Албыртсындар гой жолдас Сұлтанбеков, егер отан қажет етсе жап-жас сендер түрмақ, мына әкендей бізді де алып кетеді. Дәл көзір отанға жалындаң тұрған жас офицерлер керек. Сондақтан, біле

тұра, әскери кафедрада дәріс алып жүрген үздік студенттерді әскерге шақыру туралы жедел хат алып отырмыз. Сіздерден жоғарғы жақ үлкен үміт күтуде. Таңдау сізге түсken екен, Оған қайта мақтанбайсыз ба? Отанға қалтқысыз адал қызмет ету біздің бәріміздің де абройлы борышымыз». Капитан маған оң қолын созып, қоштасу рәсімін жасады.

Мен тұра саған тарттым. Менің сенен басқа кімім бар? Екеуміз бір-бірімізге сүйеу болып, асыл арманның асқар шыңына бірлесе үмтүлыш, жұбы жазылmas егіз қозыдай бір жүріп-бір тұрып енді жетілеміз деп келе жатқанда оқыс айырылысу қаупы төніп тұр. Мәңгілік тіл табысқан, сүйіскең қос жүрек осындай соққыға төтеп бере алар ма?!

Мына тағдыр қалай-қалай сілтеп бара жатыр өзі. Менің қолымнан түк келмейтін болғаны ма? Сені қалай жұбатар екемін енді, Сәулешім? Адам баласы өз бақыты үшін күресе алмайтын болса, хаюаннан артықшылығы көне сонда. «Тағдыр етсе алла, не көрмейді пәндә ». Ұлы ақын да дәрменсіздігіне күйінген-ау шамасы. Бұл тағдырга біздің Сәуле екеуіміздің не жазғанымыз бар. Бесіктен беліміз шықпай жатып не

көрмедік біз. Бізге неге өшікті еken бұл тағдыр шіркін?! «Ақыл алтау, ой жетеу» деген осы еken-ay. Мен тұрақтайтын бір ақыл, мені жетелейтін бір ойдың арнасына түсे алмай келемін. Менің жанымда жүргенде төрт құбыласын тең санайтын, мені бір сүйеніш- бел көретін бейкүнә, панаңыз қызды енді қайда қалдырып кетпекпін. Осындай шым - шытырық ой үстінде сол күнгі лекцияның соңғы жұбында отырған өзіңе жеттім. Аудиторияның есігі алдында сүмірейіп тұрған мені көріп шошып кеткен сен, мұның қалай «Ратай-ай, мына түрің не, не болып барады бұл дүние. Комиссарың не деді кәне» деп дегбірсіздене түстің. Мен айтқан хабар саған жайсыз тиді. Бота көздерің жыптылықтар, үнемі жылдылық қалпын сақтап тұратын бет өлпетің оңып бара жатты. Сен екі бетінді басқан күйі сыртқа қарай атырылдың. Иықтарың қушия түсіп, басың төмен салбырап кеткен. Өксіп егіліп келесің. Артыңнан бір елі қалмай мен келемін өңмендеп. Саған қой деп те, қой ма деп те айта алмаймын. Осының бәріне өзімді кінәлі сезінетін сияқтымын. Жақсы оқымай ақ, әскери қызметтің үздігі атанбай ақ, жоғарғы разрядтты спортшы болмай ақ, неге тып - тыныш ел қатарлы

жүрмедім. Сонда біз екеуімізді кім ажыратар еді. Солай жүргендер аз ба ? Ал, бірақ, отан қорғау да абройлы борышың гой, дейді, бір ой. Шекараны жалынды жас кезімізде біздер күзетпесек, қажетті кезінде отанға қолқанат болмасақ еліміздің сүйсінер ұлы, сенімді офицері атанбасақ біздің кім болғанымыз. Әрине, бұл менің Қайсар намысымның қайралған шағы. Ал аттай тулаған жүрегім, саған деген ыстық сезімім сенің аласұрган жанынды түсінеді. Маған деген ақ пейілің, адап махаббатың сезімімді жалындаш шарпып, өзегімді өлде бір қызыл шоқ өртеп бара жатқандай күй кешемін. Мен қазір екі оттың арасында тұрған бір тал шыбықпын. Сол екі оттың бір мезетте шарпып өткенін қалайтындеймын. Қалаймын, бірақ қай жағына құлайтынымды білмеймін. Екі жағына қақ жарылатын құдірет менің қолымда жок. Қос жалынның қас қағым сәтін күтіп өзім қабылдар шешімді біреуден есіткенді қалайтын сияқтымын. Сондықтан мен екеуінің алдында да дәрменсіздік танытып тұрмын. Менің бар қолымнан келгені, бұлкілдеп бара жатқан иығыңнан сипаймын. Орамалымды алып көзіңнің жасын сұрткен боламын. Кенет, сен тұра қалдың. Жанары жасқа толған

бота көзінді жүзіме тіктең тұрып «болды, сенен айырылатыныма көзім жетті. Әйелің болып қалғым келеді. Бұғін екеуіміз қосыламыз. Сайда саны, құмда ізі жоқ адам құсамай, өскеріңе менің сүйген жарым болып аттанасың. Мен сенің артыңдағы тілеуқорың болып қаламын. Менің қолымнан бұдан басқа түк келмейді екен,» дедің. Тұла бойымды бір қуатты зарядтар шарпып өткендей болды. Жүргім аттай тулап, ыстық қан ми қатпарларын солқылдата ұрып жатты. Мұның қуаныш екенін, әлде бойды кернеген бұла күш екенін қайдам, әйтеуір әдеттен тыс қылық көрсетіп, өзінді қапсыра құшақтай алып, шарасы жасқа толған көзінді, ай нұрлы бетінді, қып-қызыл ернінді бей - берекет сүйе беріппін. Бұрын-соңды көшеде тұрып ашық-шашық сүйіспеген сен сырттан қымсынып тұрган қылық таныттың. Өлердей құныға аймалап жатқан мені қос қолыңмен итере сыйылып шықтыңдағы жатақанаға қарай жүгіріп кеттің. Артыңнан сөлбірейіп мен де жеттім. Бөлмеце кірмей, ұзын коридордың шеткі эйнегіне бет бұрып, бұрынғыша көз жасыңа ерік беріп түр екенсің. Жаңағы батылдықтан айырылып қалған мен ербиіп келіп, жаныңа қатарласа тұрдым.

Сенің тыстан жылап кіргенінді көрген кезекші әлде неден секем алып, жатақхананың коменданттын хабардар етіпті. Кімге де болса талапшыл, бір беткей, бірақ, ете өділетті комендант Жазира апай жетті қапелімде. Болған оқиганың бүге-шігесін анықтап білмей көңлі жай таппайтын комендатқа бар шындықты айттым. Жазира апай сөл ойланып түрдіңдағы сенің оң қолыңнан ұстаган күйі кабинетіне қарай жетелей жөнелді. Іште екеуің, сыртта мен тұрмын. Бар ақылын айтып жатса керек. Аңда-санда сенің ұяңдау, нәзік үнінді баса ол кісінің күнгір-күнгір даусы естіледі. Бір ауық уақыт өткенде екеуің де кабинеттен шықтыңдар. «Паспорттарыңды алып, менімен жүріндер» деді сыртқы есікке беттеген Жазира апай. Сол күні бүкіл неке сарайыңдағы қызметкерлерді аяғынан тік тұргызып, кейде айқайға басып, кейде жалынып жүріп жұмыс аяғына қарай екеуімізді некеге тұргызып тынды. Бұғін Жазира апай сонша көңілді. Кәдімгі тұңғыш келінің көрген анадай кейіп танытуда. Жатақхананың қыздарға тиісті бөлігіндегі үнемі жабық тұратын аядай, екі керует зорға сиятын бөлменің есігі айқара ашылды. Апақ-сапақта екеуіміздің төсек-орнымызды

соңда алдырып, біздің одаша отауымыздың кілтін қолымызға ұласырды. Одан - бұдан құрап дастархан мәзірін жасап жатты. Біздің бөлмелес құбыларымыз да қарап қалмапты. Соңғы тиын-тебендерін ортаға салып, азын аулақ жеміс-жидек, тәтті тағам, бір шөлмек аққайнар алыпты. Жап-жақсы отырыс болды. Ақ тілектер, жылды лебіздер білдірілді. Жазира апайдың үйымдастыруымен қазақ әдебиеті кафедрасының оқытушысы Сагынбек ағай қазақы неке қилю ресімін еткізді. Жатақананың төртібі қатаң. Тұнгі сағат 11ден кейін жүріс, тұрысқа тиым салынған. Коменданттың емеуріні болды ма, қалай жастар тарай бастады. Мен қонақты шығарып салып, бөлмеге имене кірдім. Жазира апай әлі іште екен, саған бірденелерді құбірлей айтып жүр. Бір кісілік екі кереует қатар қойылып, төсек салынып қойыпты. Бетімнен отым шығып, кіре берісте тұрып қалдым. Коменданттың жүзіне қарау қайда, төмен қарап мөлиіп тұрмын. Жазира апай «бақытты болындар» деп екеуіміздің мандаймыздан сүйіп, арқамыздан қағып ашиқ тұрган есіктен асығыс шығып кетті. Біз одаша қалдық. Алғаш рет езіміздің аядай отауымызда ешкімнен қысылып- қымтырылмастан бір

отбасының адамы екенімізді сезінгендейміз. Бірақ, істі неден бастауды білмейтіндей, екеуіміз екі жерде тұрып қалыптыз. Сен жалма-жан стол үстінде жатқан кілтті ала салып бөлменің есігін құлыптадың. Есіктен бері бір екі аттап маган таяндың. Жүзің бал-бұл жанын, іштегі жалын бетіңе шауыпты. Оныз да сүйкімді нұрлы бейнең Алматының апорт алмасындағы қызара берітіп, сел езу тартқан қызыл шие еріндерің бір тал роза гүліндегі шешек ата мені еліттіріп жіберді. Құшағымды жая карсы үмтүлдым. Еліктің лағындағы ерке қылықпен секіріп келіп мойныма орала түстің. Сонау бала кезден бір-біріне құштар екі құшақ риясыз айқасып тынды. Қос ғашық жүрек кеудені жарып кетердей бұла қүшпен шырышық ата тулас, көкірек тұсын соққылап ұрып жатыр. Осы уақытқа дейін өз беттерімен жүрген қос дене бір тұлғага айналыпты. Ерін мен ерін жымдасып, тілге-тіл ұштасып, ең аяғы сілекейге дейін араласып кеткен. Сенің жанаң таудың ұшар шыңындағы қос анарың төс сүйегімнің жігін тауып ішкі дүнияма сұғына бас тірепті. Аймаласып жатырмыз, айқаласып жатырмыз. Шөпілдеген еріндер бір толастар емес.

Екеуіміздің қос қолдарымыз өз міндеттерін атқарып, бізден сұрамай-ақ үстіміздегі лыпаларды бір- бірлеп шешіп тастай беріпті. Ақыры екеуіміз де анадан туғандай қалыпқа келіп, айқасқан күйі ұмар-жұмар салулы төсекке құлай кеттік. Қалай екенін кім біліпті сені астыма баса құлаппын. Шалқалай жатқан сен қолыңды мойнынан босатып жон арқамнан құшақтап алышың. Мениң тойымсыз еріндерім ақ тамағыңды бойлай адақтай сүйіп, енді аршын төсіне кіріспіті. Нака бір су көрмей қatalап өліп бара жатқан жан иесіндей бір көусөр бұлаққа құныға бас қойған түрі бар. Қос анарды өліп-өше аймалап, қос қолыммен ұстай жармасып алышын. Сен де ернің тиген жерді оттай күйдіріп емірене сүйіп жатырсың. Мениң жалаңаш денемді құшақтаған қос қолың бір тыным таппай тұла бойымды енті қимылмен сылап-сипап бүкіл ағзамның дегірін қоздырып-ақ, жатты . Мен естен де , ақылдан да айырылғанмын. Табиғи түсініктің кереметтігі сол, біз білмейтін қылықтар бірін-бірі итермелеп, біріне бірі жол беріп, өздерінің ретті жұмысын тауып жатты. Екеуімізде құшағымыз жазылмаған күйі рахат бір сезімге бөленіп, бір сөтке тып-тыныш саябыр

таптық. Екеуіміз қатар жатырмыз. Тән ләззатын татқан жанымыз әліде бақыт шыңының басынан түсе қоймаған. Мына алдамшы дүнияның күйкі тіршілік қамынан ада, тап-таза махабbat сезіміне беріліп, айқасқан құшақ жазылмай, іңкөр жүрек бір-біріне жан сезімін шынайы сүйісумен білдіріп бағуда.

Махаббатымызды маздатып жаңағана үйренген үрдісті қайталап жаттық. Жұмыр басты пенде бірі еркек, бірі әйел жынысты болып жаратылғанымен бір-бірін шын сүйіп, қалтқысыз түсінісіп, адал ниетпен қосылғаннан кейін ғана адам бойындағы егіз сезімдер бір арнада тоғысып, қалған өмірінде бір тұтас денеге айнала ма, деп ойлаймын.

Мен ақ төсекте өзінді аймалай құшақтап, армансыз сырласып жатып өзіміздің келешегімізді дәл осылай сезіндім. Мениң жартым сен, сенің жартың мен екенін білдім. Біз соңғы рет ләззат шуагына бөленіп, тән құмарлығын басып аймаласып жатқанымызда аяқпен аяқ, құшақпен құшақ айқасып, сенің қос анарың бауырымды балқытып, жүргегімді жылытып, түйсігімді түрткілеп көкірегіме ұмсына түсті. Біз осылайша құшағы ажырамайтын бір денеге айналдық. Санасы сарқылмайтын бір ойға түйістік.

Бір-біріңсіз тұра алмайтын қос жүректің үндестігін ұғындық. Дәл осында тәтті үмітпен масаттанып жатып таңата көзім ілініп кетіпті. Ояна келсем құшағымда сен жоқсың. Бөлме іші жап-жарық. Құн көтеріліп қалған сыңайлы. Орынынан ұшып тұрып киімдерімді іздей бастадым. Кроваттың артқы жақтауына мұқият қаттала жинастырып қойыпсың. Ішім жылып кетті.

Апыл – ғұпыл киіне бастадым. Осы кезде сұлгі мен сабын салғышынды ұстаған күйде есіктен кіріп келе жаттың. Басындағы ақ шыт орамалды маңдайыңа төгілдіре тартып алыпсың. Бұл кәдімгі келіншек болып, әйел жоралғысына түсудің белгісі. Бұл да сол Жәзира апайдың тәлімі болса керек.

- Негып ерте тұрдың жата тұрмай, деп келіп иығыма асыла жаныма жайғастың. Құмарымды қандыра сүйіп жатырмын. Өзінді еркелетіп те, еркеледе тіл қаттым.

- Менің Сөулем аспанды нұрландырып, белмені шуақтандырып тұрғанда шаниып жата бермекпін бе, мен де сол Сөулемді саялап, аялап жанында отырмаймын ба, деймін, жадырай құліп.

- Отырғаның қандай жақсы болар еді, Рәтім менің, өмір бойы сүйеніп келген

таянышым. Енді міне ажырайтын құніміз де шығып келеді. Мен енді қайтер екенмін, дедің көзің боталап.

Сені ренжітіп алғаныма қатты қиналдым. Не айтсам жұбанасың, не ғылсам қуанасың. Ештеңенің есебін таба алмай дал болып мен отырмын. Бар болғаны құшақтаймын, сүйемін, аймалап еркелеймін.

Сол құннің кешіне қарай өскери пойыздың жабық вагонына келіп міндім.

Шығарып салған сен де, кетіп бара жатқан мен де құр сұлдерін сүйреткен тірі жан кейпінде едік.

Өсірсесе, сенің көл болған көз жасың менің ұнжұргамды баса түсті. «Не істеп баратырмын, деймін өзімді-өзім жегідей мұжып, кеше ғана ілгері үмітті, қарқаралы қыз еді, енді бүгін ақжаулықты әйел болып қалып бара жатыр. Ертеңгі күні не болар еken. Жұрттың табасына қалып азып-тозып кетпесе не қылсын. Мен саналы азамат емес не едім, Ақылмен ойдан ажырап, қу нәпсінің жетегіне еріп Сөулешімді қор қылып бара жатқан жоқпын ба? Мен шынында да қатыгез екенмін гой!».

Тамбурдағы тола жігіттермен таласып-тармасып есіктің жақтауынан ұстап алып өзменімді салып сен жаққа

ентелеп тұрмын. Саған көрсетіп тұрган бар жақсылығым оң қолымды тынымсыз бұлғай беру. Пойыз орнынан қозгалып кетті. Сен вагондармен жарыса жүгіріп ебіл-дебіл жылап келесің. Менің бауырым езіліп, өкпем өрекпіп, жүрегім удай ашып, ішімді бір нәрсе оттай жалап, жартыкеш қалыпта, жарымес күй кешіп саған қарай өршелене қол созамын.

Пойыз бірте-бірте жылдамдық қосып қаладан сытылып шыға берді. Көз үшінда, қарашығыма ілініп жалғыз ноқат болып сен қалдың. Сенің сол бір шарасыз бейнең күні бүгінге дейін көз алдынан кетер емес. Тұрсам да, жатсам да есімнен бір шықпайсың. Менің арманым да, асылым да, умітім де, тұрағым да сен екенсің ғой, Сөулешім – ау. Алақандай суретінді жүрегімнің тұсына салып қойдым. Өрекпіген кезде ол да болса бір басу. Сол асыл бейнеңнің өзіңмен қайта қауышқанша сол орнынан табжылмайтындығын саған нық сеніммен жеткізгім келеді.

Сөулешім, сен осал, боркемік қыз емессің. Бұрынғы қатыгез қыншылықтарға, төтеп берген сен, бұл азғана уақытша айырылысуды қайтсенде жеңесің. Біздің адап махаббатымыз, өппәк жүрегіміз, ақжарқын арманымыз саған

сүйеу болады. Бір-бірімізге деген сеніміміз еш уақытта бұлыңғыр тартпақ емес. Мына аз күнгі айрылысуымыз, бүкіл алдағы өмірімізге сабак. Біздің адап жар, жан жолдас ретіндегі тендессіз достығымыз-мәңгілік.

Қатыгез тағдыр қаншама бөлектесе де, қашықтатса да ақ тілегіміз бен адап жүрегіміз өр уақытта бірге. Бұл дүнияда екеуімізді ажырататын күш жоқ. Біз қайтсек те қосыламыз, Сөулешім! Кешелі бері мені бір тәтті қиял жетелеп алды. Соның айтқанына сеніп, айдаудың кетіп барамын. Қиялым айтады. Некелесу кезінде сенің Сөулешің екіқабат болып қалса; келесі жазда бір сәби дүниеге келсе; ол ұл бала болып, атын Рәтбек қойса; саған үзбей қат жазып тұрса қандай рақат, дейді. Мен соған сеніп қаламын. Қуанышым қойныма сыймайды. Дәл солай болатынына иманым кәміл сияқты.

Сен қалай ойлайсың Сөулешім, дәл осындағы қызын сөтте бізге бір қызыл шақаны бере салса, құдайдың бізге оң қарағаны емес пе?

Жас бол, кәрі бол өмірге сәби әкелу пендеге парыз. Жасампаз тіршіліктің ту ұстары үрпак. Үрпак сабактастығы ғұмыр

жалғастығы. Ұрпағы жалғасқан өмір үзілмек емес.

Бұл менің қиялым гой, Сөулешім. Ал, өзірге сау бол. Көріскенше күн жақсы. Өзіңе шын берілген адал жарың, Ратай....»

Жаным-ау.... Құнім -ау ... Сен толқып тұрсың гой, Ратай - ау. Сенің көңілінді жабырқатып алдым ба? Ө, сағынған екенсің гой. Мені зарыға күтіп жүргенінді білмейді дейсің бе? Күт, күте бер, жарығым! Менің мына фәни жалғанда әліде өтемеген парыздарым бар. Соның бірі мына Арманайымды жеткізсsem деймін. Сен мені асықтырма, сүйенішім. Сен баяғыда өскерге аттанарда уайымдал қеткен қаршадай әйеліннің тағдыры шүкір, жаман болған жоқ. Ратай - ау, өзіңің жүзіне тура қарап тұрғаным тұла-бойыма өзінен сіңіріп алған адалдығым гой. Өзіңе деген пәк сезім мені талай белестен аман-есен алып өткен. От басына, алған жарына риясyz адал болу мағыналы өмірдің жол бастаушысы еken гой. Исте абройлы, бақытты жанұя болып отырсақ, өзің сілтеп қеткен жолдан таймай, қайсарлығың мен қажырлылығыңнан алған өнеге. Енді міне, мына жетіліп, өсіп келе жатқан

өзіңнің үрпактарыңда да сол қасиетті сіңірсем деген ой мені алға жетелейді.

Айтпақшы, Ратай - ау, мен сенің өзіңмен тете ағаңың баласы Кенеханмен табыстым гой. Өзіңе тартқан өжет інің шарқ ұрып жүріп бізді тапты гой ақыры. Айналып кетейін сондай бір жарамды жігіт болып өсіпті. Семьялы, жоғарғы білімді, казіргі заманға лайықты кәсіпкер. Маған деген ықласы ерекше. Асты- үстіме түсіп, апалап, жаны қалмайды, шырағымның. Біздің өз қаржымыз өзімізге жетіп жатқанына қармaston апта сайын тоңазытқаштың ішін қаймақ-май, қазы - қартага сықап кетеді. Ратай - ау, жүзің жадырап сала берді гой, туыстың орны бір бөлек қой, Әрине. Менің қуанышым да сенікінен бір де кем емес. Миллионнан аса халқы бар қалада жан ашырың болғанға не жетсін, жаным -ау. Ратбегің де туыстарымен қауышып арқа - жарқа болып жүр.

Біз көзір бақыттымыз, Ратай. Әрине, біздің бүгінгі кешіп отырган ракат өміріміз өзіңнің желеп-жебеуіннің арқасында екенін бәріміз де білеміз. Қасық қанынды төгіп, жас өмірінді қызып орнатып қеткен бейбіт өмірдің қаймағы бұзылмай сол қалпында тұр. Қайта, Республикаң егемендік алып, жұмыр

жердің бір пүшпагында Қазақстан деген
Дербес мемлекет қалыптасты.

Бұған өзінің, және қарулас
жолдастарыңың, бүкіл опат болған
жауынгерлердің қатысы бар, әрине.

Үміті ақталған деген қандай жақсы,
Ратай. Сен шалқып, биқтеп тұрсың гой,
жаным-ау. Өмісे еліңе-жұртыңа деген
ықласың биқтей берсін, азаматым.

Ал, Ратай енді біз қайтайық, бізге
рұқсат бер, сұңқарым. Ой, шіркін арман-
ай!

Соңғы дыбыс қаттырақ шығып кетті.
Әжесінің қолынан ұстап бір орнында
тапжылмай ұзак тұрган қыз бала селт
етіп

- Не, апа, деді өзінің атын естіп.

- Жәй өншейін, шыбыным. Мен
атаңмен біраз сырласып тұрып қалыптын
гой, қайтайық, деп жатыр әжесі. Бұрыла
берген кейуананың алдынан Кенехан
шықты. Келе Сөулені құшақтап бетінен
сүйіп жатыр. Қал-жағдайын сұрап,
апасының арқасынан қағып-қағып қояды.
Қолындағы бір шоқ қырмызы
қызғалдағын мәңгі алаудың аясына
қойды. Өзі қалт тұра қалып есіл ерлердің
өшпес рухтарына тағзым етті. Қайра
келіп күтіп тұрган апасының шынтағынан
сүйемелдей ұстап, сыртқа бетtedі.

- Апа, кешіріңіз, мына шаруасы
құрғырдың кездейсоқ бөгесін болғанын
көрдің бе? Үйден ерте – ақ шығып едім.
Қабылдаушы уақытылы келмей екі
сағаттай күтіп қалғаным. Бұдан былай
төртіпті боламын, деп ақталып келеді
Кенехан.

- Оқасы жоқ, ештеңеден қалған
жоқсың айналайын. Ана туысқанында
менің қасымда ұзак тұруға шыдамы
жетпей машинасын шұқылап жүр, әне.
Сендер менің ішкі дүнияды көп түсіне
бермейсіңдер гой. Қайта мен Ратайыммен
онаша тұрып сырласқанды жақсы
көремін.

- Неге түсінбейік апа, сіз үшін Ратай
көкемнің орны ерекше гой. Біз бір тәбе,
шалыңыз бір тәбе. Ал бізге екеуінізде
қадірлісіз, апа дейді Кенехан, кейуанаға
басын иіп.

- Рахмет балам, көңілінді құдай
көтерсін. Ратай мен үшін Ақ Сұңқар гой.
Өруағыңынан айналып кетейін қыраным
әрдайым мені желеп-жебеп жүреді. Мен
ылғи дәл солай сезінемін, шыбыным.

- Оған сөз бар ма, апа. Біздің
аталарымыз шетінен киелі кіслер болған
дейтін. Ал, көкем сол кіслерден бір
мысқал да кем болмауы тиіс. Сіздің
айтқаныңыздың жөні бар. Кенехан үлкен

кісінің сөзін қошуақ алып, пікірін растап жатыр.

- Он алтыншы сөуір мен үшін қандай күн екенін өздерінде білесің, жаным. Бұл күн менің мәндайымның тасқа соғылған күні. Көзімнен қанды жас ағызып, жұдырықтай жүрегіме жазылmas жара салған күн. Арманы асқақ, ақылы кемел, талабы таудай азаматымның қыршынынан қылған күні. Содан бері өткен 55 жылда осы күнді елеусіз қалдырган емеспін. Алғашқы жылдары жападан-жалғыз тау кезіп жылап-еңіреп жүретінмін. Есейе келе дастархан жайып, отбасы болып еске алып, құран оқытатын болдым. Бұл күні бізде көңіл көтеру, қыдыру деген болмайды.

Бүгін де таудағы саяжайға барып, арнайы ас-су дайындал, бүкіл үйшімізben әруағынан айналайын Ратайымды еске түсіріп қайтамыз. Кенехан, сен де бізben бірге жүр. Көкене арнайы жайылған дастархан басында құран оқы.

- Мақұл, апа. Менің ойымнан дәп түстіңіз. Көкем екеуіңіздің сыбагыңыз деп жамбас- жая, қос қазы және бір қой сойып ала келіп едім. Ниетіміздің бір жерден шыққаны мұндай жақсы болар ма?

- Кенехан-ау, осы сен біздің үйге артынып-тартынып келуді өдетке айналдырып бара жатқан жоқпышың? Ратбек бар, келін бар, үшеуіміздің табысымыз құдайға шүкір, жетіп жатыр гой. Ал, бүгінгінді енді сыбага деп қабылдай-ақ қояйық, келешекте өз жағдайынды да ойла, шырагым.

- Апа-ау, «өле жегенше бөле же» деген, туысқан болған соң арамызда дорбаның жүргені дұрыс емеспе? Қолымнан келсе өзіңізге бөсіре машина мінгізіп, шипажайға жылма-жыл дем алдырып тұрсаң деген ойым да бар. Көкемнің жоқ екенін білдірмесем деймін. Келініңіз жас нөрестемен машинада отыр. Бұл екеуміздің ортақ ойымыз. Кенехан апасына бас ие ілтиpat білдіріп жатыр.

- Көсегелерің көгерсін, шырактарым. Құдай істерінді оңғарып, ұлы әруақтар желеп-жебеп жүрсін!

Ой, шіркін арман-ай, деп қойды өдетінше, аруана.

Алатаудың аргы-бергі бетіндегі ең әсем қала Алматы сөуір айының нұрлы табиғатымен түрленіп, ажарын аша түскен. Жасыл желегі жайқалып, гүлзарлары шешек атып, тәһаппарғимараттары ұлы тауга бой теңестіре, шаттығын жария етіп тұр.

Саябақтан шыққан қос мерседес, ұлы ақын Абай даңғылына түсіп, тауга қарай бет алышты. Кең де, түзу көшемен зымырап келе жатқан машина қалықтай үшқан қос қарлығашты көзге елестеткендей.

Алда асқар тау. Одан жоғарырақ адам көзіне әудем жерғана болып көрінетін, ал шындығында үшқыр қиялдың өзі миллиондаған жылдар сапар шегетін көк зенгір аспан. Осынау құдіретті кеңістіктің аясында, ұлы таудың бауырайында, жаңға жайлы саялы мекенде мына бір арманшыл топ өздері киелі әруақ тұтатын қадірлі кісісінің руқына бас имекші. Қабыл болсын айтайық, оқырман!

Ратайдың монологі

Мен жокының аранда адамдар,
Танындар, сезіммен қарандар!
Біз кеше шайқастық жауызben,
Қалыпты болсын деп замандар.

Рухым аранда адамзат
Адамсыз кеңістік маган жат!
Қорғадық біз кеше өмірді¹
Болсын деп жарандар жарқын, шат.
Жиырмада боялдым қанға мен,
Жан қидым дак салмай арга мен.
Үриактар өссін деп, бақытты,
Аталар ерлігін жалғап ем!
Мен сенің жүрмінбе есінде,
Жүрмін бе, өмірдің көшінде?
Мен сені сактагам құлдықтан,
Жадыннан сен дагы өшірме!
Әруақ қып мәңгі алау жақсада,
Сен мені қатарда деп сана!
Отаным, мен жиырма төрттемін,
Баласын мәпелер жақсы ана!
Мен қалдым майорлық шенімде,
Маузерім музейдің төрінде.
Мәңгілік алауга айналсам,
Бағамды түсірмес елімде.
Мен кіммін, сен үшін тірілер?
Бағам да пейлінен білінер.
Соғыста құрбан бол кеткеннің,
Аттары кошене ілінер!
Боздактар, жан киған ел үшін,
Женістің жалғаган өрісін.
Рухым сенеді, - туған ел,
Еске алып жүрер деп, - арысын!

МАЗМҰНЫ

1. Әкеден қалған еснет8
2. Багы тайған бай ауыл73
3. Ә.Сөрсенбектің естелігі110
4. Арман-ай (эпилог)167

Битама Мырзамбетұлы

Арманай
Повесть

Редакторы : Е.Әлімжан

“Рысбаева и Ко” ЖШС баспасы

Баспаға тапсырылған күні: 25.05.2002ж.

Заказ № 3565

Тиражы: 500

Адресі: Тараз қаласы, Қазыбек би көшесі, 109